

РЕДАКЦИЈАЛЫҚ АЛҚАСЫ

РЕДАКЦИЈА АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ  
Әділбек ҚАБА

БАС РЕДАКТОР  
Ерден ҚАЖЫБЕК

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ  
Бижомарт ҚАПАЛБЕК

РЕДАКЦИЈА АЛҚАСЫ  
Смағұл ЕЛУБАЙ

Ауыт МҰҚИБЕК

Ғабит АБЗАЛБЕК

Қанағат ОРАЗОВА

Серік ЕРҒАЛИ

Бабақұмар ХИНАЯТ *(Венгрия)*

Асай РӨМІШ *(Моңғолия)*

Сәуле СОВХОЗҚЫЗЫ *(Ресей, Орынбор)*

Кадыйша АБДЫБЕКОВА *(Қырғызстан)*

Роза БАҚБЕРГЕНОВА *(Түркия)*

Клара САДЫРБАЕВА *(Өзбекстан)*

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ  
Асан АМАНГЕЛЬДИЕВ

---

МЕНШІК ИЕСІ:  
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің  
Тіл саясаты комитеті

Альманах Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің  
Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп,  
2007 жылғы 23 шілдеде № 8514-А кәуәлігі берілген.

## МАЗМҰНЫ

### ҰЛТ ҰСТАЗЫ

- Ө.Әбдиманұлы. Ұлттың рухани көсемі.....4  
О.Жұбай. Ахмет Байтұрсынұлының еңбектеріндегі лингвоэкология мәселесі.....13

### ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТЫНЫСЫ

- Ауғанстан, Пәкістан, Сауд Арабиясы мен Иран қазақтарының қазіргі жағдайы және оларды қолдау мәселесі туралы халықаралық мәслихаты өтті.....20  
Tört eldegi qazaqtar мәselesin kötergen мәslihat.....24

- ءتورت ەلدەگى قازاقتار ماسەلەسن كوتەرگەن ءماسليحات .....27

- Қазақстандағы жоғары оқу орындарымен колледждерге мемлекеттік білім гранттары мен әкімшілік гранттары есебінен шетелдегі қазақ жастары білім ала алады.....30

- Qazaqstandağy joğary oqu oryndarymen kolejderge memlekettik bilim granttary men äkimşilik granttary esebinen şeteldegi qazaq jastary bilim ala alady.....31

- قازاقستانداغى جوعارى وقۇ ورنندارمەن كوللەدجدەرگە  
مەملەكەتتىك ءبىلىم گرانتتارى مەن اكىمشلىك گرانتتارى دەسەبنەن  
شەتەلدەگى قازاق جاستارى ءبىلىم الا الادى .....32

- С.Совхозовна. Сұхбат.....33  
S.Savhozqyzy. Sūhbat.....40

### ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ

- С.Асанбаева. Қазақстандағы саяси жарнаманың қалыптасуы мен тілдік сипаты.....43  
А.Әбдірахман. Қазақы ұлттық кодтарды (салт-дәстүр, мәдениет) сақтап қалған лингвомәдени бірліктер (тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер, афоризмдер).....49

### ТҮБІ БІР ТҮРКІ

- Б.Бияров. Көне түркі ескерткіштерінде кездесетін жалқы есімдердің басқа түрлері..62  
Қазақтың ұлттық ойындары.....68  
قازاقتىڭ ۇلتتىق ويىندارى .....71  
Сөзжұмбақ.....74

### ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

- А.Нұрышқызы. Өлеңдері.....75  
А.Қадылбекұлы. «ҚАРА АТ» әңгімесі.....79  
Ә.Ахметұлы. Ғасырдан соң қауышқан ұрпақтар.....85  
Алтайдың күнгейі мен теріскейі.....86

### ЛАТЫН ТАҢБАСЫНДАҒЫ ӘЛІПБИ

- Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев. Біз тіліміздің мәртебесін арттыратын графиканы ғана қабылдаймыз.....93  
Ерден Қажыбек. Бір-екі айда-ақ латын әліпбиіне көшуге әбден болады.....96

## АЛҒЫ СӨЗ

Қадірлі оқырман! Сіздерге «Туған тіл» альманахының бірінші санын ұсынып отырмыз. Онда мынадай айдарлар қамтылған: «Ұлт ұстазы», «Шетел қазақтарының тынысы», «Қазақ филологиясы», «Түбі бір түркі», «Шетел қазақтарының шығармашылығы» және «Латын таңбасындағы әліпби».

Биыл ұлт ұстазы, ірі ғалым, мемлекет қайраткері, ақын, аудармашы және қазақ әліпбиі мен әліппесінің авторы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы ЮНЕСКО аясында аталып өтіп жатыр. Біз келесі нөмірлерде де Ахметтануға қатысты материалдарды беріп отыратын боламыз. Бұл номерде профессор Өмірхан Әбдиманұлының Ахмет Байтұрсынұлы болмысының бүтіндігін толық танытуға бағытталған «Ұлттың рухани көсемі» атты мақаласымен және Ахмет Байтұрсынұлының еңбектеріндегі лингвоэкология мәселесін көтерген профессор Орынай Жұбаеваның зерттеу мақаласымен таныса аласыздар.

«Шетел қазақтарының тынысы» айдарында Ақтөбе қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде өткізілген «Ана тілі әлемі» халықаралық тіл лагеріне қатысты Орынбор облысындағы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Ресей федерациясындағы өкілдігінің төрайымы Таикешева Сәуле Савхозқызымен сұхбатты ұсынып отырмыз. Сондай-ақ Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының қолдауымен Ауғанстан, Пәкстан, Сауд Арабиясы мен Иран қазақтарының қазіргі жағдайы және оларды қолдау мәселесі туралы өткен халықаралық конференциясы жайлы ақпаратпен таныса аласыздар.

Журналдың «Шетел қазақтарының шығармашылығы» айдарында қазақ ақын ұл-қыздарының әңгімелері мен өлеңдері ұсынылып отыр. Сонымен қатар, қандастарымыз туралы Қазақстандағы және шетелдегі жаңалықтармен де танысып, қазақ ұлттық ойындары туралы мағлұмат ала аласыздар.

Альманах Қазақстан оқырмандарына емес, негізінен шетелдегі қазақ диаспораларына арналғандықтан, бірқатар мақалаларды латын әліпбиімен және төте жазумен беріледі.

Редакция алқасы





## ӨМІРХАН ӘБДИМАНҰЛЫ

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының докторы*

# ҰЛТТЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ

Мақаладағы біздің басты мақсатымыз – Ахметтанудың негізін қалаушы ұлы Мұхаң сонау бір кезде айтқан «ұлттың рухани көсемі» деген тіркестің мәнін ашуға ұмтылыс жасау. Мақсат – Ахмет Байтұрсынұлы болмысының белгілі бір қырына ғана назар аудару немесе жекеленген шығармаларын талдау емес, бүтін болмыстың бүтіндігін толық таныту.

Ахаң атқарған ұшан-теңіз руханият істерінің ең зоры – тұңғыш тілші-ғалым ретіндегі қазақ тіл білімін дамытуға қосқан үлесі. А.Байтұрсынұлы әу, бастағы алған білімі, мамандық бағдары жағынан кәсіби тіл маманы емес болатын. Оны тіл біліміне алып келген жоғарыда айтып өткен оқу-ағарту ісін жолға қою, оқу-білім арқылы қазақ халқын отарлық езгіден құтқару мақса-

ты. Арнайы дайындықтан өтпегендігіне қарамастан, бойында туа біткен дарыны бар тілші-ғалым тума біліктілігінің арқасында туған тілінің табиғатын, оның құрылымдық категорияларын жете меңгерген-ді. Әрине, қазақ грамматикасының сыры мен қырын танудағы оның алғашқы сүйеніші орыс лингвистикалық мектебінің ілім-білімі болғандығын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ ол ә, дегенде-ақ, туыстығы жағынан ерекшеленетін түркі тілдерінің (оның ішінде қазақ тілінің) құрылымындағы орыс тілінен айрықшалайтын басты ерекшеліктерді тап басып тани алды.


Қазақ тілі туралы ой-пікірлердің Ахаңа дейін де айтылғаны, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап олардың жүйелі сипат алғаны да рас, мұны еш-

кім де жоққа шығара алмайды. Бірақ ескере кетер бір жайт, ол еңбектердің барлығы да ана тілімізде емес, зерттеліп отырған тіл табиғатына жат тілдерде жазылғандығы. Сондықтан да олардың бірде-бірінде (Ильминский, Мелоранский, т.б.) туған тіліміздің өзіне тән табиғаты түбегейлі ашылған жоқ. Ең бастысы, оларда қазақ тілінің дыбыстық, грамматикалық құрылымдары байырғы замандардан бері қарай бірден-бірге жалғасып келе жатқан үнді-европалық тіл білімінде орныққан дәстүрлі ұғымға, үлгіге негізделді, лингвисталық терминдері де солардан алынды.

Орыс зерттеушілерінің басым бөлігі өз еңбектерінде үнді-европалық тілдерде бар категория-

ларға қазақ тілінен мысалдар іздеді, таба қалған жағдайда терең байыбына бара қоймастан, ол категория қазақ тілінде де бар, таппаса, жоқ деп, біржақты тұжырым жасады. Бұның бір дәлелін Елдос Омаровтың «Ахмет Байтұрсынұвтың ғылыми қызметі» атты еңбегінен таба аламыз. Ол: «Ахмет Байтұрсынұв өзінің оқу құралдары арқылы тамаша жаңалықтар ашты. Оның жаңалықтары Европа ғалымдары жазған қазақ тілі грамматикаларына қандай түзетулер, толықтырулар енгізілгенін бұл еңбектерді салыстыра қараған адам бірден көреді» [1, 27 б.], – деп, әділін айтқан болатын. Ахметтанудың бастау көзінің біріне саналатын осы зерттеуін-





быстық жүйесін зерттеуден, дыбысқа сәйкес әліппе жасаудан бастады. Ұстаздың өз ойларын ортаға салған алғашқы мақаласы 1912 жылы «Айқап» журналында 4-5 сандарында жарияланды. Осыдан өріс алған ізденістерін Ахаң 1914 жылдан 1928 жылға дейін бірнеше рет қайталанып басылған «Тіл - құрал» атты оқулығында одан әрі дамытты. Соңғы түйін 1927 жылғы «Түзетілген әріп» деген атпен «Жаңа мектептің» 5-санында жарияланған мақалада тұжырымдалды.

Ахмет Байтұрсынұлының салқар санаткерлігіне тән бір сырлы құбылыс – шығармашылық. Бұл құбылыс – негізінен құбылмалы дүниенің дүбірін дәл мезгілінде аңғарып, оны жыр жолдарының мазмұнына жүк еткен поэзиядағы ізденіс жемісі. Ахаң ел азаттығы жолындағы жалаң күрескер ғана емес, сол күрес идеясының әдебиетте көрініс табуының негізін қалап, азаттық сарынның дәстүрлік алтын арқауын жалғаған жалынды ақын, қарымды қаламгер де. Қалай болғанда да, алашшылдардағы азаттық идеяның тұғырнамасын жасаған Ахаң шығармалары екендігі дау туғызбаса керекті. Ел азаттығы жолындағы күреске үндеудің кезеңі пісіп-жетілгенін жете түсінген Ахаң поэзияны санада сарытап болған азатшыл ойларының жүректен жұлқынып шығар

де Е.Омаров Ахаңды қазақ тіл білімінің теңдесі жоқ білімпазы деп танып, ол жасаған әліппе, ол жазған грамматикаға қатысты еңбектерді өте жоғары бағалап, олардың қазақ тілі туралы жат жұрт ізденушілері жазған жұмыстардан артықшылығы ғалымның ана тілінің төл табиғатын терең тануында екендігін дәйекті деректермен дәлелдей алды.

Тіл ғылымы бағытындағы алғашқы қадамын Ахмет Байтұрсынұлы тіліміздің ды-



генде ғана және сол мысалдардағы пернелей айтылған ой жұрт жүрегін оята алғанда ғана, ұлттық танымға сай шығып, көркемдік биікке көтеріле алады. Осы тұрғыдан алғанда, көзі тірісінде үш рет жарық көрген «Қырық мысал» жинағындағы Ахаң мысалдарын төл туынды санауға әбден болады.

Алғашында мысалдар арқылы ой жеткізудің жолын тапқан Ахаң енді төл туындыларын жарыққа шығаруға талпыныс жасай бастайды. Бұл іс аяқсыз қалмай, 1911 жылы Орынборда «Маса» атты төл өлеңдер жинағы шығады. Біздіңше кітаптың «Маса» аталуында екі түрлі мағына бар. Олар масаның қарекетінен көрініс табады. Туған халқын отаршылдық құрсауынан құтқаруда ұлтын сүйген азамат ретінде ашық күрес жүргізуге патшалық Ресейдің құйтырқы саясаты жол бермегендіктен, ақын өз өлеңдеріне «масаның» ызыңы мен уытын қатар қосып, сол арқылы ұлт санасын оятуға үміт артты.

Отаршылдық қасіретін тартқан халқының жігерін жанудың не түрлі амал-тәсілдерін сын мен сынақтан өткізген Ахаң ұлтты ұйытар, ой-санаға серпіліс әкелер ең өтімді құрал өлең құмар қазақтың жанына жақын құдіретті поэзия екенін жақсы түсінген. Сол тұстағы ортаға тасталар ойдың түп қазығы

«Оян, қазақ!» деген ұранға айналған рухты сөз еді. Сол сөзді алғаш ту көтеріп, ұлы ұғымға айландырған, «Аш көзіңді оянып!» деп, «Қырық мысал», Маса» кітаптары арқылы елге салмақты ой тастаған Ахаң болатын. «Қырық мысалда» бүкпелей жеткізілген көп жайлар «Масада» өзгеше өрнек тауып, ашық та анық айтылып, қоғамдық санаға ықпал етуге жаңаша жол ашты.

Қазағым, елім,  
Қайқайып белің,  
Сынуға тұр таянып.  
Қамауда жаның,  
Талауда малың,  
Аш көзіңді оянып!

Бұл қазақ поэзиясына Ахаң әкелген өнегесі мол, өрісі кең өзгеше сарын. Оның жаңашылдығы өлеңнің өрнегінде емес, өзегінде. Жұрт көкірегіне қонақтар кесімді пікірді ашық айтып, шерлі жүрекке қасіреттен тұтанар үміт отын жаға білуінде. Ой жадағай айтылмай, өлеңдегі көркемдік пен бейнеліліктен ажарлана түсіп, санаға салар салмағын арттырып, жүректің тереңіне бойлап, көңілді түртіп оятар құдіретімен тәнті етеді. Расын айтқанда, Ахаң арқылы қазақ өлең өлкесіне азатшыл сарын келді. Ол жалғыз келген жоқ, Міржақыптай арналы ағысты ала келді. Азатшыл сарынның арнасы Мағжанмен кеңіп, Берниязбен толықты.



Ұлы Ахаң азатшыл ойды қазақ жырына алғаш болып арқау етсе, елең еткізер өзгеше сарынның сырын алғашқы боп аңғарған ұлы Мұхаң. Ахаң поэзиясының асыл қасиетін тап басып танып айтқан оның мына бір: «Қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі «Қырық мысал» болатын. Бұдан кейін Ахаңның атағы жайылып, елдің шын қамқоры екендігі екінші біріне мәлім бола бастаған. ...әуелгі ниет қылған бетінен тайынбай, бұрынғыдан ащырақ, күштірек тілмен «Масаны» жазған. Қазақ оқушысына естілген екінші елшілдік ұраны «Маса» болатын» [4] деген тұжырымы жоғары ойымыздың дәлеліндей.

Ұлы ұстаздың туған халқына істеген қызметінің үлкен бір арнасы-қазақ баспа бетін қалыптастыру. Ол өзі аяғынан қаз тұрғызған қазақтың тұңғыш



бейресми «Қазақ» газеті арқылы ұлттық баспасөздің негізін қалады. «Қазақ» газеті алғашқы шынайы жалпыұлттық саяси-қоғамдық газет болды. Бұл басылым қазақ зиялыларының саяси орталығы ретінде барлық саяси-әлеуметтік әрекет-



тердің ұйымдастырушысы да бола білді.

Әрине, газеттің жеткен жетістігі бас жазушысы Ахмет Байтұрсынұлы басшылығына тікелей байланысты. Оның басшылығының бас жазушысы ретінде газет жұмысын ұйымдастыруы мен келелі мәселелерді көтеруге жол ашатын озат ойды алға тартқан, дәуір тынысын сезе білген мазмұнды мақалалары өзгелерге үнемі жол-жоба көрсетіп отырды. Осы мақалалары арқылы ол әдебиетші, сыншы, көсемсөзші ғана емес, аса көрнекті саяси қайраткер ретінде де танылды. Сондықтан да, «Қазақ» газетінің ұстанған бағыты, жүргізген күресі Ахмет Байтұрсынұлы есімімен тікелей байланысты.

Ахмет Байтұрсынұлы – шыншыл шығармашылық еңбектің иесі ғана емес, сөз құдіретінің құпиясына үңіліп, тылсым сырын ашқан, әдебиет атты асыл өнердің болмысына бойлай білген ғұлама. Алғашында ауыз әдебиетінің жауһар жәдіргерлерін жинастырып, олар туралы тұщымды мақалалар жариялаған Ахаң, кейіннен жалпы қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу негізін қалаған ең көрнекті әдебиет зерттеушісіне айналды. Ғалымның сонау 1913 жылы жазған ұлы Абай туралы «Қазақтың бас ақыны» атты

мақаласы шын мәніндегі абайтанудың негізін қалаған еңбек болып табылады. Ахметке дейін Кәкітай, Әлихандардың жазғандары бар екені рас, бірақ оларда Абай туралы жұртты хабардар ету, ақын өмірін баяндау мақсаты басым түсіп жатады. Ал, Абай ақындығы алғаш рет Ахмет мақаласында жан-жақты талданып, толыққанды ашылғанын мойындауымыз керек. Ондағы таза талғам, айшықты талдау, терең таным абайтанудың әліппесін ашты десек болғандай. Кейінгі Мұхтар даналықпен жалғастырып, қазақ әдебиеттану ғылымындағы жеке салаға айналдырған Абай ақындығын танып-білу Ахаңнан бастау алады. Оның кешеден бүгінге, бүгіннен ертеңге желісін үзбей жалғаса береріне біздің сеніміміз мол.

Ахмет Байтұрсынұлының әдебиет зерттеу ғылымына қосқан аса зор еңбегі атақты «Әдебиет танытқыш». Бұл енді жалпы қазақ әдебиеттану ғылымының бастау көзіне саналатын сындарлы дүние. Мойындайық, мойындамайық бүкіл әдебиетшілер осы 1926 жылы Ташкентте жарық көрген «Әдебиет танытқыштың» шекпенінен шықты. «Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттануының негізі болып саналады. Өйткені ол – әдебиет тарихын, әдебиет әдістемесін, әдебиет



әдіс-тәсілін, әдебиет ұғым-терминдерін, әдеби жанрлар жүйесін түгел түзген күрделі тарихи-теориялық зерттеу.

Ахаң осы еңбегінде асыл сөз-әдебиеттің басты қасиетін тап басқан «Сөз өнері» ұғымын тұңғыш ғылыми айналымға енгізді. Бұл ұғымның әдебиеттің әсемдік әлемін танып-білудегі атқарған қызметін айтып жеткізу қиын. Ғалым бұл ұғымды айналымға әдебиеттің өзге өнер түрлерінен артықшылығы мен ұлылығының айырымы үшін енгізген. Қараңыз: «... өнердің бәріңде қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады, қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, сүгірттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді»[6,165 б.]. Бұл тұжырым нақтылығымен құнды.

Ұлы әдебиеттанушының осыдан 96 жыл бұрынғы сөз өнері жайлы айтқан ой-пікірлері, ғылыми тұжырымдары, әдеби терминдер қалыптастырудағы ізденістері көп жағдайда бүгінгі күн сұранымдарына да жауап беріп жатуы, эстетикалық таным-білік биіктігін танытса керек. Сөзді көп созбай, тоқ етерін айтқанда, «Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттану ғылымының атасына саналар асыл мұра.

Біз жоғарыда қазақ халқының рухани көсеміне айналған Ахмет Байтұрсынұлындай алаш ардағының ұлт үшін еткен ұшан-теңіз еңбегін жалпылай шолып өттік. Мақсат Ахаң болмысының бір қырына ғана назар аударып қоймай, түгел алып, тұтас қамтып көрсету болды. Енді оларды жинақтай келіп, санамалай айтар болсақ, Ахмет Байтұрсынұлы кім деген сұраққа былайша жауап берілген болар еді. Біріншіден, қазақ тілінің әліппесі мен оқулықтарын жазып, білім беруді жолға қоя білген шын мәніндегі алғашқы ағартушы. Екіншіден, араб графикасына негізделген қазақ алфавитін жасап, оқыту әдістемесін түбегейлі түрде жетілдірген ұлттың ұлы ұстазы. Үшіншіден, қазақ тілі мен әдебиетін ғылыми тұрғыда зерттеп, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының негізін қалаушы дана филолог-ғалым. Төртіншіден, өлең сөзге ой ұйытқан, ойшыл ақын. Бесіншіден, қазақ баспасөзін көркейткен көсемсөздің көшбасшысы. Алтыншыдан, ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі жолында жан аямаған күрескер тұлға. Жетіншіден, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, кемел ойлы кемеңгер-көсем. Міне, осынау қасиетті жеті бірліктен тұратын Ахмет болмысы бір кездегі Әуезов айтқан «рухани көсемдіктің»,

яғни ұлтқа рухани көсемдігінің терең тамырлы, діңінің беріктігінің дәлеліндей.

Ендеше, баба тарихтың ұлы көш-керуенін болашаққа бет түзеткен қазақ өткеніне салауат айттып, бүгініне қанағат етіп, ертеңі-

не нық сеніммен қарай бастаған тұста, Ахаң есімі ұлтының рухани игілігіне айналар ұлы ойларының өміршеңдігімен халқын ғасырдан-ғасырға жаңылдырмай жетелер «Темірқазыққа» айналары сөзсіз.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Омаров Е. А.Б. Байтұрсыновтың ғылыми қызметі. // Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамының еңбектері. III шығарылым. -Орынбор, 1922.
2. Белинский В.Г. Шығармаларының толық жинағы.IV том. - Москва: ССРО Ғылым Академиясының баспасы, 1955.
3. Пушкин А.С. Шығармаларының толық жинағы. V том. - М., 1954.
4. Әуезов М. Ахаңның елу жылдық тойы. // Ақжол, 1923, 4-ақпан.
5. Шамиль М. (С. Сейфуллин) Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды. // Еңбекші Қазақ, 1923, 2-ақпан.
6. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. -Алматы, 2004.



## ОРЫНАЙ ЖҰБАЙ

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық  
университетінің профессор м.а.,  
филология ғылымының докторы*



# АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЛИНГВОЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІ

«Шора» журналының 1913 жылғы 4-санында жарияланған «Қазақша сөз жазушыларға» атты мақаласында А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктерін басқа түрік тілдерімен салыстыра келіп: «Растыққа жүгінсек, түріктің тұнық тілі, түзу емлесі қазақта... ХХ ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай, асыл қалпында алып келген тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті. Атаның аздырмай берген мүлкін, қолымызға алып быт-шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас», – деп тұжырым жасаған еді.

Тіліміздің бай, шұрайлы, көркем тіл екені – дау тудыр-

майтын ақиқат. «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» деп аталатын он бес томдық түсіндірме сөздік жарық көрді. Түркі елдерінің ешқайсысында да мұндай деңгейдегі сөздік жоқ. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қазақтың бай ауыз әдебиеті үлгілері жинақталып, «Бабалар сөзі» сериясы бойынша 100 том болып басылып шықты. 2013 жылы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» негізінде әрі толықтыра отырып, «Қазақ сөздігі» деген атпен 106

000 бірлік қамтылған бір томдық түсіндірме сөздік құрастырып шығарды. Бұл тіліміздің байлығын, тарихымыздың тереңге тартатынын көрсетеді. Алайда қазіргі кезде жастар, жеткіншектер кітап оқудан қалып барады. Сол себепті қисса-дастандарды, батырлар жырын тұшынып оқымайды. Тіпті сондай шығарманың бар екенін де бейхабар. Шетелдік туындыларды, солардың негізінде түсірілген фильмдерді жақсы білгенмен, ұлағаты мол, ұлттық болмыстан, салт-дәстүрімізден көп мағлұмат беретін төл туындыларымызды оқымайды. Оның үстіне сол шығармалар желісінің негізінде фильмдер түсіріп, көпшілікке тарату, жастарға танытуға құлықсыздық танытып отырған жайымыз бар. Әрине, түптеп келгенде, барлығы қаржыға тіреледі. Сондықтан ұлттық құндылықтарды насихаттайтын, төл тарихымыздан, төл мәдениетімізден мол мағлұмат беретін дүниелерді жарыққа шығаруға көп қаржы бөлінуі, өз деңгейінде көңіл бөлінуі керек деп ойлаймын. Мағжан Жұмабаевтың: «Тіл – адам жанының тілмашы. Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы

ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті», – деген сөзін әрдайым жадымыздан шығармауымыз керек.

А.Байтұрсынұлы: «...Қазақ тіліндегі сөздердің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдану болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз», – деген еді [1]. Расында да, қазақша сөйлеушілердің бәрін бірдей қазақша дұрыс сөйлеп тұр деп қабылдай беруге болмайды. А.Байтұрсынұлы шығарма сөзінің өңді, ұнамды болуы үшін сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл (лұғат) анықтығы, тіл дәлдігі, тіл көрнектілігі сияқты шарттардың ескерілуі қажеттігін айта келіп, сөз дұрыстығы үшін:

1) сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну;

2) сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру;

3) сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру керектігін көрсеткен еді [2].

Алайда бүгінгі таңда газет,

журнал бетінде көптеген орынсыз қолданыстар, қате тіркестер орын алып жүр, бұл басылым беттерімен қатар радио, теледидар тілінде де жиі кездеседі. Мысалы, *байланысты, орай, арқасында, кесірінен, салдарынан, қарай т.с.с.* қолданысын жатқызуға болады: *өкінішке орай, жауын-шашын салдарынан егін бітік шықты, жол апатының арқасында т.с.с.* қолданыстар радио, бұқаралық ақпарат құралдарының тілінде кездесіп қалады. *Орай, арқасында* септеулігінің дұрыс, оңтайлы іс-әрекетке, қимылға, орайлы іске байланысты қолданылатыны, керісінше, *салдарынан, кесірінен* сөздерінің жағымсыз құбылыстарды бейнелеуде қолданылатыны, эмоционалды-экспрессивті бояуы төмен сөздермен тіркесетіні, *тура келеді, мәжбүр болды* тіркестерінің амалсыздан, лажсыздан болған қимылды білдіретіні т.с.с. көп жағдайда ескеріле бермейді.

Сол сияқты *бүгінгі күні, биылғы жылы* деген қолданыстар да тіліміздің заңдылықтарына қайшы. Себебі *бүгін* сөзі бұл күн, *биыл* сөзі бұл жыл сөздерінің кірігуі нәтижесінде пайда болған. Яғни, *бүгінгі күн* не *биылғы жыл* деген тіркестерде *күн, жыл* сөздері қайталанып, плеоназм орын алған.

Қазіргі кезде теледидарда да, жарнама тілінде де *әр сенбі сайын, әр шығарған сайын, әр күн сайын,*

т.с.с. сияқты қолданыстар жиі орын алып келеді. *Әр* сөзі тіркескен сөз *сайын* сөзімен тіркеспей-ақ тіркестің мағынасын бере алады. Мұндай плеоназмдық қолданыстар соңғы жылдары көбірек кездесіп жүр. Дұрысында: *әр сенбіде, әр күні т.с.с.* немесе *сенбі сайын, күн сайын т.с.с.* Қазақ тілінің нормаларына сәйкес *әр, барлық, түгел* сөзімен тіркескен сөз жекеше тұлғада келуі керек, алайда тілшілеріміздің *әр күндеріңіз, әр минуттарыңыз, әр секундтарыңыз, барлықтарыңыз, түгелдеріңіз* деген сөзқолданыстарын жиі естиміз.

Тілдің нәзік иірімдерін сөз бағасын білетін, қазақ тілінің заңдылықтарын шебер меңгерген жандар анық білетіні белгілі. Кезінде А.Байтұрсынұлы: «Нәрсенің дәл *санын* білуге сұрағанда *неше?* деп сұраймыз. Мәселен: «Неше кісі келеді?» – «Үш кісі келеді». Нәрсенің дәл *санын* білуге емес, *шамасын* ғана білуге сұрағанда қанша? деп сұраймыз. Мәселен: «Қанша күн жүресің?» – «Үш-төрт күн жүремін» [Байтұрсынов А. Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. - Ташкент, 1918], – деп жазған еді. Ғалым ойлары кейін М.Балақаевтың еңбектерінде де сабақтастық тапқан. Алайда қазіргі кезде *неше? қанша?* Сұрау есімдіктері синоним ретінде, бірінің орнына

бірі қолданылып келеді. Соның салдарынан тілімізде қаншаншы (Қаншаншы сыныпта оқисың? Қаншаншы орын алды?), қаншауы (Қаншауы келді? Қаншауын аламыз?) т.с.с. қазақ тілінің нормаларына қайшы қолданыстар етек алып барады.

Сол сияқты Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде жиырма сөзінен жасалған реттік сан есім бүгінгідей жиырымасыншы түрінде емес, жиырманшы түрінде берілген:

Ретін көрсететін сөздер; мәселен: бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, жиырманшы, отызыншы, қырқыншы, елуінші, алпысыншы, жетпісінші, сексенінші, тоқсаныншы, жүзінші, мыңыншы, миллионыншы. Бұлар реттік деп аталады [3].

10) Жұрнақ «ншы». Бұл жұрнақ жуан сөзге жалғасса, жуан айтылады, жіңішке сөзге жалғасса, жіңішке болып айтылады. Мәселен, бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, жиырманшы, отызыншы, қырқыншы, елуінші, алпысыншы, жетпісінші, сексенінші, тоқсаныншы, жүзінші, мыңыншы [4].

Дұрысында, қазақ тіліндегі реттік сан есім тудыратын

жұрнақ дауыссыз дыбыстардан соң **-ыншы/-інші** түрінде жалғанғанмен, дауысты дыбыстардан кейін жалғанғанда қатар келген екі дауыстының бірі түсіп қалады: *екінші, алтыншы, жетінші* т.с.с. (*екісінші, алтысыншы, жетісінші* емес). Осы үлгі бойынша жиырма сөзіне де жұрнақ жалғанғанда жиырманшы түрінде жалғануы тиіс. Бұл орайда тіліміздің заңдылықтарын жетік білетін Ахмет Байтұрсынұлы сынды ғалымдарымыздың тұжырымдарын әрдайым есте ұстау қажет деп білеміз. Профессор Хайролла Нұрмұқановтың сөзімен айтсақ: «...Сөз қуаттылығы ой зергерлігіне байланысты. Ондай ой сөзін қашан да сарыла талғап, жаңылмай таңдап шығарып отырады. Бұлай болмағанда, талғамсыз қолданылған сөзден жанымыз еркін еміреніс не терең тебіреніс табуы мүмкін емес» [5].

Үйлену тойларында тост берілген кезде: «Екі жас бақытты болсын!» дегім келеді», – деп тілек айтушыларды жиі кездестіреміз. Қолына микрофон беріліп, елдің бәрінің назары өзінде болған кезде тілегін айта бермей ме? Үйден шыққан кезде «осылай тілек айтсам» деп ойын жинақтап жатса, – бір жөн. Бұл да орыс тілінің үлгісімен хочу сказать, хочу пожелать сияқты



қолданыстарды сөзбе-сөз аудару нәтижесінде пайда болған. Қазақша дұрысы: «Екі жас бақытты болсын!» емес пе? Қазақы танымға да, ділімізге де, дінімізге де сәйкес келмейтін, соңғы кездері жиі қолданылып жүрген тіркестер ретінде «Алланың назарында болсын!», «Алланың құлағына шалынсын!» деген тілектерді атауға болады. Діни түсінікте Алла бәрін көруші, естуші, бүкіл адамзат, ғаламзат атаулы ешқашан Алла тағаланың назарынан тыс қалуы мүмкін емес. Алланың көркем есімдерінде де осы белгілер айқын көрсетілген. Ендеше, мұндай қолданыстарға абай болу керек.

Профессор Хайролла Нұрмұқанов 1968 жылы «Баспасөз және тіл мәдениеті» деген тақырыпта өткізілген республикалық конференцияда М.Ғабдуллиннің *С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті*, *В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты* атауларына байланысты: «Киров атында да, Ленин атында да қазақ жоқ, болмайды да. Сондықтан бұл оқу орындары Қазақтың С.М.Киров атындағы, Қазақтың В.И.Ленин атындағы... болып дұрыс атаулы тиіс», – деп анықтайтын сөзбен анықталатын сөздің орындарын шатастырмау қажеттігін ескерткенін айта келіп: «Содан

бері 35 жылға жуық уақыт өтсе де, қатенің бұл түрінен әлі күнге арыла алмай келеміз», – деген еді.

Бұл мәселе бүгінгі таңда да әлі өзекті күйінде қалып отыр. Оған төмендегі жоғары оқу орындарының қазақша атауы дәйек бола алады: *Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті*, *Абай атындағы Алматы ұлттық педагогикалық университеті*, *Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты*, *Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау мемлекеттік университеті*, *Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан агротехникалық университеті*, *Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті*, *Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы*, *Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты т.с.с.* Сол себепті М.Ғабдуллин, Х.Нұрмұқанов сынды біртуар ғалымдарымыздың ескертулеріне мән беріп, жоғары оқу орындарының атауларын қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкестендіріп, біріздендіретін уақыт келді деп есептейміз. Әсіресе Қазақ ұлттық (мемлекеттік) Қыздар педагогикалық университеті атауындағы мемлекеттік қыздар тіркесі құлаққа түрпідей тиеді, еріксіз «ұлттық (мемлекеттік) қыз, ұлт-

тық (мемлекеттік) емес қыз деген кімдер?» деген сұрақ ойға келеді.

Тіл тазалығына ерекше мән берген профессор Х.Нұрмұқанов 8 наурызға қатысты: «Әйелдердің халықаралық «сорты» жоқ. Сондықтан 8 наурызды «Әйелдердің халықаралық күні» деп дұрыс сипаттағанмыз жөн», – деген еді [6]. Бүгінгі таңда 8 наурызды жас та, кәрі де тойлайтындықтан, «Арулар күні» деп атаған жөн болар еді. Себебі балабақшадағы кішкентай бүлдіршіндерге топтағы балалардың «халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймыз!» дегенінен гөрі «Арулар күнімен құттықтаймыз!» дегені әлдеқайда жағымды, әсерлі болар еді. Бүлдіршін қыз бой жетіп, ару болуды қалайды. Жасы егде тартқан әйел де өзін ару сезінсе, ренжи қоймас еді.

Орыс тіліндегі нұсқасы – «Международный женский день» – дұрыс қолданыс әрі тілдерінің табиғатына, дүниетанымына сай келеді. Себебі орыс тілінде зат есім атаулы мужской, женский, средний род болып үш топқа жіктеледі. Сол себепті женский сөзі олар үшін жалпылық сипат алған. Ал қазақ дүниетанымында жас ерекшелігіне қарай түрліше атау берілген: *бөбек, нәресте, сәби, бүлдіршін, балдырған, қыз бала, бойжеткен, ару, бикеш, қалыңдық;*

*келін, келіншек, бибі, жұбай, зайып, жар, қосақ, шеше, ана, апа, әже, кейуана, кемпір, т.с.с.* Ендеше, Ғабит Мүсіреповтің «Тілін білмеген, түбін білмейді. Ондай адам күлдіремін деп күйдіреді, сүйсіндіремін деп сүріндіреді, білдіремін деп бүлдіреді, қуантамын деп қуартады, келтіремін деп кетіреді, жұбатамын деп жылатады» деген сөзін әрдайым жадымызда ұстап, сөзқолданысымызға мән беруіміз қажет.

Бүгінгі таңда аударма ісінде термин, дұрыс, шебер аудару мәселесі әлі де біршама ақсап тұрғаны белгілі. Осыған байланысты терминдерді біріздендіру, дұрыс аудармаға үлгі боларлық дүниеретінде XX ғасырдың басында жарық көрген аударма еңбектерді (Ә.Бөкейхан – география, Қ.Сәтбаев – алгебра, Е.Омаров – геометрия, физика, М.Жұмабаев – педагогика, Ж.Аймауытов – дидактика, Ф.Ғалымжанов – физика, Б.Сәрсенов – геометрия, И.Тұрғанбаев – арифметика, Қ.Кемеңгерұлы – химия, жаратылыстану, т.с.с.), ұлттық кодтың негізі болатын ғалымдардың бұрын-соңды жариялана қоймаған еңбектерін, XX ғасырдың басында жарық көрген оқулықтарды жинақтап, ғылыми айналымға енгізу қажет. Осыған байланысты терминдерді біріздендіру, дұрыс аудармаға үлгі

боларлық дүние ретінде XX аударма еңбектер шығару қажет. ғасырдың басында жарық көрген

## ӘДЕБИЕТТЕР


1. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. - Алматы, Жалын, 1991, 369-б.
2. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. - Алматы: Жалын, 1991, 350-б.
3. Байтұрсынов А. Тіл – құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл та-  
нытқыш кітап. 4-басылуы. Орынбор, 1924
4. Байтұрсынов А. Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық.  
- Ташкент, 1918
5. Нұрмұқанов Х. Сөздің де сұрауы бар. Шығармаларының үш том-  
дық жинағы. - 3-том (мақалалар, естеліктер). - Қарағанды: Болашақ-Бас-  
па, 2010. 3-б.
6. Нұрмұқанов Х. Сөздің де сұрауы бар. Шығармаларының үш том-  
дық жинағы. - 3-том (мақалалар, естеліктер). - Қарағанды: Болашақ-  
Баспа, 2010. 296 б.



## ТӨРТ ЕЛДЕГІ ҚАЗАҚТАР МӘСЕЛЕСІН КӨТЕРГЕН МӘСЛИХАТ

2022 ж. 1 шілде күні «Elsana Amanat» қоғамдық қорының бастамасымен құрылған Шетелдік қазақтарды қолдау алқасы бастап, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының қолдауымен Ауғанстан, Пәкстан, Сауд Арабиясы мен Иран қазақтарының қазіргі жағдайы және оларды қолдау мәселесі туралы халықаралық Конференция өтті. Мәслихат онлайн-офлайн аралас форматта өтті.

Аталған шараға 7 мемлекеттен жирмаға жуық адам қатысып, баяндама жасады. Атап айтқанда, **Ақпар Аюби** (Дания), **Абдулла, Амидулла Тадаш** (Ауғанстан, Қабул университетінің профессоры), **Хамид** (Пакистан, Карачи), **Ахмад Қожабаев** (Сауд Арабия, Мекке), **Мохаммад Табын** (Ауғанстан), **Мейрам Кенесары** (Иран, Горган), **Сейфолла** (Иран, Горган), **Жора Табын** (Иран),





**Серік Ерғали** (Нұр-Сұлтан), **Дос Көшім** (Алматы), **Қыдырәлі Ораз** (Ұлы Британия, Лондон), **Бейсен Ахметұлы** (Нұр-Сұлтан), **Бүркіт Нұрасыл** (Нұр-Сұлтан), **Бурахан Дақанов** (Солтүстік Қазақстан облысы), **Аятжан Ахметжан** (Нұр-Сұлтан), **Құрмет Талапқазы** (Шымкент) тағы басқалар аталмыш мәселенің ашылуы мен шешілуіне қатысты өз ойларын ортаға салды.

Баяндамашылардың сөзіне қарағанда, Кеңес Одағы кезіндегі түрлі қысым мен қырғыннан бас сауғалаған және онан бұрын немесе кейіннен Ауғанстанға асқан босқындардың қазіргі саны 300 мыңнан асады. Пуштун секілді ірі ұлыстардың құрамында соңғы 2-3 ғасырда сіңіскен шамамен миллионға қазақ болуы мүм-

кін екендігі айтылды. Алайда, әлі күнге ауғандық қазақтардың жайы дұрыс зерттелмей отыр. Ауғандық билік қазақтарға өзге ұлыс ретінде құжат беруге құлқы жоқ және олардың өз отандарына кетуге де ниеттері басқаша болып отыр. Оған басты себеп, билік басына тәліптер келген қарсаңда миллиондаған сауатты азаматтар шетелге жылыстап кеткен, енді Ауған елі мамандарға барынша зәру күйді кешіп отыр.

Конференцияда айтылған мәліметтерге қарағанда, Ауғанстандағы қазақтар бес тарапқа қарай ойысқан және ол жалғасуда, атап айтсақ: Пәкстанға, Сауд Арабиясына, Иранға, Еуропа елдеріне және Қазақстанға.

Қазырдың өзінде Пәкстанда елуден асатын отбасының 300-ге



таяу адамы құжатсыз не істерге білмей отыр. Пәкстан тарабы оларға ауғандық босқын ретінде қарайды, құжаттандырмайды. Осындай жағдайдың кесірінен оқуға, жұмыс істеуге ешбір жағдай жоқ. Олардың бір ғана мүмкіндігі – Қазақстанға өту ғана. Алайда, түпкі құжаты болмағандықтан Қазақстан жағы да оларға қазақ ретінде қарауға жасқанып отыр. Пәкстандық қазақтардың оншақтысы тіпті, ДНК сараптамасын жіберіп, соның нәтижесін де күтіп отыр.

Бұдан басқа Ауғанстаннан жүздеген қазақтың келіп алып, Қазақстанда өмір сүргеніне қарамастан, олардың туыстары кезінде келе алмағандықтан, бері қарай өте алмай отыр.

Мәслихат барысында мына ұсыныстар берілді:

1. Ауғанстандағы қазақтардың нақты саны мен жағдайын білу мақсатымен арнайы экспедиция ұйымдастыру және сонымен бірге,

Пәкістан, Иран, Сауд-Арабиясы елдеріндегі қазақтардың жағдайына да арнайы көңіл бөлу;

2. Қазақстан Үкіметі Ауғанстан еліне гуманитарлық көмек беру аясында ондағы қазақтардың қандас ретіндегі мәртебесін анықтау үшін Ауғанстан билігімен бірлесе қимылдауы тиіс. Себебі, жұмыссыздық пен адам құқығының төмен жағдайы ауғандық қазақтардың ахуалын мүшкіл етуде. Бұндай жұмысқа Қырғызстан Үкіметінің Ауғанстандағы қырғыздарға жыл сайын ұйымдастыратын гуманитарлық және басқалай қолдауын атауға тұрарлық.

3. Құжаты толық бола тұра Қазақстанға келуге виза ала алмай жүрген қандастар мен құжатсыз немесе қазақ екендігі дүдәмал тұлғалардың қазақ екенін тануға арналған арнайы ереже мен ресми жүйе қажеттігі туып отыр.

4. КСРО кезінде өткен ғасырдың 30-жылдары ашаршылық пен репрессия құрбаны болудан Ауғанстанға барып босқынға айналған қандастардың ұрпақтары туралы тарихи әділдікті орнататын арнайы мәртебе қарастырылуы да қажет.

Ауғанстанда туып өскен қазақтардың біршамасы елдегі орнаған жаңа режим мен билік алмасу салдарынан басқа елдерді сағалап кетуге мәжбүр болып отырғаны мәлім болды. Сонымен бірге дүрбелеңнен аман қалу

мақсатында ауғандық қазақтар сол елдегі өзбек, тәжік тағы басқа халықтардың құрамында өзінің этникалық тегін жасырып амалсыз ғұмыр кешуге мәжбүр болып келгені аян болды.

Шын мәнінде, Ауғанстанға ауған қазақтардың тарихы дүркін-дүркін болған: сонау Қазақ хандығы құрылар тұстан бастап, соңғы сыртқа көшу өткен ғасырдың ашаршылығы мен қуғын-сүргіні аралас дүрбелеңі бар 30-жылдармен аяқталады. Бүгінгі ауған қазақтарының дені осы дүрбелеңге ұшырағандықтан, бұларды Қазақстан тарапынан ең алдымен саяси әрі моральдық арашалау, реабилитациялау мен өтем төлеу міндеті күтіп тұр.

Ауған қазақтарының көпшілігінде жеке басты куәландыратын құжаттары жоқ және оларды қазақ ретінде тануға ресми билік тарапынан әрекет жоқ және мүмкін

еместігі баян етілді. Осының кесірінен қандастарымыздың адамға тән өмір сүру мүмкіндігі барынша тарылған.

Қатысушылар кейбір қисынсыз жайттарды да атап өтті. Бұл мәселеде астын сызып айтатын кемшілік: шетелдегі этникалық қазақтардың тегін тану мен мойындаудың ресми түрде жасалған жүйесі мен тәртібінің әлі күнге болмай отырғандығы. Өзінің ата-тегі мен тарихын, жағдайын, тілін азды-көпті біле тұра, қазақ екендігін дәлелдеу ауғандық қандастар үшін қасыретке айналып отыр! Тіпті нәтижесі неғайбыл ДНК сараптамасына жүгірудің өзі әбестік екенін атап өтеміз. Бұл жағдайдың әлемдік деңгейдегі Германия мен Израил үлгісі бола тұрып, мұншалықты шырғалаң мәселеге айналуы мүлдем түсініксіз!



## TÖRT ELDEGI QAZAQTAR MÄSELESIN KÖTERGEN MÄSLIHAT

2022-j. 1-şilde küni «Elsana Amanat» qoғamdyq qorynyñ bastamasy men qūrylған Şeteldik qazaqtardy qoldau alqasy bastap, Halyqaralyq «Qazaq tılı» qoғamynyñ qoldauymen Auғанstan, Pākıstan, Saud Arabiasy men İran qazaqtarynyñ qazırgı jaғдай jäne olardy qoldau мәselesi turaly halyqaralyq Konferensia ötti. Mäslihat onlain-oflain aralas formatta ötti.

Atalған şaraға 7 memlekette jirmağa juyq adam qatysyp, baiandama jasady. Atap aitqanda, Aqpar Aiubi (Dania), Abdulla Amidulla Tadaş (Auғанstan, Qabul universitetiniñ profesory), Hamid (Pakistan, Karaşi), Ahmad Qojabaev (Saud Arabia, Mekke), Mohammad Tabyn (Auғанstan), Meiram Kenesary (Iran, Gorgan), Seifolla (Iran, Gorgan), Jora Tabyn (Iran), Serik Erğali (Nūr-Sūltan), Dos Köşim (Almaty), Qydyrālı Oraz (Ūly Britana, London), Beisen Ahmetūly (Nūr-Sūltan), Bürkit Nūrasyl (Nūr-Sūltan), Burahan Daqanov (Soltüstik Qazaqstan oblysy), Aiatjan Ahmetjan (Nūr-Sūltan), Qūrmet Talapqazy (Şymkent) taғы basqalar atalmyş мәseleniñ aşyluy men şeşilune qatysty öz oilaryn

ortağa saldy.

Baiandamaşylardyñ sözine qaraғanda, Keñes Odaғы kezindegi түrlı qysym men qyrğynnan bas sauғalağan jäne onan bұryn nemese keinnen Auғанstanға asqan bosqyndardyñ qazırgı sany 300 myñnan asady. Puştun sekildi ırı ūlystardyñ qūramynda soңgy 2-3 ğasyrda sıñısken şamamen milionğa qazaq boluy mümkin ekendigi aityldy. Alaida, āli künge auғandyq qazaqtardyñ jaiy dūrys zerttelmei otyr. Auғandyq bilik qazaqtarға özge ūlys retinde qūjat beruge qūlqy joq jäne olardyñ öz otandaryna ketuge de nietteri basqaşa bolyp otyr. Oğan basty sebep, bilik basyna tālıpter kelgen qarsañda miliondağan sauatty azamattar şetelge jylystap ketken, endi Auған eli mamandarға barynşa zāru küidi keşip otyr.

Konferensiada aitylған mālmetterge qaraғanda, Auғанstandaғы qazaqtar bes tarapqa qarai oiysqan jäne ol jalғasuda, atap aitsaq: Pākıstanға, Saud Arabiasyna, İranға, Europa elderine jäne Qazaqstanға.

Qazırdyñ özinde Pākıstanda eluden asatyn otbasynyñ 300-ge taiau adamy qūjatsyz ne isterge



білмеі отыр. Пәкістан тарaby оларға ауғандық босқын ретінде қараиды, құјattандырmaidy. Оsyндаі жағdaidyñ кесірінен оquға, жүmys іsteuge ешбір жағдаі жоқ. Олардыñ бір ғана мүмкіндігі – Qazaqстанға өту ғана. Alаіда, түpkі құјaty болмағандықтан Qazaqстан жағу да оларға qazaq ретінде қарауға jasqanyp отыр. Пәкістандық qazaqtардыñ оңшақтysy тıptı, DNK сараптамасын жіберіп, соныñ нәтijesін де күтіп отыр.

Бүдан басқа Ауғанстаннан жүздеген qazaқтыñ келіп алып, Qazaqстанда өмір сүргеніне қарамастан, олардыñ туыстары кезінде келе алмағандықтан, бері қарай өте алмай отыр.

Мәслихат барысында мына ұсыныстар берілді:

1. Ауғанстандағы qazaqtардыñ нақты саны мен жағдайын білу мақсатымен арнайы экспедиция ұйымдастыру және сонымен бірге, Пәкістан, Іран, Сауд-Арабиясы елдеріндегі qazaqtардыñ жағдайына да арнайы көңіл бөлу;

2. Qazaqстан Ұкіметі Ауғанстан еліне гumanитарлық көмек беру аiasында ондағы qazaqtардыñ қандас ретіндегі мәртебесін анықтау үшін Ауғанстан билігімен бірлесе қимылдау тиіс. Себебі, жүмыссыздық пен адам құқығының төмен жағдайы ауғандық qazaqtардыñ аhuалын мүшкіл етуде. Бүндаі жүмысқа Қырғызстан Ұкіметінің Ауғанстандағы қырғыздарға жыл

сайын ұйымдастыратын гumanитарлық және басқалай қолдауын атауға тұрарлық.

3. Құјaty толық bola тұра Qazaqстанға келуге вiza ала алмай жүрген қандастар мен құјatsыз немесе qazaq екендігі дүдәмал тұлғалардыñ qazaq екенін тануға арналған арнайы ереже мен ресми жүіе қажеттігі туып отыр.

4. KSRO кезінде өткен ғасырдыñ 30-жылдары ашаршылық пен репрессия құрбаны болудан Ауғанстанға барып босқынға айналған қандастардыñ ұрпақтары туралы тарихи әділдікті орнататын арнайы мәртебе қарастырылуы да қажет.

Ауғанстанда туып өскен qazaqtардыñ біршамасы елдегі орнаған жаңа режім мен билік алмасу салдарынан басқа елдерді сағалап кетуге мәжбүр болып отырғаны мәлім болды. Сонымен бірге дүрбелеңнен аман қалу мақсатында ауғандық qazaqtар сол елдегі өзбек, тәжік тағы басқа халықтардыñ құрамында өзіннің этникалық тегін жасырып амалсыз ғұмыр кешуге мәжбүр болып келгені айан болды.

Шын мәнінде, Ауғанстанға ауған qazaqtардыñ тарихы дүркін-дүркін болған: сонau Qazaq хандығы құрылар тұстан бастап, соңғы сыртқа көшу өткен ғасырдыñ ашаршылығы мен қуғын-сүргін аралас дүрбелеңі бар 30-жылдармен аiaқталady. Бүгінгі ауған qazaqtарының дені осы дүрбелеңге ұшырағандықтан, бұлар-

dy Qazaqstan tarapynan eñ aldy-  
men saiasi äri moraldyq araşalau,  
reabilitasialau men ötem töleu  
mindeti kütip tür.

Auğan qazaqtarynyñ köpşiliginde jeke basty kuälandyratyn qūjattary joq jāne olardy qazaq retinde tanuğa resmi bilik tarapynan äreket joq jāne mümkin emestigi baian etildi. Osynyñ kesirinen qandastarymyzdyñ adamğa tñn ömir süru mümkindigi barynşa tarylğan.

Qatysuşylar keibir qisynsyz jaittardy da atap ötti. Bül мәselede astyn syzyp aitatyn kemşilik: şeteldegі etnikalyq qazaqtardyñ

tegin tanu men moiyndaudyñ resmi türde jasaqtalğan jüiesi men tärtibiniñ äli küнге bolmai otyrғandyғы. Öziniñ ata-tegi men tarihyn, jaғdaiyn, tılın azdyköpti bile тұra, qazaq ekendigin дәleldeu auғandyq qandastar ұşын qasyretke ainalyp otyr! Tıptı nätijesi neғaibyl DNK saraptamasyna жүginudiñ özi äbestik ekenin atap ötemiz. Bül jaғdaidyñ әlemdik deñgeidegi Germania men İzrail ülgisi bola тұryp, mұnşalyqty şyrғalañ мәseleге ainaluy мүldem түsiniksiz!



## ءتورت ەلەدەگى قازاقتار ماسەلەسىن كوتەرگەن ءماسلىحات

2022 جىلى 1 شىلدە كۇنى «Elsana Amanat» قوعامدىق قورىنىڭ باستاماسىمەن قۇرىلغان شەتەلدىك قازاقتاردى قولداۋ القاسى باستاپ، حالقارالىق «قازاق ءتلى» قوعامىنىڭ قولداۋىمەن اۋغانىستان، پاكىستان، ساۋد اراىياسى مەن يران قازاقتارىنىڭ قازىرگى جاعدايى جانە ولاردى قولداۋ ماسەلەسى تۋرالى حالقارالىق كونفەرەنتسىيا ءوتتى. ءماسلىحات ونلاين-وفلاين ارالاس فورماتتا ءوتتى.

اتالغان شاراعا 7 مەملەكەتتەن جىرماغا جۇبق ادام قاتىسىپ، بايانداما جاسادى. اتاپ ايتقاندا، اقپار ايۋبى (دانىيا)، ابدۇللا، اميدۇللا تاداش (اۋغانىستان، قابۇل ۋنيۋەرسىتەتىنىڭ پروفەسسورى)، حاميد (پاكىستان، كاراچى)، احمد قوجاباھۆ (ساۋد اراىيا، مەككە)، موھامماد تابىن (اۋغانىستان)، مەيرام كەنەسارى (يران، گورگان)، سەيفوللا (يران، گورگان)، جورا تابىن (يران)، سەرىك ەرعالى (نۇر-سۇلتان)، دوس كوشىم (الماتى)، قىدىرالى وراز (ۇلى برىتانىيا، لوندون)، بەيسەن احمد تۇلى (نۇر-سۇلتان)، بۇركىت نۇراسىل (نۇر-سۇلتان)، بۇراھان داكانوۋ (سولتۇستىك قازاقىستان وبلىسى)، اياتجان احمد تىجان (نۇر-سۇلتان)، قۇرمەت تالاپقازى (شىمكەنت) تاغى باسقارلار اتالمىش ماسەلەنىڭ اشلىۋى مەن شەشىلۋىنە قاتىستى ءوز ويلارىن ورتاعا سالدى.

بايانداماشىلاردىڭ سوزىنە قاراعاندا، كەڭەس وداعى كەزىندەگى ءتۇرلى قىسىم مەن قىرعىننان باس ساۋعالاعان جانە ونان بۇرىن نەمەسە كەيىننەن اۋغانىستانغا اسقان بوسقىنداردىڭ قازىرگى سانى 300 مىڭنان اسادى. پۇشتۇن سەكىلدى ءىرى ۇلىستاردىڭ قۇرامىندا سوڭغى 2-3 عاسىردا سىڭىسكەن شامامەن مىللىيونغا قازاق بولۋى مۇمكىن ەكەندىگى ايتىلدى. الايدا، ءالى كۇنگە اۋغاندىق قازاقتاردىڭ جايى دۇرىس زەرتتەلمەي وتىر. اۋغاندىق بىلىك قازاقتارغا وزگە ۇلىس رەتىندە قۇجات بەرۋگە قۇلقى جوق جانە ولاردىڭ ءوز وتاندارىنا كەتۋگە دە نيەتتەرى باسقاشا بولسىپ وتىر. وعان باستى سەبەپ، بىلىك باسنا تالىپتەر كەلگەن قارساڭدا مىللىيونداغان ساۋاتتى ازاماتتار شەتەلگە جىلىستاپ كەتكەن، ەندى اۋغان ەلى ماماندارغا بارىنشا عزارۋ كۇيدى كەشىپ وتىر. كونفەرەنتسىيادا ايتىلغان مالىمەتتەرگە قاراعاندا، اۋغانىستانداغى قازاقتار بەس تاراپقا قاراي ويسقان جانە ول جالعاسۇدا، اتاپ ايتساق: پاكىستانغا، ساۋد اراىياسىنا، يرانغا، ەۋروپا ەلدەرىنە جانە قازاقىستانغا.

قازىردىڭ وزىندە پاكىستاندا ەلۋدەن اساتىن وتباسىنىڭ 300-گە تايۋ ادامى قۇجاتسىز نە سىتەرگە بىلمەي وتىر. پاكىستان تارابى ولارغا اۋغاندىق بوسقىن

рەтінде қарайды, қўжаттанديرмайды. وسنداي جاعدايدىڭ كەسىرىنەن وقۇعا، جۇمىس سىستەۋگە ەشپىر جاعداي جوق. ولاردىڭ ەبىر عانا مۇمكىندىگى - قازاقستانعا ەوتۇ عانا. الايدا، تۇپكى قۇجاتى بولماعاندىقتان قازاقستان جاعى دا ولارعا قازاق رەتінде قاراۋعا جاسقانىپ وتىر. پاكستاندىق قازاقتاردىڭ ونشاقىسى ەتپىتى، دىك سارايتاماسىن جبەرىپ، سونىڭ ناتىجەسىن دە كۇتىپ وتىر.

بۇدان باسقا اۋعانستاننان جۇزدەگەن قازاقتىڭ كەلىپ الپ، قازاقستاندا ەومىر سۇرگەنىنە قاراماستان، ولاردىڭ تۇستارى كەزىندە كەلە الماعاندىقتان، بەرى قاراي وتە الماي وتىر.

ەماسلىحات بارىسىندا مىنا ۇسىنىستار بەرىلدى:

1. اۋعانستانداعى قازاقتاردىڭ ناقتى سانى مەن جاعدايىن ەبىلۇ ماقساتىمەن ارنايى ەكسپەدىتسىا ۇيىمداستىرۇ جانە سونىمەن بىرگە، پاكستان، يران، ساۋد-ارابىياسى ەلدەرىندەگى قازاقتاردىڭ جاعدايىنا دا ارنايى كوڭىل ەبولۇ؛

2. قازاقستان ۇكىمەتى اۋعانستان ەلىنە گۇمانىتارلىق كومەك بەرۇ اياسىندا ونداى قازاقتاردىڭ قانداس رەتіндеگى مارتەبەسىن انىقتاۋ ەۇشىن اۋعانستان بىلىگىمەن بىرلەسە قىمىلداۋى ەتپىس. سەبەبى، جۇمىسىسىزدىق پەن ادام قۇقىعىنىڭ تومەن جاعدايى اۋعاندىق قازاقتاردىڭ احوالىن مۇشكىل ەتۇدە. بۇنداى جۇمىسقا قىرعىزستان ۇكىمەتىنىڭ اۋعانستانداى قىرعىزدارعا جىل سايىن ۇيىمداستىراتىن گۇمانىتارلىق جانە باسقالاتى قولداۋىن اتاۋعا تۇرارلىق.

3. قۇجاتى تولىق بولا تۇرا قازاقستانعا كەلۇگە ۇيزا الا الماي جۇرگەن قانداستار مەن قۇجاتسىز نەمەسە قازاق ەكەندىگى ەدۇدامال تۇلعالاردىڭ قازاق ەكەنىن تانىۋعا ارنالغان ارنايى ەرەجە مەن رەسىمى جۇيە قاچەتتىگى تۇپ وتىر.

4. ك س ر و كەزىندە وتكەن عاسىردىڭ 30-جىلدارى اشارشىلىق پەن رەپرەسىسىا قۇربانى بولۇدان اۋعانستانعا بارىپ بوسقىنعا اينالغان قانداستاردىڭ ۇرپاقتارى تۇرالى تارىحى ادبلىدىكتى ورناتاتىن ارنايى مارتەبە قاراستىرىلۇى دا قاچەت.

اۋعانستاندا تۇپ وسكەن قازاقتاردىڭ ەبىرشاماسى ەلدەگى ورناعان جاڭا رەجىم مەن بىلىك الماسۇ سالدارىنان باسقا ەلدەردى ساعالاپ كەتۇگە ەماجبۇر بولپ وتىرعانى ەمالىم بولدى. سونىمەن بىرگە دۇربەلەگىنەن امان قالۇ ماقساتىندا اۋعاندىق قازاقتار سول ەلدەگى وزبەك، تاجىك تاعى باسقا حالىقتاردىڭ قۇرامىندا ەوزىنىڭ ەتىكالىق تەگىن جاسىرىپ المالىسىز عۇمىر كەشۇگە ەماجبۇر بولپ كەلگەنى ايان بولدى.

Шын مانснде, ағанстанна аған қазактардык тарихи дуркн-дуркн болған: сонан қазак хандығы қурлар тустан бастап, соғыс сиртка кошу текен еасирдык ашаршылыгы мен қуғын-сургыни аралас дурбелегги бар 30- жылдар мен аяқталады. Бугынгги аған қазактарынык дени وسي дурбелеггге усиреандыктан, бурларды қазакстан тарاپнан ек алдмен саياسي ари моралдык арашалау, ребилитациялау мен وتم تولеу миндеги кутип тур. аған қазактарынык кошылдыгында жеке басты кулаландыратын қужаттары жоқ және оларды қазак ретинде тануға ресми билек тарاپнан аракет жоқ және мүмкен емес тиги байан етилди. وسينك كه سيرнен قانداستارميزديك ادامعا ءتان ءومر ءسورؤ مومكينديكي بارينشا تاريلعان. قاتسوشلار كه يير قيسنسز جاي تاردي دا اتاپ ءوتتي. بول ماسه له ده استين سزيب ايتاتين كه مشليك: شه تهلديكي ه تنيكالىق قازاقتارديك ته گن تانو من موينداؤديك رسمي توره جاساقتالغان جويه سي من ءتارتيبينيك ءالى كونه بولماي وترعانديغي. ءوزينيك اتا- تهگي من تاريحن، جاعداين، ءتيلن ازدي-كوپتي بله تورا، قازاك هكهنديگن دالهلهؤ اوغانديق قانداستار ءوشن قاسره تكه اينالپ وتر! ءتپتي ناتيجه سي نه عايبل دن ك ساراپتاماسنا جۇگنؤديك ءوزي ابهستك هكهنن اتاپ وتميز. بول جاعدايديك الهديك ده گه يدهگي گهرمانيا من يزرايل ؤلگيسي بولا تورپ، مونشالقتي شرعالاك ماسه لهگه اينالؤي مولدم توسنكسز!



### **Қазақстандағы жоғары оқу орындары мен колледждерге мемлекеттік білім гранттары мен әкімшілік гранттары есебінен шетелдегі қазақ жастары білім ала алады**

Қазақстан Республикасы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 554 бұйрығына сәйкес бірқатар оқу орындарында дайындық бөлімі тыңдаушыларын қабылдауды және оқытуды жүзеге асыратынын хабарлайды.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау ҚР БҒМ «Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы» интернет-ресурсында <https://enic-kazakhstan.kz/ru/> жүзеге асырылады. Құжаттарды электрондық нысанда ұсыну мүмкіндігі болмаған кезде қабылдау қағаз түрінде жүзеге асырылады.

Дайындық бөлімдеріне түсу үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

- қабылдау туралы өтініш (электрондық немесе қағаз түрінде);
- жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы;
- Білім туралы құжаттың және оған қосымшаның электрондық көшірмесін немесе қағаз нұсқасын және мөрдiң аудармасын қоса алғанда, сканерленген нотариат куәландырған аударманы (егер құжат толығымен шет тiлiнде болған жағдайда);
- «Қазақстан Республикасының Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шiлдедегi Қазақстан Республикасы Кодексiнiң 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес бекiтiлген нысан бойынша Медициналық анықтама (0-75 медициналық анықтама).

Оқу күндiзгi оқу нысаны бойынша күнтiзбелiк жылдың 1 қазанынан басталады. Оқу мерзiмi 9 айды құрайды.

### **Qazaqstandaǵy joǵary oqu oryndary men kolejderge memlekettik bilim granttary men ákimshilik granttary esebinen şeteldegi qazaq jastary bilim ala alady**

«Qazaqstan Respublikasy joǵary jáne (nemese) joǵary oqu ornynan keingı bilim beru úiymdarynyń daiyndyq bólimderiniń qyzmetin úiymdastyru qaǵidalaryn bekıtu turaly» Qazaqstan Respublikasy Bilim jáne ǵylym Ministrліginiń 2011-jylǵy 30-jeltoqsandaǵy № 554 búiryǵyna säikes birqatar oqu oryndarynda daiyndyq bólimi tyńdausylaryn qabyldaudy jáne oqytudy júzege asyratynyn habarlaydy.

Konkursqa qatysu úşin qújattardy qabyldau QRBǴM «Bolon prosesı jáne akademialyq útqyrlyq ortalyǵy» internet-resursynda <https://enic-kazakhstan.kz/ru/> júzege asyrylady. Qújattardy elektrondyq nysanda úsynu múmkındıǵı bolmaǵan kezde qabyldau qaǵaz túrinde júzege asyrylady.

Daiyndyq bólimderine tüsu úşin mynadai qújattardy úsynady:

- qabyldau turaly ótiniş (elektrondyq nemese qaǵaz túrinde);
- jeke basyn kuälandyratyn qújattyń elektrondyq köşirmesi nemese qaǵaz núsqasy;
- Bilim turaly qújattyń jáne oǵan qosymşanyń elektrondyq köşirmesin nemese qaǵaz núsqasyn jáne mördiń audarmasyn qosa alǵanda, skanerlengen notariat kuälandyrǵan audarmany (eger qújat tolyǵymen şet tilinde bolǵan jaǵdaida);
- «Qazaqstan Respublikasynyń Halyq densaulıǵy jáne densaulıyq saqtau júiesi turaly» 2020-jylǵy 7-şıldedeǵı Qazaqstan Respublikasy Kodeksiniń 7-babynyń 31- tarmaqşasyna säikes bekıtilgen nysan boıynşa Medisinalyq anyqtama (0-75 medisinalyq anyqtama).

Oqu kündızǵı oqu nysany boıynşa küntızbelik jyldyń 1-qazanynan bastalady. Oqu merzımı 9 aidy qúraidy.

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫМЕН КОЛЛЕДЖДЕРГЕ МЕМЛЕКЕТТИК ӘБІЛІМ ГРАНТТАРЫ МЕН АҚМШІЛІК ГРАНТТАРЫ ДЕСЕБІНЕН ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫ ӘБІЛІМ АЛАДЫ

Қазақстан Респуббликасы жоғары және (немесе) жоғары оқу орынан кейінгі әбілім беру ұйымдарының дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қажыдаларын беқтету тұрالی «Қазақстан Респуббликасы әбілім және елім муністерлігінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы №554 бұйрығына сәйкес әбірқатар оқу орындарында дайындық әболімі тәкдаушларын қабылдауды және оқтуды жүзеге әсратыннн хабарлайды.

қонқұрсқа қатсұ әушн қўжаттарды қабылдау қ р б е м «болон протсесі және академіялық ұтқрлық орталы» ынтернет-ресурсында [/https://enic-kazakhstan.kz/ru](https://enic-kazakhstan.kz/ru) жүзеге әсрлады. қўжаттарды електрондық нсандан ұснұ мүмкнндыгі болмаған кезде қабылдау қааз тұрнде жүзеге әсрлады.

дайындық бөлімдеріне әтүсұ әушн мнадай қўжаттарды ұснады:  
• қабылдау тұрالی әотннш (електрондық немесе қааз тұрнде);  
• жеке баснн қўаландыратнн қўжаттық електрондық қошрмесі немесе қааз нұсқасы;

• әбілім тұрالی қўжаттық және өған қосымшанық електрондық қошрмесн немесе қааз нұсқасын және әмордың аудармасын қоса өанда, сканерленген нотарыат қўаландырган аударманы (егер қўжат тölеммен шет тлінде болған жадайда);

• «Қазақстан Респуббликасының халық денсаулығы және денсаулық сақтау жұпесі тұрالی» 2020 жылғы 7 шілдедегі қазақстан Респуббликасы қодеқсының 7-бабының 31 тармақшасына сәйкес беқтлген нсан бойнша медеітснналқы анықтама (0-75 медеітснналқы анықтама).

оқу күндыргі оқу нсаны бойнша күнтізбе лік жылдың 1 қазынан басталады. оқу мерзімі 9 айды құрады.



## ОРЫНБОР ОБЛЫСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫНЫҢ РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНДАҒЫ ӨКІЛДІГІНІҢ ТӨРАЙЫМЫ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУАЗИЯ ҚАЗАҚТАРЫ ҚОҒАМЫНЫҢ ТӨРАЙЫМЫ ТАИКЕШЕВА СӘУЛЕ САВХОЗҚЫЗЫМЕН СҰХБАТ

*Ресей Федерациясының Санкт-Петербург, Орск қалаларында, Орынбор, Саратов, Омбы және Челябині облыстарында, Алтай, Татарстан Республикаларында тұратын этникалық қазақ отбасыларынан шыққан отыз бала Ақтөбе қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде ағымдағы жылдың 20 маусым 2 шілде аралығында өткізілген «Ана тілі әлемі» халықаралық тіл лагерінде демалып қайтқан еді. Осыған орай осы лагердің ұйымдастырылуына атсалысып, басы-қасында жүрген Орынбор облысындағы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Ресей федерациясындағы өкілдігінің төрайымы, Халықаралық Еуразия қазақтары қоғамының төрайымы Сәуле Савхозқызынан сұхбат алған деп едік.*

**- Сәуле Савхозқызы, «Ана тілі әлемі» лагерін өткізу неден бастама алды? Оның ұйымдастырылуына мұрындық болған кім?**





- 2019 жылы Орынбор облысына Ақтөбе облысының әкімі Оңдасын Оразалин ресми іс-сапармен келген еді. Кездесуде Орынборлық тұрғындарға «Қазақстанның бірінші астанасы болған қалада тұрып жатсыздар. Қандай да бір өтініштеріңіз бар ма?» деп сұраған болатын. Сол кезде біз «балаларымыз тілді ұмыта бастады, кейбіреулері тіпті білмейді, сол мәселені шешуге бағытталған жұмыстар жүргізілсе екен» деген тілек білдірген болатынбыз. Тек ана тілін үйреніп қоймай, сондай-ақ балаларымыз ұлттың мәдениеті, салт-дәстүрі, көрікті жерлері туралы ақпараттармен жақынырақ таныстырылса екен, себебі балаларда Қазақстан туралы түсініктері басқаша екен тілек білдірілді. Сол уақыттан бастап облыс әкімі бұл мәселеге назар аударып, әр тоқсан сайын қазақ тілінен сабақ беретін жас мамандарға семинарлар өткізілуіне мұрындық болды. Қазақ тілі мұғалімдері мектептерде қазақ тілі курстарын факультатив сабақтары ретінде өткізуге тырысты. Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастырылуымен тоқсан сайын семинар-жиналастар өткізіліп, оқу құралдарымен қамтамасыз етіп, өздері келіп мастер-класстар өткізіп отырды. Пандемия барысында да қазақ тілінің онлайн мастер-класстарын өткізді. Бірақ бұның бәрі нәтиже бере қойған жоқ, 2019 жылы әкімдікте өткізілген жиында осындай Халықаралық ана тілін лагерін ұйымдастырсақ деген ой тасталған болатын. Осы мәселені 2022 жылы қайта көтеріп, менің тарапымнан тілден басқа қазақ ұлтына

қатысты барлығын қосайық деген ұсыныс айтылды. Ақтөбе облысының әкімі Оңдасын Оразалин мырза осы лагердің ұйымдастырылуына керекті мамандарды тартып, атқарған қажырлы еңбегінің арқасында осы мақсатымызға жетіп отырмыз. Көріп тұрғандарыңыздай, Ақтөбе және Орынбор облыстарының арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум аясында ұйымдастырылған лагерь жоғары деңгейде өтті.



#### - Лагердің бағдарламасы нені қамтыды?

- Лагердің 12 күнге жоспарланған бағдарламасы түрлі оқиғаларға толы болды. Қазақ тілін үйретуге, қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруға басымдық берілді. Лагерге қатысушылар тіл үйреніп қана қоймай, Ақтөбе қаласының мәдени, спорттық, танымдық орындарын аралап, «Kids Book Fest -2022» фестивалін тамашалады. Сонымен қатар балалар сабақтан тыс уақыттарында «Yurta park», «Green land» демалыс орындарында, «Tree Of Life» аквапаркінде, «Көкжайлау Ақтөбе» туристік орталықтарында демалып, Алға ауданындағы Есет Көкіұлының кесенесіне, Қобдадағы Абат-Байтақ мемориалды кешеніне саяхаттады. А.Жұбанов атындағы Ақтөбе музыкалық колледж оқытушылары қазақтың ұлттық аспабы домбыра тартудан, қосымша білім беру ұйымдары педагогтері ұлттық қолөнер бұйымдарын дайындаудан және қазақтың ұлттық тағам түрлерін жасаудан шеберлік





сағаттарын өткізді.

**- «Ана тілі әлемі» лагерінің өзге лагерлерден артықшылығы неде деп ойлайсыз?**

- Біріншіден, біздің лагерь лингвистикалық лагерь болды. Басымдылық балаларға қазақ тілін үйретуге берілді. Сондай-ақ тіл дәстүрмен тығыз байланысты болғандықтан, лагердің бағдарламасында қазақ халқының салт-дәстүріне қатысты іс-шаралар да қамтылды. Сол арқылы балалар ұлтымыздың дәстүрімен жақынырақ танысып, Ресей аумағында тұрып жатқан қандастарымыздың балалары Қазақстан туралы көп ақпарат алды. Назарбаев зияткерлік мектептерінде тұрып, мектептің базасын көріп, еліміздегі этномәдени жерлерді аралады. Бүгінгі таңда Қазақстанның Ресей Федерациясымен шектесетін аймақтары «Ана тілі әлемі» халықаралық лагерінің ұйымдастырылу механизміне қызығушылықтарын таныту үстінде. Қазақстан аумағында жылда өткізілетін жазғы лагерлерден өзгешелігі лагердің қойған мақсатында деп ойлаймын. Біздің лагерь лингвистикалық лагерь ретінде жүз пайыз өз міндетін атқарды. Лагерь шекаралық аймақтарға үлгі болатындай дең-



гейде өтті. Жиналған тәжірибемізді ары қарай дамытып, келешекте өзге аймақтармен бөлісуіміз қажет деп есептеймін.

**- Лингвистикалық лагерлердің Қазақстанның дамуына тигізетін үлесі неде деп есептейсіз?**

- Лингвистикалық лагерь танымдық мазмұнға толы болады. Лагерь ана тілінің әсемдігі мен байлығын аша отырып, кемел тұлғаны қалыптастыруға, патриоттық сезімдерін дамытуға бағытталады. «Ана тілі әлемі» халықаралық лагерінің мақсаты - балалар жылы аясында олардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастырып, қазақ тілін үйрете отырып, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіру, қазақ халқының салт-дәстүрлерін дәріптеу, патриоттық сезімдерін, тарихи Отанына,



атамекеніне деген сүйіспеншілігін қалыптастыру болды. Лагерь бағдарламасына сәйкес балаларға негізінен қазақ тілін үйренуге басымдық берілді. Нәтижесінде балалардың Қазақстанға деген сүйіспеншіліктері арта бастады, келешекте елімізге оралып, өмір сүруді аңсады.

**- Ары қарайғы жоспарларыңыз қандай?**

- Менің мақсатым - Ресейде тұрып жатқан қандастарымызды



Қазақстанның мәдениетімен жақынырақ таныстыру. Соның ішінде «Туған тіл» журналының тарату жұмыстарымен айналысу. Сондай-ақ шекаралық аймақтардағы осындай үлгідегі лагерлердің ұйымдастырылуына мұрындық болу. Алтай, Орал аймақтарының басшыларымен жүздесіп, осы тәжірибеммен бөлісем бе деп едім. Біз Орынборда да осындай лагерь ұйымдастырғымыз келеді, алайда Ресейдің билігі ондай мүмкіндігіміздің жоқ деп отыр. Сол себепті Қазақстанның Ресей аумақтарымен шектесетін аймақтарында ғана емес, Алматы, Нұр-Сұлтан сияқты ірі қалаларында да осындай тіл лагерлері көптеп ұйымдастырылса екен деп тілеймін. Сөйтіп мұндай деңгейдегі лагерьді тұрақты түрде өткізіліп тұратын механизмге айналдырсақ деген ниетім де бар, себебі бұндай лагерьдің еліміздің дамуына қосатын үлесі зор.

- Сұхбатыңызға көп рақмет, ісіңізге сәттілік тілейміз!
- Рақмет!



**ORYNBOR OBLYSYNDАҒЫ HАLYQARALYQ  
«QAZAQ TILI» QOҒAMYNYҢ RESEI  
FEDERASIASYNDАҒЫ ÖKILDIGINIҢ TÖRAIYMY,  
HАLYQARALYQ EURAZIA QAZAQTARY  
QOҒAMYNYҢ TÖRAIYMY  
TАIKEŞEVA SÄULE SAVHOZQYZYMEN  
SÜHBAT**

*Resei Federasiasynyñ Sankt-Peterburg, Orsk qalalarynda, Orynbor, Saratov, Omby jäne Şelabi oblystarynda, Altai, Tatarstan Respublikalarynda тұратын этникалық қазақ отбасыларынан шыққан отыз бала Aqtөbe қаласындағы Nazarbaev ziatkerlik mektebinde ағымдағы жылдың 20-маусым – 2-шілде аралығында өткізілген «Ана тили әлемі» халықаралық тил лагерінде демалып қайтқан еді. Осыған орай осы лагердің үйімдастырылуына атысалысып, басы-қасында жүрген Orynbor облысындағы Hалықаралық «Qазақ тили» қоғамының Resei федерасиясындағы өкildiginiñ төрайымы, Hалықаралық Eurazia қазақтары қоғамының төрайымы Säule Savhozqyzynan сұhбат алған деп едік.*

**- Säule Savhozqyzy, «Ана тили әлемі» лагерін өткізу neden bastama aldy? Onyñ үйімдастырылуына мұрындық болған ким?**

- 2019-жылы Orynbor облысына Aqtөbe облысының әкімі Oñдасын Orazalin ресми іс-сапармен келген еді. Kezdesude Orynborлық тұрғындарға «Qазақстаның бірінші астанасы болған қалада тұрып жатсыздар. Qандай да бір өтіністеріңіз бар ма?» деп сұраған болатын. Sol kezde биз «balalarymyz тилди ұмыта bastady, keibireuleri тipti билмедиді, sol мәселені шеşуге бағытталған жүмыстар жүргизилсе екен» деген тилек билдирген болатынбыз. Tek ana тилн үйренуп qoimai, sondai-aq balalarymyz ұлттыñ мәдениеті, salt-дәстүрі, көрикти jerleri туралы ақпараттармен жақынрақ таныстырылса екен, себебі балalarda Qазақстан туралы түсиниктери басқаша екен тилек билдирилди. Sol uaqyttan bastap oblys әкімі бүл мәсеlege nazar audaryp, әr toqsan сайн қазақ тилинен sabaq беретін jas mamandarға seminarlar өткізілуіне мұрындық boldy. Qазақ тили мұғалімдері mektepterde қазақ тили курстарын fakültativ sabaqtary retinde өткізуге тырсты. Aqtөbe облысының тилдерди damytu basqarmasynyñ үйімдастырылуымен toqsan сайн seminar-jinalastar өткізілип, oqu құралдарымен qamtamasyz etip, өздері келип master-klastar өткізіп otyrdy. Pandemia барысында да қазақ тилинñ onlain master-klastary өткізілди. Бірақ



būnyñ bārı nātije bere qoiğan joq. 2019-jyly äkımдікте ötkızılgen jiynda osyndai Halyqaralyq ana tılın lagerın üiymdastyrsaq degen oi tastałğan bolatyn. Osy мәселені 2022-jyly qaita köterip, meniñ tarapymnan tılden basqa qazaq ũltyna qatysty barlyğyn qosaiyq degen ũsynys aityldy. Aqtöbe oblysynyñ äkımı Oñdasyn Orazalin myrza osy lagerdın üiymdastyryluyna kerekti mamandardy tartyp, atqarğan qajyrly eñbeginiñ arqasynda osy maqsatymyzğa jetip otyrmyz. Körip tūrğandaryñyzdai, Aqtöbe және Orynbor oblystarynyñ arasyndaғы yntymaqtastyq turaly memorandum aiasynda üiymdastyryłğan lager joğary deñgeide ötti.

#### **- Lagerdın bağdarlamasy neni qamtydy?**

- Lagerdın 12 күнге josparlanğan bağdarlamasy türlı oqiğalarğa toly boldy. Qazaq tılın üiretuge, qazaq halqynyñ salt-dästürlerimen tanystyruğa basymdyq berildi. Lagerge qatysuşılar tıl üirenip qana qoimai, Aqtöbe qalasynyñ мәдени, sporttyq, tanymdyq oryndaryn aralap, «Kids Book Fest -2022» festivalın tamaşalady. Sonymen qatar balalar sabaqtan tys uaqyttarynda «Yurta park», «Green land» demalys oryndarynda, «Tree Of Life» akvaparkinde, «Kökjailau Aqtöbe» turistik ortalyqtarynda demalyp, Alğa audanyndaғы Eset Kökiülynyñ kesenesine, Qobdadaғы Abat-Baitaq memorialdy keşenine saiahattady. A.Jūbanov atyndaғы Aqtöbe muzykalyq koledj oqytuşıлары qazaqtyñ ũlttyq aspaby dombyra tartudan, qosymşa bilim beru üiymdary pedagogterı ũlttyq qolöner būiymdaryn daiyndaudan және qazaqtyñ ũlttyq tağam türlerin jasaudan шеберлік sağattaryn ötkızdı.

#### **- «Ана тılı әлемі» lageriniñ özge lagerlerden artyqшылығы nede dep oilaisyz?**

- Bırınşıden, bızdın lager lingvistikalyq lager boldy. Basymdylyq balalarğa qazaq tılın üiretuge berildi. Sondai-aq tıl дәstürmen тығыз bailanysty bolğandyqtan, lagerdın bağdarlamasynda qazaq halqynyñ salt-dәstürine qatysty is-şaralar da qamtyldy. Sol arqyly balalar ũltymyzdyñ дәstürimen jaqynyraq tansyp, Resei aumağыnda тұрып jatqan qandastaryмызdyñ balalary Qazaqstan turaly köp aqparat aldy. Nazarbaev ziatkerlik mektepterinde тұрып, mekteptiñ bazasyn körip, elimizdeгі etnomәдени jerlerdi aralady. Bügingi таңда Qazaqstannyñ Resei Federasiyasymen шекtesetin аймақтары «Ана тılı әлемі» halyqaralyq lageriniñ üiymdastyrylu mehanizmine qyzyғушыlyqtaryn tanytu üstinde. Qazaqstan aumağыnda jylda ötkıziletin jazғы lagerlerden özgeşeligі lagerdın qoiğan maqsatynda dep oilaimyn. Bızdın lager lingvistikalyq lager retinde жүз paiyz öz mindetin atqardy. Lager шекаралық аймақтарға үлгі болатындай deñgeide ötti. Jinalğan

täjiribemızdı ary qarai damytyp, keleşekte özge aimaqtarmen bölisumız qajet dep esep teimın.

**- Lingvistikalyq lagerlerdiñ Qazaqstannyñ damuyna tigizetin ülesı nede dep esep teısız?**

- Lingvistikalyq lager tanymdyq mazmünğa toly bolady. Lager ana tiliniñ äsemdıǵı men bailyǵyn aša otyryp, kemel tülǵany qalyptastyruǵa, patriottyq sezımderin damytuǵa baǵyttalady. «Ana tılı älemi» halyqaralyq lageriniñ maqsaty - balalar jyly aiasynda olardyñ jazǵy demalysyn timdi üiymdastyryp, qazaq tilin üirete otyryp, ülttyq qünylyqtardy boilarına sıñıru, qazaq halqynyñ salt-dästürlerin däreıpteu, patriottyq sezımderin, tarihi Otanyna, atamekenine degen süıspenşılıǵın qalyptastyru boldy. Lager baǵdarlamasına säikes balalarǵa negızinen qazaq tilin üirenuge basymdyq berildi. Nätijesinde balalaryñ Qazaqstanǵa degen süıspenşilikteri arta bastady, keleşekte elimızge oralyp, ömir sürudi añsady.

**- Ary qaraıǵy josparlaryñyz qandai?**

- Meniñ maqsatym - Reseide türyp jatqan qandastarymyzdy Qazaqstannyñ mädenietimen jaqynyraq tanystyru. Sonyñ işinde «Tuǵan til» jurnalynyñ taratu jumystarymen ainalysu. Sondai-aq shekaralyq aimaqtardaǵy osyndai ülgıdeǵı lagerlerdiñ üiymdastyryluyna müryndyq bolu. Altai, Oral aimaqtarynyñ basşylarymen jüzdesip, osy täjiribemmen bölissem be dep edim. Biz Orynborda da osyndai lager üiymdastyrǵymyz keledi, alaida Reseidiñ bilıǵı ondai mümkindiǵımızdiñ joq dep otyr. Sol sebepti Qazaqstannyñ Resei aumaqtarymen shektesetin aimaqtarynda ğana emes, Almaty, Nür-Sül tan siaqty ırı qalalarynda da osyndai til lagerleri köptep üiymdastyrylsa eken dep tileimın. Söitip mündai deñgeideǵı lagerdi тұraqty түrde ötkızılıp тұratyn mehanizmge ainaldyrsaq degen nietim de bar, sebebi bündai lagerdiñ elimızdiñ damuyna qosatyn ülesı zor.

**- Sühbatyñyzǵa köp raqmet, ısıñızge sättılık tileimız!**

**- Raqmet!**



## АСАНБАЕВА СӘУЛЕ АСАНБАЙҚЫЗЫ

*Филология ғылымдарының кандидаты,  
профессор м.а. Қазақ ұлттық  
қыздар педагогикалық университеті*



# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕГІ САЯСИ ЖАРНАМАНЫҢ ТІЛДІК СИПАТЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі қазақ қоғамында жарнаманың әлеуметтік рөлінің артуы жарнама тілі мен жарнама мәтіндерінің ерекшеліктерін анықтауда әлеуметтік лингвистика, психоллингвистика, прагматика, стилистика, коммуникация теориясы тұрғысынан зерттеулер жүргізу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Ал еліміздегі жарнама тілінің ахуалын ескерсек, бұл жарнама ғылымының дамуы мен жарнама туралы білімді жан-жақты жетілдіру үшін де аса маңызды.

Тіл білімінде жалпы жарнама тілі соңғы он бес-жиырма жылдың көлемінде ғана зерттеле бастады. Кеңестік кезеңде жарнаманың дәл қазіргідей формалары мүлдем болған жоқ, зерттеушілердің пікірлеріне сүйенсек, ол кезде жоспар-

лы экономика мен коммунистік партия, кеңестік идеологияны насихаттауға бағытталған ұрандар ғана болған. Сондықтан жарнама тақырыбын тоқсаныншы жылдарға дейін қозғаусыз жатқан тың тақырып болды деп айтуымызға болады. Нарық қоғамында жарнама ұғымының қамтитын мазмұны, көлемі ұлғайды. Еліміздің экономикалық, саяси, мәдени өмірінде жарнаманың маңызы ерекше болып, кең қолданысқа түсіп отыр.

Нарықтық еңбек қарым-қатынасындағы бәсекелестік артуы жарнамаға деген қажеттілікті арттыруда. Жарнама ісі нарықтық экономиканың дамуына байланысты күн сайын біздің өмірімізді кеңінен қам-

тып, берік орын алуда. Сол себептен, жарнама мәселесінде айтылатын, жазылатын, зерттелетін мәселелері әлі жеткілікті. Қазіргі қазақ қоғамында, қоғам нарықтық қарым-қатынастарға көшкен уақытқа жарнаманың рөлі жоғары, ол маңызды қызмет атқарады. Өйткені ол – нарықтық қарым-қатынастардың бір құрамдас бөлігі, нарықтық қоғамның бір атрибуты. Бұл нарықтық қарым-қатынастағы қоғам дамуында жарнаманың ықпалы өлшеусіз деген сөз.

XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басында лингвистиканың дамуы тілді жаңа парадигмалық білім, яғни когнитивтік, коммуникативтік, этномәдени тұрғыдан қарастырып, қазіргі заман лингвистикасында тілге функциональды-коммуникативті және тілдік қатынас тұрғысынан келуді және коммуникацияның дәстүрлі формасымен қоса жаңа үлгілерді де қарауды талап етеді. Бұл қазіргі жарнама тіліне тікелей қатысты. Себебі, жарнама тілінің ерекшелігі әлеуметтік факторларға, яғни ұлттық құндылықтарға және мәдениаралық, яғни халықтардың бір-бірімен ықпалдастығына тікелей қатысты тілдік бірліктер арқылы қалыптасады.

Қазақстанның нарықтық-экономикалық қатынаста даму үрдісі жарнамаға барлық қырынан қа-

рауды талап етіп отыр. Демек жарнама мен жарнама тілі ерекшеліктерін сан салалы жағынан зерттеу, онан шыққан пайдалы нәтижелерді халыққа ұсыну бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр.

Республикамызда қазіргі кезде жарнама тіліне байланысты кандидаттық диссертациялар қорғалып, ғылыми еңбектер жарияланды. Солардың ішінде жарнама тіліне байланысты ең алғашқы еңбектердің бірі – С.А.Асанбаеваның 1999 жылы қорғалған «Жарнама саласында мемлекеттік тілді қолданудың социолингвистикалық өзекті мәселелері» атты кандидаттық диссертациясын айтуымызға болады. Бұл зерттеуде жарнама саласында тілді қолданудың өзекті мәселелері, жарнама тілінің социолингвистикалық өлшемі мен айырым белгілері анықталып, жарнама тілінің психолингвистикалық ерекшеліктері және жарнама саласында мемлекеттік тілдің қолданылу мәселелері қамтылған [1].

2001 жылы Ғ.Ә.Солтанбекованың «Қазақ жарнамалары: тілдік сипаты және олардың ықпал ету қызметі» атты тақырыптағы қорғалған кандидаттық диссертациясында қазақ жарнамаларының тілдік сипаты мен тұтынушыға ықпал ету қызметі, жарнаманың вербалды емес

құралдарының ұлттық мәдениетке қатыстылығы, сондай-ақ, жарнаманың мәтіндік сипаты мен ондағы әдеби тілдегі терминденген сөздердің қолданылуы және олардың прагматикалық қызмет атқарудағы арасалмағын қарастырған [2].

Қазақ қоғамындағы жарнама саласының қалыптасуының тарихи-мәдени алғышарттары мен жарнама тілінің лингвопрагматикалық сипатын анықтауға бағытталған ғылыми-зерттеу жұмысы ретінде М.М.Увайсованың «Жарнама тілі: лингвопрагматикалық аспект» (2010ж) атты кандидаттық диссертациясын айтуымызға болады. Ғылыми еңбекте жарнама тілінің коммуникативтік-прагматикалық қызметі, жарнама мәтіндерін сөйлеу актісі мен оны жүзеге асу контексті талданып, жарнаманың прагматикалық сипатын көрсететін тілдік және тілдік емес құралдар түрлері жан-жақты талданған.

Қазіргі таңда жарнама тілінің ғылыми-теориялық мәселелерін қамтыған мақалалар арнайы ғылыми конференциялардамен мен жарнама мәтіндеріндегі қателіктер мен әсіресе жарнама мәтіндеріндегі қателіктер мен олқылықтар жөніндегі пікірлер БАҚ-да жиі жариялануда.

Еліміз тәуелсіздік алып, нарықтық экономика жолын таңдағаннан бері өзінің өндіргіш

күштерінің деңгейін өсіріп, өнеркәсібін дамыту жолында қажымай еңбек етуде. Міне, осындай экономиканы жаңадан өркендету жолында қызмет етіп отырған жағдайда елімізде болып жатқан түрлі саяси жаңалықтар мен өзгерістерді дер кезінде халыққа жеткізіп отыратын жарнама хабарлары деп білсек, онда бұл саланың аяқтануы да, дамуы да шешілуге тиісті өзекті мәселелердің бірі екені айтпасақ та түсінікті. Демократиялық даму жолын таңдаған еліміздің саяси өміріндегі жарнаманың қарқынды дамуы осы саладағы саяси жарнаманың қалыптасуы мен жарнама дискурсының арнайы зерттеу нысанына айналуы заңды құбылыс деп есептейміз.

Соңғы жылдары Қазақстанда, сондай-ақ ТМД елдерінде саяси жарнама әр түрлі партиялар мен ұйымдар, одақтар арасында бәсекені мейлінше үдетуге атсалысуда. Айталық, 1995 жылдың 9 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Парламент мәжілісі депутаттығына сайлау кезінде депутаттықа кандидаттары насихаттауға байланысты жарияланған саяси жарнамалар, 2005 жылдың 4 желтоқсанындағы Президент сайлауы барысында да қоғамдық ұйымдар мен бұрыннан саяси ұйым ретінде танылған партиялардан сайлауға түсетін өкілдер жөнінде теледи-

дар мен радио, баспасөз құралдары арқылы берілген қазақ, орыс тілдерінде жарнамалар және саяси жүйедегі өзгерістер халыққа газет-журналдардағы мақалалар, теледидардағы хабарлар мен суреттемелер көмегімен жеткізілді.

Сондай-ақ, Елбасының 1997 жылы 1 қазанда қабылданған Қазақстан-2030 Стратегиясы – ел дамуының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық бағдарламасы, Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы сондай-ақ Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына елдегі жағдай мен Республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жыл сайын арнайтын жолдаулары телерадио эфирлерінде берілді, газет беттерінде жарияланды, жарнамалық қалқандарға ілінді және Қазақстандағы республикалық мәртебеге ие «Қазақстан» РТРК» АҚ, «Хабар» Агенттігі» АҚ, «КТК» АҚ, «НТК» ЖШС, «Рахат-ТВ» ЖШС, «Астана қ.телевидениесі» ЖШС, «31 канал» ТРК ЖШС, «Эра» Телерадиокомпаниясы» ЖШС, Қазақстан Европа плюс» ЖШС, «Азия-орыс радиосы» ЖШС, «NS радио» ЖШС және т.б. жүргізілетін арнайы бағдарламаларда насихатталып, республика көлемінде шығатын газет-журналдарда кеңінен насихатталды.

Саяси жарнаманың мазмұны

мен түрлері көпқырлылығымен танылып, жанама және тікелей саяси жарнаманың технологиялары қатар қызмет атқара бастады. Елімізде саяси жарнама технологиялары пайда болып, қарқынды дами бастады. Айталық, саяси жарнамалардың жаңа формалары 2011 жылғы Президент сайлауы мен 2012 жылғы Парламент сайлауы науқанында пайда болып, отандық саяси технологиялар мектебінің ілгері жылжығандығы айқын көрінді.

2011 жылдың 31 қаңтарында Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев мерзімінен бұрын президент сайлауын өткізу туралы шешім қабылдады. Бұл сайлауға Қазақстан Коммунистік Халық партиясынан Ж.А.Ахметбеков, «Табиғат» экологиялық одағының жетекшісі М.Х.Елеусізов, Қазақстанның патриоттар партиясынан Ғ.Е.Қасымов, «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясынан Президент Н.Ә.Назарбаев қатысты. Еліміз үшін осындай маңызды саяси оқиғаға өнер атсалысып, «Қазақстан үшін дауыс бер» акциясын бастады. Қазақстанның ұялы байланыс компаниялары да «Өз таңдауыңызды жасаңыз! деген ұрандармен насихат жұмыстарын жүргізді. Саяси жарнама науқанында Қазақстан Коммунистік Халық партиясынан шыққан Ж.А.Ахметбеков «Әділ күрес –



таза жеңіс! Саясатқа бәсекелестік пен сайысты қайтару!» деген ұрандарымен «Мой мир@mail.ru» әлеуметтік желісін, әлемдік «Facebook», «Twitter» ақпараттық желілерін, www.knprk.kz сайты қолданып үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Ел президентіне үміткер экология мәселесін ұстанған «Табиғат» экологиялық одағының жетекшісі М.Х. Елеусізов «Болашақ бізбен», «Бізбен Болашаққа» секілді бір-біріне ұқсас келетін ұрандармен бастады. Патриоттар партиясының кандидаты Ғ.Е.Қасымов сайлауда «Шындық пен жауапкершілік жолында» үндеуі арқылы көрінді. Сондай-ақ, «Менің жолым – менің халқымның жолы», «Біз халықпен біргеміз» деген жалынды ұрандарымен танылды. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты сайлауалды бағдарламасын ұсынып, Қазақстан халқына Жолдауындағы жеделдетілген экономикалық жаңғырту мен әлеуметтік жаңғырту – жаңа әлеуметтік саясат деген негізгі идеясымен насихат жүргізді. Осы сайлау науқанында «Біз Елбасыға дауыс береміз!», «Елбасымен бірге, алға!» ұрандары халыққа кеңінен танылды.

Қазақ жарнамаларының ықпал ету қызметі үшін әлемдік мәдениетке тән вербалды емес құралдардың бір қатары рецепи-

ентте жағымсыз қабылдауды тудырады. Демек, өзге халықтардың ұлттық қабылдауына, мәдениетіне тән белгілер қазақ халқының ұлттық қабылдауындағы тұрақты стереотиптеріне көп жағдайда сәйкес келмейді.

Біріншіден, қазақ жарнамаларында ұлттық мәдениеттің белгілері вербалды емес құралдар ретінде пайдаланылады (ұлттық ою-өрнек; ұлттық киім; дастархан; қазақ отбасы; қарт-немере және т.б.) ұғым концептілеріне қатысты бейвербалды элементтер қолданылады. Бұл тәсіл прагматикалық қызметі үшін маңызды рөл атқарады. Бірақ кей жағдайда кейбір қазақ жарнамаларында жарнамаланатын өнімнің, тауардың рецепиентке (қабылдаушыға) тікелей бағытталатыны ескерілмей, ұлттық мәдениеттің белгілерінің насихатталуы басым болатындығы кездесіп отырады, басқаша айтқанда, кейбір жарнамаларда негізгі тақырып көрінбей, ұлттық мәдени белгілер негізгі тақырыпты ығыстыратын жайттар кездеседі.

Мәтіннің шағын көлемді мәтін түрі ретінде жарнама – әдеби тілдің лексикалық құрамының қазіргі дамуын көрсете алатын тармақтардың бірі. Жарнама мәтіннің лексикалық құрамында стильдік реңкі бар лексика кеңінен қолданылады. Газеттік – публицистикалық стильге тәне осын-

дай айырым белгілерді қамтитын жарнама қазіргі әдеби норма талаптарына сәйкес рәсімделіп жазылғанда ғана өзінің ақпарат беру және ықпал ету қызметтерін толыққанды орындай алады.

Бұдан шығатын тұжырым, тауар мен өнімдердің, қызмет түрлерінің жарнамаланып отыруын реттейтін жарнама агенттіктері қажет және олар мемлекеттік тілді жетік меңгерген, қазақ халқының этномәдениетін толық хабардар, сондай-ақ басқа тілдерді де жақсы білетін тілші мамандармен, аудармашылармен жасақталуы тиіс.

Қазіргі уақытта Қазақстанда саяси жарнама қарқынды даму

үстінде. Қазақстан қоғамында, нарық экономикасы жағдайында саяси жарнамаға жан кірді және ол әлеуметтік өміріміздің бөлінбес бір бөлігіне айнала бастады. Сонымен қатар жарнаманың саясат, экономика, мәдениет, идеология саласындағы қызметі де арта түсті. Қоғамымыздағы әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгерістер ғылымда жаңа бағыттың тууына әкелді. Солардың ішіндегі қазіргі ең маңызды сала саяси жарнама мәтіндерінің тілі мен оның прагматикалық ерекшеліктерін зерттеу өзекті мәселе екені белгілі.

*\* Мақала 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP09259988 гранты).*

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Асанбаева С.А. Мемлекеттік тілдің жарнама саласындағы социолінгвистикалық өзекті мәселелері: филол.ғыл.канд.дисс. - Алматы, 1999, 122 б.
2. Солтанбекова Ғ. Қазақ жарнамалары: тілдік сипаты және оның ықпал ету қызметі: филол.ғыл.канд.дисс. - Алматы, 2001, 132 б.
3. Увайсова М.М. Жарнама тілі: лингвопрагматикалық аспект: фил. ғыл.канд.дисс.../ Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, -Алматы, 2010, 130 б.







**ӘБДІРАХМАН АЙЖАН**

*гуманитарлы ғылымдар магистрі*

## **ҚАЗАҚЫ ҰЛТТЫҚ КОДТАРДЫ (САЛТ-ДӘСТҮР, МӘДЕНИЕТ) САҚТАП ҚАЛҒАН ЛИНГВОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕР (ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР МЕН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР, АФОРИЗМДЕР)**

*Аннотация.* Мақалада қазақы ұлттық кодтарды сақтап қалған лингвомәдени бірліктер (тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер, афоризмдер) қарастырылады. Лингвомәдени құзыреттіліктің негізі болып табылатын және мәдениетаралық қарым-қатынасты нығайтуға ықпал ететін тілдегі лингвомәдени бірліктерді зерттеу қазіргі тіл білімінде өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Әртүрлі лингвомәдениеттердің өкілдері қоршаған шындықты әр түрлі қабылдайды және түсіндіреді. Лингвомәдени бірліктерде көбінесе мәдени-ұлттық стандарттармен, ұлттық мәдениеттің стереотиптерімен байланысты аспектілер кодталады, олар әлем, қоғам және тұтастай алғанда осы лингвомәдениет туралы мәдени ақпаратты қамтиды. Зерттеуімізде тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердің семантикасында халық мәдениетінің даму үдерісі, мәдени көзқарастар мен стереотиптер, құндылықтар мен стандарттар көрініс табатыны дәлелденеді.

*Кілт сөздер:* лингвомәдени бірліктер, ұлттық код, фразеологизмдер, менталитет, дәстүр, мәдениет

Лингвомәдени бірліктер ұлттың болмысын, ерекшелігін, сол ұлттың өзіне тән ой өрісі мен мінез-құлқын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, менталитеті мен басқа ұлттан ерекшелігін байқататын тілдік бірліктердің мағынасы арқылы, яғни сол атауға таңбаланған бейне мен ситуация мазмұны арқылы анықталады. Лингвомәдениеттану – мәдениет пен тілдің өзара қатынасының тілдегі көрінісін зерттейді. Сондай-ақ ол – ұлттық болмыстың тілдегі көрінісін тіл деректері

арқылы этнолингвистика, этномәдениеттану, этнопсихология сияқты салалармен байланыста зерттейтін кешенді ғылым болып табылады. Демек, лингвомәдениеттану ұлтпен (этносмен) тығыз байланысты. А.Байтұрсынұлы сөзімен айтсақ: «Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады» [1,142 б.].

Қазақ халқының өзіндік ұлттық ойлау ерекшелігі – дүние шындығын көркем образбен қабылдауы, шешендік сөз өнерін ұлт менталдығы ретінде көрсетуі, қала берді табиғат аясындағы көшпелі өмір салты – бәрі – ішімдегінің бәрі – тілімде, тілімдегінің бәрі – түрімде» дегендей қазақ ұлтының психологиялық терең болмысын байқатады.

Тіл, мәдениет пен өркениет арасындағы қатынастар өте күрделі. Олар психологиялық, әлеуметтік және саяси өлшемдерден, ұғымдардан тұрады. Дегенмен, тіл, мәдениет, өркениет арасындағы ерекше байланыстың барлық жерде басты рөл атқаратынын үзілді-кесілді мойындауға болмайды. Себебі ол байланыс барлық жерде біркелкі емес. Бұл жағдай оларға берілетін сипаттамаларға, тіпті сол байланыстардың табиғатына, бірінші кезекте тарихтың тіл мен мәдениет, өркениет арасында орнатқан, әлі де орната беретін түрлі қатынастарына байланысты. Тіл мен мәдениет екі түрлі семиотикалық жүйеде танылғанымен, бір-бірін толықтыратын, өзара тығыз байланысты тұтас жүйе. Мәдениет – қоғамдық фактор, оның мәдени тұғырға көтерілуіне әлеуметтік фактордың ықпалы зор. Өйткені бір этностың мәдениеті екінші этносқа оның тілдік таңбалары арқылы баяндалады.

Менталитет – рухани болмыс тарихының сығымдалған және тұрақты негізде қордаланған формасы ретінде жеке адамдар мен әлеуметтік топтардың дүниетанымында орын алатын ерекше көрініс десек, қазақ менталитетін танытатын айрықша қасиеттер қатарына даналықты жатқызуға болады. Мәдениет пен дәстүрде, дүниетанымдық ұстанымдар мен көзқарастарда біртұтас феномендік деңгейде көрініс беретін даналық қазақ тілінің паремиологиялық қорының ділдік арқауын құрайды. Мақал-мәтелдерде даналық адам мен табиғат, қоғам мен адам, адам мен адам арасындағы қатынастарда көрініс беретін білім мен іс-тәжірибенің, адамгершілік пен парасаттың, ақыл мен ойдың, қайрат пен сезімнің бірлігі, іштесуі мен астарласуы, біртұтас тануы түрінде сипатталады. Мәселен, адам мен табиғат арасындағы

қатынаста даналық «өзін табиғаттың «бел баласы» санаған қазақтың философиялық толғанысы түрінде көрініс береді: *Адамгершілікке арналған үш сауал бар: шөлге құдық қазған бір сауап, өзенге көпір салған бір сауап, жолға ағаш еккен бір сауап, Жаңбыр бір жауса, терек екі жауады.*



Академик Ә.Қайдардың: «Мақал-мәтелдер де этнолингвистика арналарының ең құнарлы бұлақтарына жатады. Әрбір мақал-мәтелдің бойына этнос болмысына, оның рухани заттық мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сеніміне т.б. қатысты бай информация жинақталғанын ескерсек, олардың этнос болмысын танып-білуге қосар үлесі зор» деген пікірі осыны аңғартса керек [4,25 б.].

Мақал сөзді қолданудағы мақсат – тыңдаушыға өсиет түрінде немесе ескерту, кеңес беру формасында ізгі ықпал ету. Ұлттық тәрбие халықтың өмірлік тәжірибесі берген эстетикалық, этикалық нормалардың жас буынның санасына өшпестей ұялап, оның іс-әрекет дағдысынан айқындалуы мұрат болып орныққан. Атақты педагог К.Д.Ушинский: «Халықтық тәрбиенің тәжірибесінен тыс жерде педагогика да, педагог та жоқ» деген еді. Ал осы тәжірибе халық өмірінің бүкіл саласын, материалдық та, рухани да құндылықтарын қамтиды. Адамның парасат болмысының толысуы өзін-өзі тәрбиелеу барысында жүзеге асатын үдеріс. Нақыл сөздерді жиі естігенде құлақ арқылы санаға бекіп, ізгі қасиеттердің адам бойында жетілуіне түрткі болады. Сонымен қатар мақал-мәтелдер өмірлік қағида ретінде ой-жүйеде жатталады да, іс-әрекет сәтінде, белгілі бір ситуацияда игі қадам жасауға себін тигізері мәлім. Шынайы ұлттық тәрбиедегі рухани тағылымды мәңгіге жалғастырушы даналықтың негізі осы мақал-мәтелдер болғандықтан, қазіргі педагогикалық процесс барысында да, отбасы жағдайында да нақыл сөздерді қолдану қажет. Түпкі мәнін талдап-түсіндіру ісін де қолға алған жөн.

Ғасырлар бойы ұрпаққа ауыздан-ауызға тарап, мәнін жоймай сақталған мақал-мәтелдерден қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, дүниеге деген көзқарасын, арман мүддесіне дейін байқауға болады. Мағынасы терең, ойды дәл берген мақалды кез келген дау-жанжалда, халық өміріне қатысты қажетті шешім қабылдағанда орнымен қолданудың маңызы зор болған. Ал ондай кезде «Аталы сөзге арсыз жауап береді» деп, қандай жғдайда болмасын орнымен айтылған жүйелі сөзге тоқтаған. «Мал бақсаң қойдан бақ, май кетпейді шараңнан», «Ат шаппайды, бап шабады». «Жатқанға жан жуымас, Жалқауға жан жуымас», «Ұрыға мал құтаймас», «Жортуылшының басы жолда қалады». «Жылқы – малдың патшасы» деп ойын анық аңғартып отырған. Бір айта кетерлігі, қазақ мақал-мәтелдерінің басты ерекшелігі қанша уақыт өтсе де мәнін жоймаған, ескірмеген.

Қазақ халқы салт-дәстүрлерге өте бай. Асқа, тойға қатысты салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптары да көп, тілімізде оларға байланысты фразеологизмдер де молынан кездеседі. Сондай-ақ төмендегідей дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды мысалға келтіруге болады:

*Күзем шай* – әрбір істің басталуы мен сәтті аяқталуын қазақ атаусыз қалдырмайды. Мысалы, күзем алынып болған соң, әр үй бір-бірін шайға шақырып, дәм татырады [1,142 б.].

*Ауыз тиді* – бір үйге дәм үстінен келген адамға дәмнен ауыз тигізу. Бұл – ежелден қалыптасқан салт.



*Қол кесер* – соғым союшыларға еттен берілетін сыбаға. Соғым союшылар еңбегіне ақы сұрамайды, бірақ үй иесі құр қол жібермей, қол кесер береді.

*Қазан жарыс* – әйел толғатып жатқанда оның жақын абысындары қаазанға тамақ салады да: «Қара қатын бұрын босана ма, әлде қара қазан бұрын пісе ме?» деп «жарысады». Бұл ертеден келе жатқан ырым.

*Шек берді* – құрбан айт алдында мұсылмандар ата-ба-

ба, жақын туыстарына арнап, мал сойып, қарт адамдарды шақырып, тамақ беріп, дұға оқытады.

*Дәм татырды* – өзінің туған-туыстары мен жақындарына, құрметті азаматтарына ақсақалдарға, аналарға өз үйінен дәм татыруды үлкен парыз, мұрат деп санаған.

*Ас қайырды* – тамақтанып болған соң, оны батамен қайырады. Ас қайыру тілек, батамен айтылады. Оны өлеңмен де, қара сөзбен де жеткізуге болады.

«Қызғыштай қору» фразеологизмі «қорғаштады, ара тұрды» деген мағынаны білдіреді. Мысалы, Оның айналасындағы адамдардың арасында оны ұлықтаудан жарыс



болған жоқ, есесіне олар оның көшбасшылық беделін қызғыштай қоритын, оның жетістіктеріне қылау түсірмеуге тырысатын.

Фразеологиялық сөздікте «қызғыштай қору» фразеологизмі «ештеңені жуытпады, қанаттыға қақтырмады, тұмсықтыға шоқыттырмады, көзінің қарашығындай сақтады» деп көрсетілген. Демек, берілген сөйлемдегі мағынасы да осы сөздіктегі мағынамен бірдей деуге негіз бар. Бүгінде фразеологизм мағыналық өзгеріске түскен, адамға бағытталған. Адамның жанын салатын, айрықша қарым-қатынасын образды түрде жеткізеді, мұнда қандай да бір әрекет, объекті туралы субъектінің немесе ұжымның айрықша қамқорлығы көрініс тапқан.

Дінмұхамед Қонаевты асыра мақтап, ешкім оған жағымпазданбайтын, оның шашбауын көтермейтін. Осындағы «шашбауын көтерді (көтеріп жүр, көтеріп келеді)» фразеологизмі – біреуге жағынды, сөзін сөйлеп жағымпазданды, қошеметтеді» деген мағынаны білдіреді [5,757 б.].

«Шашбауын көтеру» – әуел баста тура мағынаны білдірген ер-

кін сөз тіркесі ретінде қолданылған. Бертін келе шашбаудың қолданыстан шығуына, яғни архаизмге айналуына байланысты «шашбау көтеру» тіркесі тура мағынасында қолданылмайтын болды. Оның есесіне бұл тіркестің ауыспалы, фразеологизмге айналған мағынадағы қолданысын жиі еститігі болды. Бұл туралы ғалым Г.Н.Смағұлова: «Затты танудағы ұзақ жылдардың қорытындысы ретінде оның образы ұғымда ассоцияланып, тілде басқа құбылыс затқа телінеді, соны сипаттайды, ұқсатады, түсіндіреді», - дейді. [3,158 б.].

Қазақ мақал-мәтелдерінің кеңінен тарауына би-шешендер маңызды рөл атқарған. Олардың айтқан сөздерін бір-біріне үлгі етіп, өсиет ретінде таратқан. Ағайын арасындағы татулық, өнеге туралы ойларын алға тартып, тәрбие құралының бірі ретінде пайдаланған. «Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін». «Абысын татау болса, ас көп», «Ағайынның азары болса да, безері болмайды» деп бірлік, ынтымаққа шақырған. «Өткен іске өкінбе», «Ойнап сөйлесеңде, ойлап сөйле», «Сыртынан көріп, ішінен түңілме, қарасын көріп, күшінен түңілме», «Ауру астан», «Көзің ауырса, қолыңды тый, ішің ауырса, тамағыңды тый», «Жасыңда салақ болсаң, бара-бара былық боларсың», «Өнерлінің өрісі ұзақ» деп өсиет қалдырған.

Ұлттық кодтың жаңғыруы жолында мақал-мәтелдердің еңбегі зор. Жайдақ болмас үшін біраз қазақ мақал-мәтелдеріне шолу жасар болсақ, «Жеті атасын білмеген жетесіз» дейді дана халқымыз. Міне, бұл – өзін танудың басы. «Әке көрген оқ жанар, ана көрген тон пішер» дегенде әке мен ананың тәрбиесіндегі ерекшеліктері көрініс тауып тұрған жоқ па? «Көн қатса, қалыбына барады», яғни тәрбиесі жеткіліксіз адам жас кезінде онша білдіртпеуі мүмкін, жасы ұлғайған кезде тәрбиесіздігі білінетіні айтылып тұр.

«Көріп алған көріктіден, көрмей алған текті артық», «Жақсыдан жаман туар, бір аяқ асқа алғысыз, жаманнан жақсы туар, адам айтса нанғысыз», «Жаманнан жақсы туды деп сүйінбе, жақсыдан жаман туды деп күйінде, тартпай қоймас тегіне», «Алма сабағынан алысқа түспейді», «түбіне қарай бұтағы, тегіне қарай ұрпағы», «тектен нәр алған тозбайды», «шұғаның қиқымы да шұға», «тұлпарлардың тұяғы, сұңқардың қияғы», «тегінде бар тектілік», «тектілік тұқым қуады», «текті жердің тұлпар ұлы», «тегі мықты», «тегі таза», «тегіне тартқан», «асылдың қияғы», «тектінің тұяғы», «жақсының көзі», «асылдың сынығы» - бұл қазақ танымындағы тектілікке қатысты сөздер.

Тек – сенің, ата-анаң, ата-әжең, бабаларың, ұлтың. Тағы мақал-мәтелдерге жүгінсек: «Қанша батыр болса да жауға салма жалғызды, қанша сұлу болса да, қойныңа алма арсызды», төл әдебиетімізде парактасақ, ұлттық философиямызда адамның өлімі ұрпақсыз қалумен бейнелейді. Жалғыз адам қанша батыр болса да, перзенті болмаса, ұрпақсыз кететін болдым ба, әкемнің оты өшіп, шаңырағы бос қалатын болды-ау деп уайымдайды. «Тұяғы бүтін тұлпар, қанаты бүтін сұңқар жоқ». Осы пәлсапаның астарында тектілік құбылысының ашылмай қалған мәселесі жасырынып тұрған секілді. Белгілі ғалым, философ Д.Кішібеков: «Қазақ ежелден ойшыл, не айтса да мәселенің байыбына жетіп барып айтатын, сөздің түйініне мән берген халық. Біздің мақал-мәтелдеріміз тұнып тұрған философия. Сондықтан да шешендеріміз сөзін дәлелді, уәжді ету үшін әманда мақал-мәтелдерге жүгініп отырған. Асылы шешен, дәлелді, қисынды сөйлеу қазақ халқы арасында ерте заманнан дәстүрге айналған», - дейді. [6,29 б.] Шын мәнінде, қазақ – нағыз философ, себебі оның ойлау үлгісіндегі даналық өрнегінің ешуақытта мәнін, маңызын жоғалтпайтын мәңгілігін айтуға болады. Өзіндік ерекшелігімен ойлау үлгісі иірімдерінің тереңдігін танытатын дүниетаным негіздерін сараптау – бүгінгі күннің басты талаптары. Бұл талап қазақы ойлаудың түпнұсқасын, кілтін тауып ашуда сөз өнерін, оның ақыл-ой заңдылықтарын игерген жағдайда ғана мүмкін болмақ.

Халықтық-мәдени білім – төл мәдениет пен ана тілін келешек ұрпақ бойына сіңіріп, дамытуға бағытталған білім. Ол халықтың дәстүрлі мәдениеті сияқты жазу-сызусыз, күнделікті тірліктің, тұрмыс-салт пен әдет-ғұрыптың, халықтың дүниетанымына, табиғи жағдайларына, шаруашылықтың ерекшеліктеріне орай қалыптасып, өмір сүрудің, ұрпақ өсірудің машықтық әдіс-тәсілі ретінде пайда болып, өмір сүреді. Мәдениетін қорғамайтын ұлт – ертеңін ойламайтын ұлт. Халықсыз мәдениет болмайды. Мәдениет те халықсыз өмір сүре алмайды. Оның негізгі тиянақ-тірегі – білім беру жүйесі. Қазақ мектебі мен білім жүйесі - ұлттық мәдениетті іске асыру тетігі, Оқу-тәрбие процесінде мақал-мәтелдерді пайдалану білім беру жүйесінің өрісін кеңейте түседі. Халықтың салт-дәстүрі, тарихы ұрпақтың рухани қазынасының негізі. Әл-Фараби айтқандай «адам ләззәт іздеу, қызығу сияқты нәрселерден бойын аулақ ұстауы үшін рухани негізді түзету керек, адамның рухани негізі түзу болса, оның тілегі, қалауы дұрыс болады». Қай заманда болмасын адам-

зат алдында тұратын ұлы мұрат – міндеттердің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам қамын ойлау болып табылады. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық азамат етіп тәрбиелеу, біздің де қоғам алдындағы борышымыз. Мұндағы мақсат жас ұрпақты ұлтшылдық бағытта емес, ұлттық негізде тәрбиелеуде, халқымыздың мол мұрасын олардың бойына сіңіре білуде. Өйткені бала әлеумет мүшесі болғандықтан оның оқу тәрбиесі жеке-дара емес көппен бірге болу қажеттілігі негізгі назарда болады. Мақал-мәтелдердің ұлттық-мәдени, ұлттық-дүниетанымдық мақсатта қолданылған сөздердің халық тарихын, салт-санасын танып-білудегі рөлі ерекше. Тіліміздегі мыңдаған мақал-мәтелдер тіл байлығымыздың сүбелі саласы, көркем сөз шеберлігін шыңдай түсуге, тілдік мүмкіншіліктердің өрісін кеңейте түсуге қажетті, әсерлі де әсем, бейнелі де айшықты сөз өрнегі болып саналатынына көзімізді жеткіздік.

Жас ұрпақтың ұлттық дүниетанымын, бір-бірімен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыруда мақал-мәтелдердің алатын орны ерекше. «Сыйласаң, сый көрерсің, сыйға сый, сыраға бал» деген мақалды дүниеге келтірген қазақ халқының бүкіл тіршілік болмысы сыйластық, ымырагершілік, үлкенге алдынан кесе көлденең өтпей ізет көрсету, кішіге қамқорлық таныту, ата-ананы құрметтеу, жақсыдан үйрену, жаманнан жиренуге тәрбиелеген қарым-қатынас мәдениеті компоненттерінен тұрады десек артық болмайды. Қазақ халқы:

«Мейрімділікті анадан үйрен,

Әдептілікті данадан үйрен», — деп, әдепті, мәдениетті адамдарды данаға теңеп, төбелеріне көтерген. Қазақ халқы үшін мәдени қарым-қатынастың діңгегі, әдептіліктің айнасы амандасудан басталады. «Сәлем сөздің анасы» деген қазақ ұлты сәлемдесуді құдайшылық, имандылық нышаны деп қабылдаған. Сәлемдесу барысында жылы-шырай танытудың да маңызы зор. Ол сәлемдесудің сәнін де, мәнін де келтіреді. «Әдепті елдің баласы, алыстан сәлем береді» деп сәлемдесуді өмірлік борыш ретінде қабылдап, жастарды ізеттілікке, мәдениеттілікке шақырған. Өзгелермен қарым-қатынас орнатуда кішіпейілділік ерекше орын алған. Басқалардан ерекшеленбеу, өзін марапттаудан аулақ болу, адамгершілік таныту сынды қасиеттер кішіпейілділік белгісі. Халқымыз «кішіпейілділікті кішілік емес, кісілік» деп санаған. Кішіпейілділікті, қарапайым-



дылықты дәріптеп, менмендікті ылғи да мінеп, ондай абыройсыз әдеттен аулақ болуды өсиет еткен халқымыз «Ұлық болсаң — кішік бол» деп көпшілікке ізгілік таныту тиіс екендігін атап өткен. Ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде, оларды қарым-қатынас мәдениетіне баулуда басқа да мұсылман елдері сияқты қазақта «адал», «арам» сөздеріне ерекше мән берілген. Адал — ешкімнің ақысын жеп, ала жібін аттамай, өз еңбегімен дүние жинап, күн көріп жатқан, артық сөйлемейтін, кісіге қиянат жасамайтын жан болса, арам деп еңбексіз дүние жинап, ұрлық-қарлық, қулық-сұмдықты серік еткен, обал-сауаппен санаспайтын, өзгеге бәле тілеумен күн көретін адамдарды айтқан. Сондықтан

«Адалдық — ардың ісі»;

«Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді»;

«Ала жіпті аттамағанның абыройы биік»;

«Асылдың бірі — адалдық» деген мақалдарды дүниеге келтіріп, жас ұрпаққа мирас етіп қалдырған. Адал адамдарды мәртебе тұтып, барынша жоғары көтерген, керісінше арам болудан бойын аулақ салып, олармен қарым-қатынас жсаудан қашқақтаған. Қай халықта болмасын мәдениеттіліктің, тәрбиеліліктің, парасаттылықтың белгісі сабырлылық деп саналады. Сабырлылық — адамның ерік-жігері күшінің көрсеткіші. Адамның өзін-өзі билеуі, іс-әрекетіне, алдына қойған мақсатын орындауда өзін бағындыра білуі, қиыншылықтарды жеңіп, өзінің сезімдерін қадағалауды жүзеге асыра алуы, айналасындағылардың қарсылығына душар болғанда асығыстыққа бармауы оның сабырлылығын білдіреді. «Сабыр түбі — сары алтын, Сақтаған жетер мұратқа» деген ұлағатты сөзді айта келе, қазақ қуанышты сезім билесе де, ренішті көңіл-күй ұяласа да сезімді тежей біліп, сабыр сақтау қажеттігіне баса назар аударған. Әлі өмір тәжірибесі жоқ, желкілдеген құрақтай болған жас буынға қызбалыққа ұрынбау керектігін дәріптейді. Әсіресе, ашушаң адамның қоғамға сұрықсыз көрінетіндігін, абырой, сыйдан аят болатындығын айтқан. «Ашу арындайды; Ақыл соңынан аяңдайды»; «Ашу тұрған жерде, ақыл кетер»; «Ақылдан ашу көп болса, ақыл кетер, Ашудан ақыл көп болса, ашу не етер?»; «Жақсы кісінің ашуы, Жібек орамал кепкенше» деген мақалдар жастардың бойында қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда маңыздылығын жоймайтындығы ақиқат [8,41]. Жалпы қазақ халқының қай мақал-мәтелін алсақ та жастарды мәдениеттілік, инабаттылық, әдептілікке баулу — олардың түпқазығы болып та-

былады. Қазақи мәдениеттің айнымас бір белгісі — ол көргенділік таныту. Көргенділік — әдепті қасиеттердің жиынтығы. Қазақта ұрсып-сөгудің ең жаманы «көргенсіз» деген. Көргенділік адамның жеке дара қасиеттірін сипаттап қана қоймай, оның ата-бабасынан қалған тәлім-тәрбиені қамтиды. «Үлкен отырып, кіші сөйлегеннен без», «Ата-бабаңа, ата-анаңа, еліңе сөз келтірме» деген нақылдың артында «көргенсіз болма» деген талап жатыр. Көргенділік адамның күнделікті қарым-қатынаста мәдениеттілік шеңберінен шықпауды, өзгенің көңіліне келетін артық сөз айтпауды, біреуді ренжітетін іс жасамауды, тұрпайы мінез көрсетпеуді, о жарлық, менмендік, жымысқылық, мақтаншақтық, жылпостық қасиеттерден ада болуын білдіреді [7,38]. «Жас кезінде көргенің болмаса, Үлкейгенде кісілігің болмайды» деген мақал осыдан туындаған. Ұлттық тәлім-тәрбиенің кені болып табатын қазақтың мақал-мәтелдерін зерттеген сайын, олардың құндылығының арта түсеетіндігін аңғарамыз. Мақал-мәтелдердің мәдени-тәрбиелік әлеуметін әлі де терең зерттеп, жас ұрпақ тәрбиесінде барынша кең қолдану қажет. Соңғы кездері нарықтық экономиканың «буына түсіп кетіп» шыға алмай жүрген кезеңде жастардың қарым-қатынас мәдениетін ұлттық үрдіс арқылы қалыптастыру көкейде жүрген өзекті мәселелердің бірден-бір шешімі деуге болады. Адамзаттың бір-біріне деген мейрімділік, сүйіспеншілік сезімдерінен бірте-бірте қатыгездік, алдап-арбау қажеттілігі артып түсті. Қандай жолмен болса да, қайткенде де қалталы болу, бай болу, сөйтіп өзгеге менсінбей ат үстінен қарау, өркөкіректік, өзімшілдік, мақтаншақтық секілді мәдениеттен ауылы алшақ қасиеттер басымдық танытып жатқан қазіргі кезеңде болашақ ұрпақтың жалпы ұлттық мәдениет деңгейін көтеру, қарым-қатынасын қалыптастыру үлкен міндетке айналып отыр [9,75].

Мақал сөзді қолданудағы мақсат – тыңдаушыға өсиет түрінде немесе ескерту, кеңес беру формасында ізгі ықпал ету. Ұлттық тәрбие халықтың өмірлік тәжірибесі берген эстетикалық, этикалық нормалардың жас буынның санасына өшпестей ұялап, оның іс-әрекет дағдысынан айқындалуы мұрат болып орныққан. Атақты педагог К.Д.Ушинский: «Халықтық тәрбиенің тәжірибесінен тыс жерде педагогика да, педагог та жоқ» деген еді. Ал осы тәжірибе халық өмірінің бүкіл саласын, материалдық та, рухани да құндылықтарын қамтиды.



Ұлттық код – белгілі бір ұлттың ұлттық халықтық дүниетанымымен жеткен бірегей, ерекше құндылығын тануға негіз болатын мазмұнды ақпарат. Ұлттық код – ең алдымен, тілде, сосын дәстүріміз бен салтымызда, мінезімізді айқындайтын ділде, ұлттық мәдениетте. Қазақ баласының тағылымы мол тарихында мәдени-рухани болмысы ізгілікпен әдіптеліп, қарапайымдылықпен шыңдалып, парасатпен шырайланған. Ұлттық кодымызда ізгілік, адалдық, перзенттік, инабаттылық, адамгершілік, парыз, этикет, ақыл-парасаттылық кеңінен өрістеген, молынан қамтылған. Тегі асылдың – ұрпағы кемел. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, тектілік дегеніміз қазақ ұғымында тұлғалық сананың деңгейіндегі ерекше қасиет үлгісі. Қазақ рухы оның дәстүр тәжірибесінің күшінде. Жеті аталық дәстүр қазақ болмысының қалыптасуындағы оның интеллектуалдық өрісін кеңейтіп, көрсетіп отыратын ата-бабаларымыздың елдік түсінігінің қасиетін бейнелейді, ұлттық болмыстың өзегін сақтайды.

Ұлттық код – ең алдымен, тілде, сосын дәстүріміз бен салтымызды, мінезімізді айқындайтын ділде, ұлттық мәдениетте. Қазақ баласының тағылымы мол тарихында мәдени-рухани болмысы ізгілікпен әдіптеліп, қарапайымдылықпен шыңдалып, парасатпен шырайланған. Ұлттық кодымызда ізгілік, адалдық, перзенттік инабаттылық, адамгершілік, парыз, этикет, ақыл-парасаттылық кеңінен өрістеген, молынан қамтылған.

Ұлттық кодта парыз бен әділдік қатар сомдалып, Ж. Баласағұни, М. Қашқари, А. Иасауи, Абай мен Шаһкәрім, Ақымет пен Әлихан, Мағжан мен Міржақып шығармашылығы арқылы халыққа дәріптелген, астары мен арқауы мықты оралымды сөз өрнегімен, ұғынықты тілмен өрілген. Қазақтың ұлттық кодында әділдік тұжырымдамасы ежелгі дәуірден бастап жинақталып, туыстығы жоқ үлкенге деген сыйластық болып танылған. Сыйластық пен ізгілік, ізеттілік пен имандылық қазір енді этикетке айналған тұста, осы ұлттық кодты дамыта отырып, рухани мәдениетімізді жаңғыртуымыз қажет. Ұлттық кодымызда ұят категориясы бар. Бесіктен белі шықпаған баладан бастап, ұят боладыны айтып өсірген ата-ана баласын жақсылық пен жауыздықтың бөлінетінін айтып, мінезін қалыптастырады. Жауыздықпен күрес пен жақсылықты дәріптеу коды қазіргі мораль мен өнегелік категориясын дамыта түседі. Қазақ халқы атадан балаға беріліп отырған ежелгі салт-дәстүрін,

әдет-ғұрпын ғасырлар бойы сақтап, заман, өмір елегінен өткізіп, екшеп, жетілдіріп, жылдар сынынан өткізіп, қолданып отырған. Қазақта жақсы салт-дәстүр көп және олар қазақтың жағымды кескін-келбетін, тұрмысын, өмір тіршілігін, ой-санасын көрсетіп, халықпен бірге етене қайнасып келе жатыр.

Ұлтымызда үлкеннің кіші алдындағы, кішінің үлкен алдындағы, еркектің әйел алдындағы, әйелдің еркек алдындағы әдеп сақтауының тамаша үлгілері өте көп. Мысалы, үлкеннің жолын кеспеу, бұрын сөйлемей, тамақ алмау, келінге сыпайы сөйлеу, ата-ене алдындағы инабаттылық, сәлем ету, көпшілік ортадағы әдептілік, сәлем беру, сәлем алу, адамгершілік, қамқорлық, сыйласу т.б. ертеден келе жатқан халқымыздың әдет-ғұрпы. Әдептілік – әр адамның бет-бейнесі, кескін келбеті, өзін-өзі таныту жолындағы өнеге, үлгісі, адамдық қасиеті және жеке басының мәдениеті.

«Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» - десек, озығын алып, тозығынан арылу керек. Халқымыздың тарихи-әлеуметтік, тұрмыстық жағдайындағы ерекше қымбат дәстүрі – қонақжайлылық. Ол жомарттықтың, азаматтықтың, бауырмалдықтың, сыйластықтың үлкен белгісі. «Құдайым би қылмасаң да, би түсетін үй қыл» - деп тілек тілеп қазақ үйіне қонақ түскенді мәртебе санаған. Қазақ қонағын қадірлейді, үйінде оған ешкімге тиістірмеген. Қонағының бар жағдайын жасаған, көңілін көтерген, келген шаруасын бітірген. Халқымыздың осы дәстүрін бөтен ұлт өкілдері жоғары бағалайды, таңқалады, риза болады. Бұл дәстүрді сақтап дамытуға жатады. Бөтен де жағдай бар, мысалы, «көршіңмен тату бол» - деген. Бірақ бұл дәстүрді орындамау кездесуде. Қалада көршілер бір-бірімен араласпай барады. Көріссе, кездесе бас изеуден аспайды. Қонақ етіп, шақырыспайды. Алыстағы ағайыннан, қасыңдағы көршің жақын. Көмекке тез келе алады. «Көрші ақысы» - деп араласу, көмектесу дұрыс. Бармасақ, келмесек – ел жарылады, алмасақ, бермесек – дәм тарылады, - деген сөз бар. Дәстүрді сақтау жақсылыққа жеткізеді.

*\* Мақала 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP09260438 гранты).*



## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. –Алматы: Ана тілі, 1992.
2. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері; филол. ғыл.д-ры дисс...10.02.02. – Алматы, 1998. – 292
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. –Алматы,2008. – 965 б.
4. Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. –Алматы: Ана тілі, 1988. – 304б.
5. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. –Алматы, 2006. – 381 б.
6. Кішібеков Д., Кішібеков Т., Қазақ – философ халық \ \ Ақиқат. – 1995. - №3. – 29-34 бб.
7. Әлімбаев М. Халық — ғажап тәлімгер. Алматы. «Рауан», 1994. – 140 б.
8. Құралұлы А. Қазақы тыйымдар мен ырымдар. Алматы, «Өнер», 1998. – 58 б.
9. Қазақ мақал-мәтелдері. Құраст: Ж.Малайсарин. Алматы: «Ана тілі», 2006. – 184 б.





## БИЯРОВ БЕРДІБЕК НҰРАЛДАҰЛЫ

*С.Аманжолов атындағы  
Шығыс Қазақстан университетінің доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты*

# Көне түркі ескерткіштерінде кездесетін жалқы есімдердің басқа түрлері

Енисей, Талас, Орхон ескерткіштерінде жалқы есімнің басым бөлігін антропонимдер құрайды, өйткені көне мәтіндер түгелге жуық эпиграфиялық жанрда жазылған. Антропонимнен кейінгі орындарды этноним мен топонимдер иеленеді. Бұлар ономастиканың ірі салалары болып есептеледі және қай қоғамда болмасын жиі қолданыста болады. Көне түркі тас мәтіндерінде бұлардан басқа жалқы есімнің кіші түрлері де кездесіп отырады. Атап айтқанда, 43 лауазым, шен аттары (архонтоним), 12 иппоним (жылқының лақап аты) және 3 теоним (діни атаулар) көрініс береді. Мақалада иппоним мен теонимдер сөз болады.

### 1. Күлтегін ескерткішіндегі иппонимдер

Иппоним (жылқының лақап аты): *Тадықын чордың боз аты*. (С.Е.Малов, 1951; С.Қаржаубай, 2003). Мұндағы Тадықын – антропоним болса, чор/чұр – лауазым аты. Ендеше, Күлтегін батыр «Тадықын чор деген адамның боз атын» мініп жауға шапқан. Аттың атын иесінің есімімен атау қазірге дейін бар дәстүр: Алпамыстың Байшұбары, Ақанның құласы, Сайлаубай мінген қарагер т.б.

Иппоним: *Ышбара Йамтардың боз аты*. (С.Е.Малов, 1951; С.Қаржаубай, 2003). Иппоним тура мағынасында «Ышбара Йамтар деген адамның боз аты» болады. Мұнда Күлтегін, бірде жаудан түсірген атпен шапса, енді бірде сыйға тартқан атпен шабатыны байқалады.

Иппоним: *Йеген сіліг бектің кежімді тор аты.* (С.Е.Малов, 1951; С.Қаржаубай, 2003). «Йеген Сіліг бектің кежімді торы атын» мініп жауға ұмтылғаны айтылады. Мұндағы кежімді сөзі қазақ. «оюлап жасаған әдемі ат жабуы бар» (Қайыржан, 2013, 192) деген мән береді. Ал Сіліг антропонимі көне түркі. сіліг/сілік «таза, асыл, әсем» (ДТС, 1969, 500) сөзінен жасалған.

Иппоним: *Байырқудың ақ айғыры.* (С.Е.Малов, 1951; С.Қаржаубай, 2003).

Мұнда Күлтегін бас қолбасшының «Байырқұ тайпасынан қолға түсен ақ айғырды» мініп жауға шапқаны айтылған. Мұнда ол аттың қолға түскені немесе сыйға тартылғаны анық айтылмайды.

И п п о н и м :  
Алып шалысты/  
шалшы ақ ат.  
(С.Е.Малов, 1951;  
С. Қ а р ж а у б а й ,  
2003). Екі аудар-  
мада екі түрлі ай-  
тылғанмен, иппо-  
нимнің дұрысы  
– Алып Шалшы ақ  
ат. Атаудың бірін-  
ші сыңарындағы  
Алып көне түр-  
кі. алып «батыр,  
ержүрек» (ДТС,  
1969, 36) сөзінің  
кейін қалыптасқан  
«ірі, үлкен» мағы-  
насынан жасалып  
тұр. Ал Шалшы  
алтай тілдеріне  
ортақ чал/цал «ақ,  
сұр, бурыл» (Цин-  
циус, 1984, 12) сын  
есімінен жасала-  
ды: шалшы «ақ бу-  
рыл түсті» мәнін  
береді. Салысты-



рыңыз: қазақ. Шалқұйрық ат «ақ қылы басым құйрықты ат». Келесі компоненттегі «ақ ат» тіркесін тас мәтіннің авторы қосып отыр, ал Алып Шалшы – аттың таза өз аты (иппоним).

Екінші аударма бойынша (С.Қаржаубай) Алып шалысты ақ ат болып шыққан. Мұнда аттың «адымы, аяқ шалысы ұзын, үлкен» деген ұғымға икемделген. Алайда мәтіндегі «ақ ат» тіркесі аттың түсін білдіріп, шалшы «ақ, ақшыл» сөзімен үндесіп тұрғандықтан, бірінші аударма дұрыс деп есептейміз.

Иппоним: *Азбан ақ ат.* (С.Е.Малов, 1951; С.Қаржаубай, 2003). Күлтегін келесі бір жорықта мінген бұл аттың атауындағы бірінші сыңар Азбан қазақ. азбан «айғырынан тарттырылған ат» (Жанәбілов, 1982, 26) сөзінен шығады да, келесі сыңары ақ ат оның түр-түсін білдіреді. збан аттар жорыққа, ұзақ жүріске төзімді болады. Қазақтар ат қылатын жылқы малын белі бекісін деп бесті кезінен үйірге салып, одан кейін барып ақтайтын болған.

Бір ғажабы, Күлтегін мінген аттарыдың көбі ақ түсті болып келеді және бұл құбылыс қолбасшының ақ түсті атпен ерекшеленіп тұруы қажет болғандықтан ба екен деген ой туады. Қазіргі қазақ тілінде «ақ ат» тіркесі қолданылмайды, оның орнына «көк ат» тіркесі жүреді, ал «ақ боз ат» атауы бар.

Иппоним: *Аз баран* (қарагер). (С.Е. Малов, 1951; С.Қаржаубай, 2003). Бұл иппоним тура мағынасында «Аз тайпасының баран аты»





болады. Аудармашы С.Қаржаубай баран сөзінің мағынасын «қарагер» деп көрсетіп кеткен. Солай болуы да мүмкін, өйткені қазақ баран деп «торы, құла, қарагер» жылқыны тұтас атаған, ал «ақ, боз, сұр» түстерді жалпы қылаң деп атаған (Жанәбілов, 1982, 41). Ақан Сері: «Алдыңғы ат баран болмай, қылаң болды, Жығылмаса Құлагер қайда деймін?».

Иппоним: *Енесіз жетім ақ ат*. (С.Е.Малов, 1951; С.Қаржаубай, 2003). Мәтінде: Өгсіз ақ (Орхонские надписи, 2001, 79). Өгсіз көне түркі. өгсүз «анасыз, жетім» (ДТС, 1969, 381) сөзінен жасалады да, «құлын кезінен жетім қалған ақ түсті ат» ұғымын тудырады.

2. Күлі чор ескерткішіндегі иппонимдер

7. Иппоним: *Өздік боз аты*. (С.Қаржаубай, 2003). Мұндағы өздік «өзінің тақымға басқан аты» деген ұғымды білдіреді. Сонда, Өздік боз аты «өзінің жастайынан үйретіп мінген боз аты» мағынасын береді деп ойлаймыз.

8. Иппоним: *Іділдің ақ аты*. (С.Қаржаубай, 2003). «Іділ/Еділ тайпасынан алынған ақ ат» екені анық. Іділ/Еділ антропоним болуы да мүмкін.

9. Иппоним: *Қатмыс-Тайдың өздік аты*. (С.Қаржаубай, 2003). «Қатмыс-Тайдың жеке меншік аты» деген мән береді.

10. Иппоним: *Қарлуқтың жирен торы аты*. (С.Қаржаубай, 2003). «Қарлуқ тайпасын жеңгенде қолға түскен жирен торы ат» деген ұғым тудырады. Мұндағы жирен «түгі сарғыш, қызыл жылқы», ал торы «тобылғы түстес жылқы» дегенді білдіреді (Жанәбілов, 1982, 40-41). Күлі Чордың бұл аты аралас түсті (жирен торы) болғаны байқалады.

Көне мәтіндердегі иппоним (жылқының лақап аты) қазіргі тіліміздегі иппонимдерден тіпті де алшақ кетіп жатқан жоқ. Мәселен, Тадықын чордың боз аты атауы Алпамыстың Байшұбары, Ақанның құласы, Сайлаубай мінген қарагер, Асылбай торы атауларымен үндесіп жатыр. Аттың атын иесінің есімімен атау қазірге дейін бар дәстүр. Бұл Көне түркілер мен қазақ халқының арасында терең тарихи дәстүр жалғастығы бар екенін көрсетеді.

3. Күлтегін ескерткішіндегі теонимдер

Теоним (діни атаулар): Теңрі. (С.Е.Малов, 1951; С.Қаржаубай, 2003). «Күлтегін» мәтінінде теңрі, «Көне түркі сөздігінде» және «Диуанда» тәңрі түрінде берілген (ДТС, 1969, 544), (Қашқари, 1997, 504). Теңрі/Тәңрі – «көне түркілердің құдайы» және «аспан» деген мағынада қолданылған (сонда). Барлық адамзатқа тән алғашқы та-



биғи сенімнің бір түрі болған. Тәңір/теңір сөзінің нақты этимологиясы ашылмаған, тек әртүрлі болжамдар бар: таң + іңір сөздерінен бірігеді, таң + ра (күн) сөздерінен бірігеді, қытай. тян «аспан» сөзінен шығады т.б. Біздің болжауымызша, теңір/теңгір/төңкір/төңкер «төңкерілген, (төбемізден) төнген» мағынасын беріп, қазіргі «аспан» сөзінің мағынасымен теңеседі. Мысалы, «биікте көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда» (Кт, 1-жол), «төбеңнен тәңірі баспаса...» (Кт, 22-жол) сияқты мәтін жолдары түгелдей көк аспанды меңзейді, ешқандай басқа бір ойға тартуға келмейді.

Теоним: *Ұмай ана*. (С.Е.Малов, 1951; С.Қаржаубай, 2003). Ұмай теонимі алғашында көне түркі. ұмай «ананың құрсағы», «іштегі баланың жолдасы» (Қашқари, 1997, 153) мағыналарын берген де, кейін Ұмай ана «әйелдер мен балалардың пірі, құдайы» мағынасына ие болған сыңайлы. Сондықтан, Ұмай ана нақты бір өмірде болған адамның есімі емес, «ана құрсағы – өмірдің қайнар көзі, бастауы, жалғасы» ұғымын тудыратын жалпы мағына береді деп ойлаймыз. Ал атаудың өзіне келсек, оның түбірінде көне түркі. ұма «үйге түскен қонақ» (Қашқари, 1997, 121) сөзі + й (кішірейткіш мәнді жұрнақ) арқылы жасалып, ұма+й «кішкентай қонақ, яғни сәби, нәресте» мағынасын беруі бек мүмкін. Мысалы, адам – өмірге келген қонақ.

Теоним: *Жер-су иесі*. (С.Е.Малов, 1951; С.Қаржаубай, 2003). Көне түріктердің Көк Тәңірге табынуымен қатар пайда болған алғашқы табиғи сенімдерінің бірі – Жер-су иесіне табыну. Өздері өмір сүріп отырған ортаға, жер-суға табыну адамзаттың бәріне тән алғашқы таза сенімдері болды, ал жеке құдайға, адамға табыну кейін қалыптасқан. Бұл жерде түркілердің жер-судың өзіне тікелей табынбағанын, жер-судың иесі бар деп түсініп, соған табынғанын көреміз. Көк тәңірі – Жер-Су иесі – Ұмай Ана біздің ата-бабамыздың, көне түріктердің, табынған ұштаған сенімін, дүниетанымын құрады.

\* Мақала 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP09260070 гранты).

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Древнетюркский словарь. М., Л., 1969.
2. Жанәбілов Ш. Қазақша мал атаулары. Алматы, 1982. – 150 бет.
3. Қайыржан К., Сөз – сандық: Қазақтың көне сөздері. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2013. – 480 бет.
4. С.Қаржаубай. Орхон мұралары. 1-кітап. Тарихи-танымдық этнографиялық әдебиет. Астана, 2003.
5. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы/ауд. А.Егеубай. Алматы: ХАНТ, 1997. – 1353 б. 6. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. – М.-Л., 1951.
7. Орхонские надписи. Кюль-тегин. Бильге-каған. Тоньюкук. МКА. Семей, 2001.
8. Цинциус В.И. Этимологии алтайских лексем с анлаутными глухими придыхательными смычными губно-губным «п» и заднеязычным «к» // Алтайские этимологии. Сборник научных трудов. Ленинград: «Наука», 1984. С.130-177.



# ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ


## БӨРІК ЖАСЫРМАҚ



Ойынға қатысушылар араларынан бір ойыншы шығарып, алыстау жерге таман барып, бөркін немесе басқа бір бір белгілі затын жасыруға жібереді және өзі де сол маңайына жасырынуы керек. Қалған ойыншылар тығылған ойыншылардың тыққан затын іздеуге кіріседі. Кімде-кім тығылған бөрікті көріп қойып алуға қам жасаса онда иесі бермеуге тырысады. Бермеудің жаңдайы – екеуі бірдей бас салып бөрікке таласу емес, қай бұрын алғаны алады. Ал көрген ойыншы ала алмай қалса, онда иесі қорып, бөрікке жібермеуге тырысады. Бермеудің жаңдайы – екеуі бірдей бас салып бөрікке таласу емес, қай бұрын алғаны алады, ал көрген ойыншы ала алмай қалса, онда иесі қорқып, бөрікке жібермеуге тырысады. Ал басқалардың қай-қайсысы болмасын бөріктің иесіне қол тигізіп, күш жұмсауына болмайды. Қайткендеде алдап жүріп алып, оны жүргізушіге ертіп келулері керек. Келесі жолы бөрікті әкелген ойыншы барады да, ойынаушының уақыттары жеткенше ойын жалғаса береді.

## ҚАМАЛДЫ ҚОРҒАУ

Ойын жазда, көгалды алаңда өткізіледі. Ойынға мосы, ол болмаса орындық және жүннен жасалған доп керек. Ойынға қатынасушыларға



шек қойылмайды. Ортадан үлкен шеңбер сызылады. Ойнаушылар сол шеңберді бойлай қатарласа тұрады. Шеңбердің ортасына «қамал», яғни мосыны немесе орындықты қояды да бір ойыншы соны қорғаушы болады. Шеңбер бойында тұрған ойыншылар доппен қамалды атқылай бастайды, ал қорғаушы болса, допты «Қамалға» тигізбеуге тырысады. Кімде-кім допты «Қамалға» тигізсе, сол қорғаушымен орын ауыстырады. Ойын осылайша жалғаса береді.

## АЛАРМАН

Ойнаушылар бірінің белінен бірі ұстап тізбек құрып тұрады. Бір ойыншы «аларман» (қасқыр) болып, тізбектің басындағы ойыншымен қарама-қарсы тұрады. «Аларман» тізбектің біресе оң жағына, біресе сол жағына шығып, ең соңғы ойыншыны (қойды) қақшып кетуге тырысады. Ал тізбектің басындағы топ басшысы (қойшы) «аларманның» алдын орай жолын бөгеп, «қойын» бермеуге күш салады. «Аларман» орайын тауып «қойды» ұстап әкеткен жағдайда, өзі топтың басына (қойшының орнына) тұрады да, қолды болған «қой» енді «аларман» болады. Ойын осы ретпен жалғасады.



## ТҮЙІЛГЕН ШЫТ



Ойынына қатынасушыларға шек қойылмайды. Ойынға ортасынан бір-екі рет түйілген орамал, болмаса шыт керек. Ойынды ымыртта немесе іңір қараңғысында да ойнауға болады. Қара көлеңкеде көрнекті болуы үшін ойынға-ақ орамал қолданылады.

Ойнаушылар өзара келісіп, араларынан біреуін; ойын жүргізуші етіп тағайындайды. Ойын жүргізуші ойнаушыларды маңайына шақырып алады да, өзін қоршап, ынтға ентелеп тұрғандарға қарап бір, екі, үш деп дауыстайды. Осы кезде ойыншылар жан-жаққа

тез бытырап кетеді. Ал жүргізушінің өзі қолында түйілген орамалы бар ойыншыны қуалайды, мақсаты: оны ұстап, орамалды алу. Ол қолындағы орамалды оп-оңай алғыза қоймайды.

Қуғыншы жете бергенде қолындағы орамалды қатарласа берген басқа ойыншыға лақтырады, орамалды қағып алған ойыншы оны келесі ойыншыға лақтырады. Осылайша жүргізуші қашан орамалды ұстап алғанша ойын жалғаса береді. Ұсталған ойыншы ортаға шығып, көпшіліктің ұйғаруы бойынша өнер көрсетеді. Өнер көрсету аяқталғаннан кейін түйілген орамалды соның өзі қуалайды, яғни ойын жүргізушіні ауыстырады, ойын осылай жалғаса береді. Бұл ойын жастардың таза ауада демалуларын, денсаулықтарын жақсартып, денелерін сомдаумен бірге, оларды коллектив болып ұйымдаса білуге үйретеді, білгендерін ортаға салуға баулиды.



## ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ВЕЙНАРЫ

### Борык Жасармақ

Вейна қатнасушылар араларынан әбір вейнашы шеарып, астау жерге таман барып, боркн немесе басқа әбір әбір белгилі затын жасаруға жибередеді және аузы де сол мағнаина жасарнууы керек. қалан вейнашылар теелелан вейнашылардык теелелан затын зыдеуке керседеді. кимде - кем теелелан борыкты корып қойып уға қам жасаса онда йеси бермеуке терсады. бермеудык жадаы - екеуы берде йи бас салып борыкке таласу емес, қай бұрын еаны ады. ал коркен вейнашы ала майи қалса, онда йеси қорып, борыкке жибереуке терсады. бермеудык жадаы - екеуы берде йи бас салып борыкке таласу емес, қай бұрын еаны ады, ал коркен вейнашы ала майи қалса, онда йеси қорып, борыкке жибереуке терсады. ал басқалардык қай - қайсысы болмасын борыктык йесне қол тигзып, күш жұмсауна болмаиды. қайткендеде дап әжурпы алы, уны жүргзушуысге ертып келулары керек. келеси жулы борыкты акелген вейнашы барды да, вейнашынык уақтытары же текенше вейн жаласа бердеді.



### Қамалды Қорғау



Вейн жазда, когалды аагда текзыледеді. вейна موسى, ол болмаса ворндық және жунынен жасалелан доп керек. вейна қатнасушыларға шек қойлмаиды. ортадан улкен шегбер сзылады. вейнашылар сол шегберды бойлаи қатарласа турды. шегбердык ортасына «қамал», йаени موسىны немесе ворндықты қойды да әбір вейнашы соны қорғаушы болды. шегбер

Бойында тұрған ийншлар допепн قامалды атқслаы باستайдی، ال قورعاؤشى بولسا، دوپتی «قامالعا» تیگزبهؤگه ترسادی. كمده - كم دوپتی «قامالعا» تیگزسه، سول قورعاؤشمهن ورنن اؤستیرادی. وینن وسلايشا جالعاسا بهرهدی.

### الارمان

ویناؤشلار ءبریننك بهلنهن ءبری ؤستاپ تنزبهك قۇرپ تۇرادى. ءبر وینشى «الارمان» (قاسقر) بولپ، تنزبهكتنك باسنداى وینشمهن قاراما-قارسى تۇرادى. «الارمان» تنزبهكتنك برهسه وڭ جاعنا، برهسه سول جاعنا شعپ، هڭ سوڭعى وینشنى (قويدى) قاقشپ كه تۇگه ترسادی. ال تنزبهكتنك باسنداى توپ باسشسى (قویشى) «الارماننك» الدن وراي جولن بوگهپ، «قوین» بهرمهؤگه كۇش سالادى. «الارمان» وراين تاؤپ «قويدى» ؤستاپ كه تكهن جاعدايدا، ءوزى توپتنك باسنا (قویشننك ورننا) تۇرادى دا، قولدى بولعان «قوي» هندی «الارمان» بولادى. وینن وسى رهتپهن جالعاسادى.



### «تۇیلگهن شت»

وینننا قاتناساؤشلارعا شهك قویلمايدى. وینعا ورتاسننن ءبر-هكى رهت تۇیلگهن ورامال، بولماسا شت كه رهك. ویندى ممرتتا نهمهسه ءڭیر قاراڭعسندا دا ویناؤعا بولادى. قارا كولهڭكهده كورنهكتى بولؤى ءؤشن وینعا-اق ورامال قولدانلادى.



ویناؤشلار ءوزارا كهلسپ، ارالارننن برهؤن؛ وینن جورگنؤشى هتپ تاعايندايدى. وینن جورگنؤشى ویناؤشلاردى ماڭايننا شاقسرپ الادى دا، ءوزنن قورشاپ، ننتعا هنتهلهپ تۇرغاندارعا قاراپ ءبر، هكى، ءؤش دهپ داؤستايدى. وسى كه زده وینشلا جان-جاققا تهز بئتراپ كه تهدى. ال جورگنؤشننك ءوزى قولندا تۇیلگهن ورامالى بار وینشنى قؤلايدى،




ماقساتى: ونى ۇستاپ، ورامالدى الؤ. ول قولسنداغى ورامالدى وپ-وڭهاي العنزا قويمايدى.

قۇعنشى جەتە بەرگەندە قولسنداغى ورامالدى قاتارلاسا بەرگەن باسقا وينشعا لاقتىرادى، ورامالدى قاعىپ العان وينشى ونى كەلەسى وينشعا لاقتىرادى. وسلايشا جۇرگىزۇشى قاشان ورامالدى ۇستاپ العانشا وين جالعاسا بەرەدى. ۇستالعان وينشى ورتاعا شىعەپ، كوپشىلىكتىڭ ۇيعارۇى بوينشا ونەر كورسەتەدى. ونەر كورسەتۇ اياقتالعاننان كەين تۇيىلگەن ورامالدى سونىڭ ءوزى قۇالايدى، ياعنى وين جۇرگىزۇشىنى اۋستىرادى، وين وسلاي جالعاسا بەرەدى. بۇل وين جاستاردىڭ تازا اۋادا دەمالۇلارن، دەنساۋلىقتارن جاقسارتىپ، دەنەلەرن سوماۋمەن بىرگە، ولاردى كوللەكتىۋ بولسپ ۇيىمداسا بىلۇگە ۇيرەتەدى، بىلگەندەرن ورتاعا سالۇعا باۋليدى.



## СӨЗЖҰМБАҚ



1. Бұл ойынның шарты бойынша атқа мінген екі жігіт жекпе-жекке шығып, бірін-бірі аттан аударып тастауға тырысуы керек
2. Маусымдық шөп шабу кезінде көмекке келгендерге берілетін ас
3. Аңшы не саятшыдан олжасын сұрау дәстүрі
4. Түйеден өндірілген бұл сусын қазақ аспаздығында кеңінен қолданылады
5. Жаңа туған нәрестеге кигізетін жөрмеп тікке көйлекше
6. Сілкі арқылы үн шығаратын көне музыкалық аспап
7. Сәукеленің немесе қыздар бас киімінің желке тұсынан төгіліп тұратын жібек мата



**АЙГҮЛ НҰРЫШҚЫЗЫ** 1973 жылы ҚХР, Тарбағатай ауданы, Ашылы ауылында дүниеге келген. 1991 жылы Тарбағатайда педагогика институтын бітіріп, 2000 жылға дейін оқытушылықпен шұғылданған. 1993-1994 жылдары «Еміл – өнер бесігі», «Емілдің ертеңі» альманахтарына, «Шұғыла» және «Тарбағатай» журналына, 2015 жылы елімізде шыққан «Қос бұрым» альманагына, 2016 жылы ақындар антологиясына өлеңдері басылған.

*Айгүл 2019 жылы Қазақ еліне қоныс аударған.*

### *Жаңбыр әні*

Түн.  
Жаңбыр.  
Жапырақ көзінен жас тамып,  
Сыбырлап сыр айтар,  
Жанымды мұңайтар,  
Жаңбырдың тілінде  
Жәңгірдің үнінде.

Милион тамшылар,  
Ұмтылған көмескі  
Еске сап ескірген елесті.  
Бағана сымдарын боздатып,  
Іште бір уайымды қоздатып,  
Жел есті.

Су беті шымырлап,

Ішін бір бұлқыныс кернейді,  
Өлім бар дегенге ол сенбейді,  
Құлаған тамшыны құшақтап,  
Толқыны тынымсыз тербейді.  
Милион тамшыдан рухы өрлейді.

Табиғат ғажап-ақ!  
От қамшы осады.  
Әлдебір күнаһар тағдырды,  
Жатқандай жазалап.  
Аластап жер бетін  
Жын – жыбыр нәжістен,  
Кетердей осылай тазалап.  
Табиғат – тазалық,  
Онда не айып бар?!  
Тәңірден тылсым күш, ғайыптар.

Ақ-қара ұғымын тудырған,  
Пенде ғой күнаға лайықтар.

Қан мен жастың, наланың  
Қалдырған жолағын,  
Төсіне даланың.  
Солардың куәсі ,  
Жел мұқып, жаңбыр шайған  
Жұрттардың жұрнағы қалалар.  
Тастағы таңбалар ,саналар,  
Қорымдар,  
Балбалдар,  
Елітер сананы  
Жолдардың сорабы.

Жаңбырдың сыбыры  
Жанымды ақтарып,  
Себепсізмұнайып,  
Себепсіз жылауға шаққ алып,  
Себепсіз шаттанып,  
Себепсыз ақталып,  
отырам!  
Жанның да дауылы ,

Сезімді сапырып ,  
Мәніне шақырып,  
Сан алуан тақырып.  
Жүрегің қуанып,  
Тыңайып қалады.  
Тапқандай тың, таза тақырып.  
Өзендер өрлігі,  
Сияқты батырлар ерлігі.  
Даланың жұпар ауасы,  
Кеңдігі,  
Ойыңа күш қосар ендігі.

Жаңбырдың әуені  
Тымт әтті!  
Жыры да салмақты, ғажайып,  
Далаға бауыр бас!  
Жігерің ерлейді,  
Рухың өлмейді.  
Табиғат ананың бөлшегі -  
жүрегім,  
Кел!  
Жаңбырдан шабыт ап,  
Біз де жыр жазайық.



## ҚИЯЛДАҒЫ КЕЙІПКЕР

Біз бақтарды қыдырған жоқпыз, саруар сұлу кештерде,  
Сен жайлы ешбір өрнектерім жоқ, тағдырым салған кестемде.  
Сары белде тосып сарғайған жоқсың, Қаракеріңді қаңтарып,  
Құшақ-құшақ қып гүл берген жоқсың, түрленіп келген көктемде.

Почташылардан хат та күтпеймін, халіңнен хабар алам деп.  
Көшеде көпке көз жүгіртпеймін, ішінен сені табам деп.  
Сен жаққа мені апаратұғын көлік те мәңгі болмайды,  
Жолдарға күн сап күтпеймін сені, мені іздеп келіп қалар деп.

Көрмедім сені, көрмедің солай мені де.  
Қиялдың сұлу жұлдызы, тудың да, тұрдың «көгімде».  
Өз халқым үшін «заруат» болған «дулыға басты» геройым,  
Сүртейін мына сарғайған жүзді, атыңның ащы теріне!

Бірақ сен жоқсың,  
Жаралған жоқсың адам боп,  
Еш жерден сені іздемеймін ғой, табылар да деп алаң боп.  
Санамда қорттым, сүйегің сенің Абылайдың алмас семсері,  
Махамбеттің өр, рухын бердім, кеудеңе сенің еңселі.  
Абай, Шоқанның зердесін бердім, шырайын бердім Сәкеннің,  
Мағжанның маржан жырларын бердім, сөздің де сұлу көркемі.

Сұлу сезімді, мінезді, текті, ақыл да, мұң да сыйладым.  
Адамға біткен бар жақсылықты бойыңа сенің жинадым.  
Мың кейіпкерден сомдаған менің ер тұлғалы геройым,  
Құдірет болып жан сала алмадым, соның мен ғана қинадың.



## САКСАФОН ҮНІ

Шуылын қан көшенің Жарып шығып,  
Саксафон үні жетті талып, тынып.  
Сұлу сазды тартқызған төрт көшеде,  
Шабыт па, мұқтаждық па ғарыптылық ?!

Солай қарай жетелеп әуестігім,  
Тілсіз ғажап, бір мұңлы ән естідім.  
Үшқым келді қиялдың қанатымен,  
Бір тылсым күш ашқандай жан есігін.

Келеді қай заманның жобасына?  
Әуен де ерте заман одасы ма?  
Саксафоншы киінген алаботен ,  
70-жылдардың модасында .  
Еш мұқтаждық сыр бермес жағдайынан,  
Сұлу саз сызылады таңдайынан.  
Өнер менен халықты мінберлерден,  
Биік қойған Жан бәлкім қандайынан?

Сын айту қылмыс шығар кемелдікке,  
Әуен ғажап ,күмән жоқ шеберлік те.  
Көк теңізге жүздіріп қиялыңды,  
Бастайды тұңғыық бір тереңдікке .

Бұлт қанатын бояған іңір шапақ,  
Көкжиекке төгеді қызыл шашақ.  
Сұлулыққа Алматы тербелгендей ,  
Тал-теректер сап түзер қыңыр жасақ.

Тіршіліктің құйына шым батқанда,  
Өнер екен ап шығар құндақтан да.  
Көңіліме бір шуақ сеуіп тұрды,  
Әлгі әуен, қызарып күн батқанда.



## АҚЖОЛ ҚАДЫЛБЕКҰЛЫ

*ҚХР, Табағатай аймағының  
Дөрбілжін ауданы, филология  
ғылымдарының магистрі, жазушы*



## ҚАРА АТ

Жарықтық әкемнің қара аты бар еді...

Жануар әкемнен басқа тірі жанды маңына жуытпайтын, өзінің тұрқым үлкенде емес, бас-аяғы, жұп-жұмыр, қысқа белді, сауыры кең, жаясы жалпақ, тұяғы төңкерілген тостағандай жұмыр болатын. Осы бітіміне қарап әкем «бұл нағыз жортуылдың жылқысы, мінезі қанша шәрғез болғанымен жануарым есті иесіне адал» деп әңгіме ететін.

Бірде әкем ауылдан аудан орталығына бару үшін бірде-бір көлік таба алмай, амалсыздан қаракеріне мініп жолға шығады. Күн суық, боран ұйтқытып тұр. Ауыл мен ауданның арасы аттылы кісіге бір қонып баруға тура келетін, жол ортасына келгенде арт жағынан келіп жеткен машинаның сигналынан жол жиегіне шығып артына бұрылып қараса, машинаны тізгіндеп отырған біздің жамағайын туысымыз екен. Әкемді қалаға дейін жеткізіп салатынын айтқан соң, қара аттың айыл-тұрманын дұрыстап тартып он екі таспалап өрілген бұйра қамшысымен жүгенін қанжығаға байлап атының басын ауылға қарай бұрып жібереді. Өзі машинаға отырысымен артына қараса жануар оқырынып алып құйрығын тік шаншып ауыл қайдасың дегендей ағыза шапқылап кеткен көрінеді.

Арада қытымыр қыстың ызғары қайтып күн көзі жылынып қармұздар еріп, көктемнің жылымық бейнесі келе бастаған. Көктеммен қатар келетін ауылдың беймаза тірлігі басталатын. Қыстай міністе болған қаракерді бір-екі таң асырып көктем шыға көрші-қолаңның біраз тай-құнандары мен біздің үйдің азын-аулақ жұмыр тұяқтарын қосып алып әкем мен Базар аға екеуі Орқашар тауына қарай беттеп кетті.

Сондағы ауыздығымен алысып текке шоқырақтап, қос құлағын қайшылап қатарласып келе жатқан торқасқаны алдына шығарғысы келмей паңдана басып, жан-жағына алма-кезек көз тастап алдыда жол бастаған қаракердің қылығын әке жырдай қылып айтатын. Ол кісінің тақымына көндігіп, ырқына әбден төселіп алған қаракер атамның әкеме берген еншісі еді.

Бірде атамның үйір жылқысының ішіндегі мама биелердің бірі болып қалған қара бие аяқ астынан жоғалып кетеді. Алыс-жақынға ат шаптырып іздесе еш хабар болмапты. Бір жерде байыздап тұрмай жортуылдап жүретін, қоралы қойды аңдыған аш қасқырдай қыс болса Жайыр-Майлыға, жазда Орқашар мен Тарбағатайға орағыта көшкен Құлыстайдағы қалың елдің арқа еті арша, борбай еті борша болып жиған азын-аулақ малына даланың төрт аяқтысы емес ауылдың екі аяқты жыртқыштары маза бермейтін, көзің тайып кетсе болды көмекейлеріне бірақ түсіретін. Қара биеден еш дерек болмаған соң ту биені біреу болмаса біреу жетелеп кетті-ау! - деп енді қалғаны аман болсын, өліп-өскен мал жақсы, өлмей өскен бас жақсы. Басымыз аман деніміз сау, бала-шағамыз аман болсын! - деп отырғанда иттер абалап аттылы адамдардың дауысымен ат тұяғының дүрсілі естілген соң әкем сыртқа шығып, қос аттылы еңгезердей екі бірдей құдайы қонаққа есік ашып үйге кіргізеді.

Есіктен кіре естерін енді ғана жиған екеуі атама қабаттаса амандасады. Төр алдында жантайып жатқан атам бұл екеуінің сәлемін салқын жүзбен қабыл алып, дастарқан басына шақырып шай ішіп отырып бағыт-бағдарларын сұрай келе, жоқ сұрай бастайды атам: «Жортуылдап ел мен жерді көп шолып жүрген кәнуілгі шолғынсыңдар менің жалдас қара бием із-тозсыз жоғалып кетті, көрген білгендерің бар ма? Жолшыбай көздерің шалып жатса тізгін ұшымен өз қолыма табыстасаңдар сендерді де сый-сияпатсыз қалдырмаймын, әйтеу, естеріңде жүрсін» - дейді. Ана екеуі қара күрең шайдан бір ұрттап, атама бір қарап бастарын изеседі. Біреу қуып келе жатқандай асығыс екендерін байқатып, екі-үш тостаған шайды қорпылдата жұтып үйдегілерге алғыстарын жаудырып, есік жаққа қарай бетей берген екеудің соңынан әкем тағы да ере шығады. Бұл жолы шыққанынан үйге кіргені тез болады.

Есіктен кіре әкем атама:

-Мына келген қос мықтың қара биені басқарып тастаған жоқ па екен? Сіз жоқ жайлы сөз қозғазай бастағанда бөкселері бүлкілдеп бір орында дұрыстап отыра алмай, екі айрықтарынан тер сорғалап, бір ағарып, бір қызарып әбден мазалары кетті, сырттарынан бағып отырдым, сыртқа шыққанда да бір нәрсені көзім шалып қалғандай екеуінің астындағы қос



жирен қара терге малшынып ілгерінді-кейінді кетіп тұр, деп бар күдігін айтып салады.

Осы арада атам бірден сөзге араласып:

-Бұл келген екеуін есіктен кіргеннен байқадым, қазбалап көп нәрсе сұрағанымда сондықтан. Ана екеуі істесе біздің құтқуырлап отырғанымыздан сезіктеніп артық қимыл жасамаса керек, бұларың аңыс-аңдып келгенге ұқсайды. Бұлардан келсе малың аман балам, атам кесіп айтты.

Атамның айтқаны айдай келді. Ертесі таңға жуық малдарды өріске беттеп бара жатқанда, ауылға қарай жанына ерткен құла құлыны бар қара бие кісінеген бойы қорғанның ішіне кіріп кетеді.

Лапас астында қайыстарын таспалап кесіп отырған атам:

- Бұйрығы бар мал деген осы деп қазан- ошақ басында жүрген апам әй, кемпір қораның есігін аш! - деп өзі әндете басып құлынды биені қораға кіргізіп, мәре-сәре болып жатқанда атам мен апамның қастарына бойындағы қуанышын жасыра алмай шолжаң қағып әкем жетіп келіп, жас төлдің екі жағына алма- кезек шығып арлы- берлі шапқылап жүр, Мал соңында жүрген ауыл баласы мал дегенде ішкен асын жерге қояды емес пе?

Жоғалып табылған мал олжа деп айтушы еді атам. Бірақ осы жылы



жаз жайлауға көшкен мезгілде күн аяқ астынан бұзылып, бұршақ аралас жаңбыр жауып арты селге айналып Орқашар тауының етегіндегі бір қауым елді бір шайлықтырып кетті. Осы жолғы жауын-шашында біздің шаңырақтан атамның қара биесі таңнан кешке дейін құтырына соққан бармақтай- бармақтай бұршақ жонынан өтіп жұлынына тиген болу керек тынысы тоқтады.

Құла құлын сол күннен бастап әкемнің меншігіне өтіп, сылап-сипап бағып қағыпты, тіпті әкем қас қарая ауылдың аяғындағы жоңышқаға жіберіп таң бозынан үйге қайтып келетіндей етіп жақсылап тұрып үйретті, жаман малды бақсаң аузы-мұрыныңды май етер дегендей жаман тай келесі жылында айғырдан шығып байталында қара атты құлындады. Қаракер әкемнің қол тума жылқысы болғандықтан өзіне қатты ыстық әрі бір-бірін қатты түсінісетін.

Күн шыға ауылдан шыққан әкемдер сәске түс мезгілінде тау бөктеріне жетіп, Аққия асуынан жылқыларды ары асырып, әкем астындағы қара аттан түсіп айылдарын ағытып жүгенін сыпырып жатып жана байқады. Аттың басындағы қайыс ноқта қыс бойы тұрғандықтан жауын суымен әбден матасып сіресіп қалыпты. Жылқылар арттарына қарамастан бетегені бір жұлып жеп алдыға бір қадам жылжып жайылып кетіп барады. Жылқылар ұзаған сайын қара ат та дегбірсізденіп бір жерде тыным таппай мазасыздана бастаған байқаған әкем одан арман асыққанда сіресіп қатып қалған қайыстың шешілетін түрі жоқ. Жалма-жан әкем қынынан бәкісін алып ноқтаның түбіндегі тамақ бауын қиып жіберді де ноқтасын сыпырып алып қара атты шылбырмен сауырға тартып кеп жіберді. Тұра шапқан қара кер қозыкөш жер ұзап кеткен жылқыларға көзді ашып жұмғанша жетіп жылқылардың жанында да байыздап тұрмай, сайды құлдап басын тұқыртып алып әкемдер тұрған етекке қарай ағызып келіп, таяқ тастам жерде тұрып кісінеп әкемді шақырғандай болады. Әкем қолындағы ноқта жүгенін жанындағы серігіне ұстата салып қарсы алдында тұрған қара керге қарай жеңіл қимылдап адымдай басып асыға жүріп атының жанына келгенде бейне баласындай еркелеген қара ат басын изеп әкемді иіскелеп, әкемде қара кердің жал құйрығын сипап мойнынан құшақтап көп тұрды. Сырттарынан бағанадан қарап тұрған әкемнің серігі адаммен хайуанның арасындағы шынайы сүйіспеншілікке қайран қалып өз көзіне өзім сенбей еріксізден көңілім босап екі көзге жас келгенін өзімде байқамай қаппын.

Әй, жылқы малы есті ғой шіркін! - деп екі адамның басы қосылса осы сәтті айтып отыратын. Күн қызарып ұясына батар шақта әкеммен серігі екеуі бір атқа мінгесіп үйге келіп түсті. Әкемдер үйге түсісімен анамда



бір табақ етін әкеп ортаға қойды. Астан жеп отырып әкем анам мен серігіне атамның әр уақытта айтып отыратын бір сөзі есіне түсіп көңілінің аздап қобалжып тұрғанын айтып, әй мен қара кердің басындағы ноқтаны бекер-ақ қидым ғой. Әкем малдың басындағы бас жібін аяғындағы тұсамысына дейін лажы бар байлауын шешіп алындар әсте қимандар деуші еді. Соны ойлап көңілім аздап аласұрып тұрғаны деп өз ісіне өкінгендей нышан байқатып қара кердің тілеуін үстел басындағылар болып бірге тіледі. Күннің көзі жылынып жаз жайлауға шығар уақытта көштен бұрын барып жер жағдайымен малға да жанға да жайлы қоныс көздеп келген көрші ағамыздың есіктен үй ішіне өзінен бұрын сөзі енді. Төр алдында шынтақтап жатып таңғы шайды ішіп отырған әкем:

- Ой саған не болды сонша даурығып жарығым бәрі тыныш па?

- Сол тыныш болмай тұрғаны ағасы. Үстел басында отырған анаммен әкем екеуі де абыржып не болды айтшы жұмбақтамай? Үстел шетінде отырған көрші ағамыз шайдан бір сораптап ұрттады да күні кеше жайлауға барып қайтар жолда арасанның асуында сіздің қара аттың жемтігін көрдім. Арасанның аюлары алып ұрған сияқты. Әкемде үн жоқ, өз-өзін кінәлағандай күбірлеп сөйлеп сыртқа шығып кетті. Қолтума ыстық болады деуші еді.

Жаздың соңғы айларының біріне түспа-түс келген айт мерекесі болуы керек, біз жыл да айттың бірінші күні айт намазынан кейін әжем отырған үлкен үйге бару біз үшін қалыпты жағдай себебі ол үй біздің әулеттің қасиетті қара шаңырағы, бір атадан тараған ауылдағы бес-алты үйіміз үшін темірқазық іспеттес болған.

Ертесі күн шыға салысымен әкем далаға бекітіп қойған Қаракерімен арбасын әзірлей бастайтын, енді бұл да біз үшін қалыпты жағдай үйткені әр жыл сайын екінші айт та менің нағашымның, әкемнің қайын жұртының, анамның төркініне баруы да үйреншікті жағдай болатын. Таңғы асымызды ішер-ішпестен баратын жерімізге асығатынбыз, әрине асығудың жөні мен үшін аса мейірімді нағашы атам мен нағашы апмның аялы алақаны мен ыстық ықластарымен қоса тәтті-дәмділері жаныма шуақ силайтын.

Екі ауылдың арасы асыра айтқанда 20 шақырым әйтпесе оданда бері болуы мүмкін, үй-ішімізбен арбаның үстінде отырмыз. Әкем Қаракерге бір қамшы салмастан ғана шылбырды бірде тартып, бірде жіберіп құйқылжытып отыр, қаракердің кекілін жел есіп жеңіл машиналар сияқты зымырап алдына атты кісімен арба салмай ауыл орталығына енді кіре бергеніміз сол екен. Бұрылмадан жолға қарай құлақтары ербеңдеген қос есек аяқтағы тұсамысмен аяңдай басып жол жиегіне қарай беттеп келеді.



Бұны көрген Қаракер құлағын қайшылап бар пәрмені мен жанұшырып асфальт жолдан қатар жатқан бірақ бағыты басқа қара жолға қарай ала қашып қозы көштей жүрген соң әкем дізгінді тартпастан атына ерік беріп абыржымастан артына бажайлап қараса 1-2 шақырымды артқа тастап-пыз ,енді ғана аттың басын іркіп кері бұрды да торбы көп тарамдалған ауыл жолының тағы біріне түсті.

- Ой, Сәкен көрдің бе? Менің Қаракерім қандай қасиетті жануар десеңші сасық көлшіктен су ішіп, оған аунап маңайындағы қоқыр қоқсықтың бәрін жей беретін күші адал болғанымен сүті арам есек дейтін хайуаннан безінгенін өз көзіңмен көрдің ғой. Бұл енді жұмыр тұяқты хайуанның бәр- бәрінде бола бермейтін тектілік, малда иесіне тартады - деп анама қалжыңдап, қарқылдап күліп зулап барады.

Міне содан бері неше жаз, неше қыс өтті. Бір уақыт өткен күнге үнілсем Қара ат та, әкем де, бәрі де көрген түстей көз алдымнан өте шыққан сияқты. Әкеге деген сағыныш бір сәтке басылар емес, шіркін!

Қара атын қарашығындай көретін әкем еске оралғанда қос жанарға тұшшы судың көмек дәмі келе береді.

Қайран менің қара нарым- ай!

Сіз нағыз дала философысыз.



## ӘДІЛЕТ АХМЕТҰЛЫ

*Ақын, М.О. Әуезов атындағы  
Әдебиет және өнер институтының  
ғылыми қызметкері*



# ҒАСЫРДАН СОҢ ҚАУЫШҚАН ҰРПАҚТАР

*(Терістіктегі құлазыған ауылдардағы отаншыл қандастар)*

2022 жылы 7 маусым. Ұшқан құстың қанаты талатын ұшы-қиырсыз қазақтың сары даласы – Сарыарқаның жер теңізін көктей өтіп тұлғасы шағын, еңсесі ықшам, салмағы ауырлау, бірақ жүрісі елпек сары көлік жүйткіп келеді. Көліктің ішінде үлкенді-кішілі жеті қазақ бар. Иә, олар бұл күнде Қазақстанның өз қазағы. Көліктегі екі бала Қазақ елінің төлтумасы. Жеті жастағы бала Өскеменнің шығысындағы Алтай (бұрынғы Зырян қаласы) қаласында туған Елдес. Төрт жастағы бала Алматыда туған Айсұлтан. Бұл екеуінің әке-шешесі арғы беттегі яғни Қытай халық республикасы территориясы саналатын өр Алтайда туып өсіп, Қытай астанасы Бейжіңнен білім алып, кейін Қазақ еліне келіп шаңырағын тіктеген Әділет пен Қамия. Өзге үш адам – жүйрік сары көліктің тізгіншісі Озат, жұбайы Алма және осы сапарға жол бастаушы Хапура апай. Барар жер – Елордадан Көкшетау, онан ары қарай бүгінгі таңда Солтүстік Қазақстан облысына қарайтын қиыр шеттегі ауыл – Тихоокеанское яғни Тынық мұхит ауылы. Алматы қаласынан 1800 шақырым шалғайдағы осы бір жіміле жұртқа мәлім де беймәлім ауылға жеті жүргіншіні ат арытып, тон тоздырып осыншама жыраққа жол тартқызған не күш еді? Мұны білу үшін бір ғасыр шегініс жасап тарих қойнауына үңілу керек болады.

# АЛТАЙДЫҢ КҮНГЕЙІ МЕН ТЕРІСКЕЙІ

1912 жыл. Шығыстағы көршіміз Қытай елі дәл сол жылы өздерін 360 жыл билеген Чиң (Цинь) патшалығының (династиялық империя) өктемдігінен құтылып, партиялық үкіметтер басқаратын республика құруға қамданып жатқан кез еді. Осыған дейін, атап айтқанда, Абылай хан тұсында Ер Жәнібек батырдың көш бастауымен, Шығыстағы Жоңғарлардан босаған Өр Алтайға Ертіс бойын өрлей көшіп, 1750 жылдан 1910 жылға дейін бір жарым ғасыр бойы Алтай тауының күнгейі мен теріскейін емін-еркін жайлап, қыстап, қоныс тепкен қазақтар Чин патшасына бірнеше жылда салық тапсырып тұрғаны болмаса толыққанды бодан емес еді. XIII ғасырда Қазақ хандығынан яғни хан ордасы Түркістаннан тым жырақтап кеткен, Алтайдағы Абақ керей елі Әбілпейіз ханның ең кіші баласы бесіктегі Көгедайды сұрап алады. Арада он төрт жыл өткенде ат жалын тартып мінген Көгедай Чин астанасы Бейжіңге барып, көк тас ұстап, Алтайдағы елдің ханы (төресі) болады. «Төресіз ел, төбесіз жер болмайды» ұстанымындағы Алаш баласы енді осы төреге көмекші ретінде төрт би сайлайды. Екі ғасырға жуық Алтайдың екі бетін автономиялық республика деңгейінде басқарған, қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған, «Төрт би – төре» заманы осы еді. Теріскейі бүгінгі Моңғолияға қараған, күнгейі бүгінгі Қытайға қараған айбатты Алтайдың екі бөктерінде Қазақ хандығының шығыс терістік бөлегіндегі сақтардан қалған сары майдай сақталған сарқыт салтпен сайын далада салдық ғұмыр кешіп жататын. Ол кезде бүгінгі Моңғол елі де Чин еліне салықтық тұрғыда ғана бағынышты болатын.

1912 жылдары біздің ауыл Алтайдың күнге бетіндегі Бурылтоғай ауданының асқар тау, адырлы алқабында қыс қыстау, жаз жайлау көшіп қонып жүреді екен. Бұл атап айтқанда, жоғарыдағы «Төрт би - төренің» соңғы жылдарына тура келеді. Қытайдың сол тұстағы уақыттық үкіметтері өздерінен бұрынғы Чин империясының заңдары мен келісімдерін мойындамай, шегералық аймақтардағы қазақтарды толықтай боданы ретінде қарап, қысым көрсете бастайды. Осы қысым жалғаса келе, қазақтың талай боздақтарының басын алып, толарсақтан қан кешкен соғыстарға ұласқаны жалпақ жұртқа мәлім. Біз әңгімеміздің әредігінде қажет кезінде болмаса, Алтайды арпалысқа түсірген елдердің талас-тартысқа толы саясаттарын жіпке тізген маржандай етіп жазып отырмаймыз.

Сонымен, біздің ауыл Алтай оңтүстік етегінде Ертіс бойында отырады. Біздің үй Абақ керейдің ерекше өскен елі Жәнтекей руының бір бұтағы саналатын Боқай деген шағын рудың қара шаңырағы еді. Сол 1912 жылдары шаңырақты ұстап отырған кісінің аты Жуақан Данжынұлы деген кісі менің ұлы атам еді. Жуақаннан сегіз қыз, Қалел атты бір ұл болады. Жуақан сегіз қызын түгелдей ұзатқаннан кейін, тұтқиылдан бәйбішесі қайтыс болады. Ағайын-туған жиналып, Жуекеңе ақыл салыпты. «Бәйбішенің жылы толысымен жақсы ауылдың бірінен жар болатын адам қарастырайық. Жеті жастағы ұлың екеуің Боқайдың қара шаңырағында қаңырап қалай отырасыңдар?» дейді ғой. Сонда Жуақан марқұм: «Екі жастың біріне келгенде енді біреуге күнім түспесін. Жас өседі, жарлы байыды. Қалелімнің қызығын көремін», - деп, өзінің сегіз қызының бірі Болқышбайды ұзатқан Бақанбай ауылына барады. Болқышбай дегені көп қыздың бірі болған соң ырымдап ұл балаға ұқсатып қойған есім немесе еркелетіп «байды» қосып атаса керек. Ал, ол кісінің атын ұзатылып барған ауылының ұрпақтары Бошан апа дейтінін кейін білдік. Осылайша Бақанбай құдасына салмақ сала барған Жуақанның жолы болады. Бойжетіп қалған бірнеше қызының ішінен он үш жасқа енді келген Қазине атты қызын Жуақанның ұлы Қалелге беруге екі жақ уағдаласады. Бәйбішенің жылы өткен соң сегіз жастағы Қалелін ашамайға

мінгізіп, рулы елдің келін алуға аттанған тойшыл тобы теріскей беттегі яғни бүгінгі Моңғолияның Баянөлгий аймағының әлдебір жайлауында отырған Бақанбай ауылына барып, жас келін Қазинені ұзатып алып келеді.

Қазине күнгей Алтайдағы елге яғни біздің рудың да әулеттің де шаңырағы болған Жуақанның үйіне құтты келін болады. Жас болса да құрбы-құрдастарына бас болып, өзінің білімі мен іскерлігінің, көргенділігі мен тектілігінің арқасында жат жұртқа сыйымды ақ келін атанады. Әлі ойын баласы болып жүрген күйеуі Қалелді де әлпештеп, атасы Жуақанды да туған әкесіндей құрметтеп бағады. Үлкендердің алғысын, ауыл үйдің ықыласын алады.

Сол анамыз Қазине Бақанбайқызы 2003 жылы ҚХР Алтай аймағы Бурылтоғай ауданы Қарамағай ауылы, Таңбалы қыстағында 102 жасқа келіп қайтыс болды. 1901 жылы Алтайдың теріскей бетінде, бүгінгі Моңғолия жағында туып, он үш жылын Алтайдың теріскейінде, қалған тоқсан жылға жуық ғұмырын Алтайдың күнгей бетінде рулы елдің шаңырағында, күллі ауылдың сыйлы адамы болып өткізді. Қытайда жарты ғасырдан артық уақыт жүрілген Алтай бетіндегі атышулы соғыстардың бәрін басынан өткізді ғасыр жасаған аяулы анамыз. Өзі болжалы келіп, ұшықтаған адамы жазылатын аузы дуалы кісі болды. Рухы өр, еңсесі тік, сөзі мірдің оғындай айбатты адам еді. Ауылдағы үлкен -кішінің бәрі сол әжемізден именетін. Біздің үйден кісі аяғы үзілмейтін. Үлкен шаңырақ болғасын да алыстан ат терлетіп келушілер көп болатын. Желілеп құлын байлаған, шұбыртып жылқы айдаған ел едік. Алалы жылқы, ақтылы қойдың, келелі түйенің, сүті мол сиырдың отаны еді біздің ауыл. Алтайдағы Бәкенқоныс деп аталатын жайлауда киіз үйдің іргесіндегі тең-тең қара ала қаптың ішіндегі кепкен құрттың иісі алыстан аңқып тұратын. Керегенің сағанағында қарын-қарын сары май, кебеженің ішіндегі жыл бұрынғы соғымнан қалған шайырланған сүрінің дәмі, кезқұйрықтар ала қашатын өредегі жас құрттар мен қызыл ірімшік, ақ ірімшіктер, саба-саба іркіттер, жер ошақ жақтағы атанға артып әкелген қош иісі мұрын жарған қарағайдың жаңқа отындары, үй іргесінен ағып жатқан саумал бұлақтар бәрі де мынау жалған дүниедегі ұжымақтың көрінісі іспетті еді. Иә, ол бір сартап болған сағынышқа айналған қайталанбас ұлы да рухты тап-таза өмір еді. Өткен күнді бұлай еске алып отыра берсек, оқырманның да сабырын тауысып алармыз. Енді сол Қазине анамыздың төркіні жайлы айталық.



Әжеміз Қазине Бақанбайқызы «Төркіні жақынның төсегі жиылмас» деп, өз ауылымыздағы бір бел асып ұзатылып келген, іс-әрекеті сылбырлау келіншектерді сындап отыратын. Өзінің төркініне жетпіс жыл бойы бармағанын да айтып отырушы еді. Есейгенде үлкендерден естіп білдік. Анамыз он үш жасында ұзатылып келгеннен кейін, жиырма жасында тұңғышын босаныпты. Ол кезде ойын баласы болған күйеуі де ержетіп қалды емес пе. Шамамен 1920-1921 жылдары тұңғыш қызын алып, түркініне барып қайтыпты. Сонан кейін ел екіге бөлінеді. Атап айтқанда, бүгінгі Моңғолия 1921 жылы Қытайдан толықтай ажырап, дербес ел болады. Ал, Өр Алтай бұған дейін Чин патшалығына салық тапсырып келген болса, сол жылдардан бастап ресми түрде Қытай қарастылығына өтеді. Осылайша адамзаттың ұлы бесігінің бірі, Ұлы түрік жұртының асқақ отаны Алтай таулары төрт елге – Ресей, Қытай, Моңғолия және Қазақстанға бөлініп қалады. Алтай қазақтарының осы төрт елде де туыстары болатыны да осыдан. Әсіресе, өткен ғасыр басында Алтай қазақтарының тағдыры осы төрт ел арасында талқыға салынды. Алтай – арысы тұтас түріктің, берісі қазақтың төл бесігі еді. Бұл Жер қасиетті, киелі болмаса, асты үсті алтынға толмаса, төрт империя таласар ма еді?! Оны мекендеген халық ғасырлар бойы қызыл қырғынға ұшырар ма еді?! «Ағажай Алтайдай жер қайда-ай»!!!

Қазине апам атқа мініп төркіншілегенде, алдына алып барған тұңғышы Тамаша Қалелқызы еді. Сол қыз да өз ортасына сыйлы, аяулы ана болды. Анасынан да артығырақ ғұмыр кешіп, биыл 2022 жылы көктемде 104 жасқа келіп о дүниеге аттанды. Ұзатылып барған әулеті де бақ қонған, өсіп-өнген әулет болды. Бүгінгі таңда Тамашадан туған ұрпақтардың алды шал-кемпір болды. Біздің үй нағашы жұрты болғандықтан олар біздің ауылмен жиі қарым-қатнаста. Бүгінгі таңда Алтайдың Бурылтоғай ауданы, Көкағаш ауылы қатарлы жерлерде ұрпақтары өсіп-өнуде. Тамаша апайымызды бүкіл төңірек Тамай дейтін. Ал, біз ол кісіні «Бесік аға» деп атайтынбыз. «Бесік ағам» туралы биыл көктемде ол кісі қайтыс болғанда «Менің ғасыр жасаған Бесік ағам» атты жазба жариялаған едім.

Апам Қазине марқұмның тұңғышы Тамайдан кейін де оншақты баласы бар. Ақжігіт Қалелұлы биыл сексен үште. Бурылтоғай ауданында тұрады. Ол кісі де ұрпақты адам. Шешесі секілді шежіреші, құймақұлақ адам. Ақжігіт ақсақал Бурылтоғайда ұзақ жыл банк са-



ласында қызметте болып, өз ортасының сыйлы ағасы атанды. Біз іздеп жазып жүрген бұраң да бұлаң тарихтың көбін сол Ақжігіт ағамнан және апам Қазине марқұмнан естіп білгеніміз еді.

Ақжігіттен кейін менің әкем Ақымет Қалелұлы. Бүгінде жетпіс үшке келді. Арғы бет Алтайда туған жерімізде жоғарыда атап өткен Боқайдың қара шаңырағында. Әкем қайсар, қажырлы, кемсөзді, бірақ білері көп, еңсегей бойлы, ер мінезді кісі. Әжемнен туған басқа да бірталай ұрпақтары бар. Атамыз Қалел сол Қазине анамыздан кейін Иқан Қабылқызы атты кіші жарымен бас құраған. Екі анамыз да үлкен шаңырақтың түтінін түзу ұшырып, ұл-қыздарын өнегелі етіп өсіріпті. Екеуі де жалған ғұмырда шай деспей өтіпті. Тіпті, бір қызығы, туған балаларын да ауыс-күйіс бағыпты да, бүгінгі ұрпақтар қайсысы бәйбішеден, қайсысы тоқалдан туғанын білмей жүр. Ол да бұрынғыларда болатын сұңғылалық, ұлылық, кісілік еді. Жайлары жаннаттан болғыр ғазиз аналарымызға қарыздармыз. Бір қызығы, анамыз Қазине жастау кезінде өзінің күйеуі Қалелге кішілікке Иқанды алып беруге өзі бастап әрекет жасаған екен: «Мына үлкен әулетке бір келін аздық етеді, сіңілімдей болып осы үйдің түтінін түзу ұшыруға жәрдемдеседі» деп Иқанды алғызған дейді үлкендер. Бұл деректер туралы да «Апам білетін Алтай әңгімелері» атты желілес жазбамда жазған едім.

Қымбатты әжеміз Қазине Бақанбайқызы 1921 жылдан кейін ғұмырының соңына дейін төркінне екінші рет барған жоқ. Себебі, екі ел шекара арқылы бөлініп қалды. алтай бетін он бес жыл дүркіреткен атақты Ошың (Оспан) батырдың ел қорғау шайқастарынан кейін Қытай елі де кештетіп ес жиды. Кейін, Қытайдың жер-жерінде апалаң-төпелең айғай-шумен, социалистік құрылыс күрестері, «Мәдениет зор төңкерісі» секілді саяси ұрандар астында елдің есі кетіп, жаны шықты. Ол кезде шетелде қалған төркінді іздегенді қойып, бұрқасын жылдардан ұрпақты аман өткізудің өзі ауыр сын болды. Қытай елі 1978 жылдан бастап «Реформа жасап, есік аша бастады». Сонан бастап, шетел асып кеткен туыстар мен шетелде шекара шегенделгенде қалып қойған ағайында бір-бірін іздей бастады.

Біздің туыстарымыз да сол есіл анамыздың арқасында 1990 жылдары Моңғолия жақ Алтайда қалған туыстардың дыбысын естіп, сыбысын біле бастады. Апам марқұм Жақып деген бір ағасы, Рақыпбай деген бір інісі қалғанын айтып отыратын. Сол дерек-

тер негізінде Өр Алтайдың жонына шығып екі жақтың малшылары айғайсалым жерде бір-бірін көріп жүріп, тор темірдің екі бетіндегі ағайын ақырын-ақырын жіп ұшын тауып іздесе бастайды. 1992 жылы Рақыпбай Бақанбайұлының бір баласы Құмар деген нағашымыз Қызылтау деп аталатын шекаралық аймаққа келіп, апаммен кездеспекші болады. Қытай мемлекетінде шетелге шығатын төлқұжат жасату теңізден тебен тапқандай қиын шаруа. Онсыз да қиыр Алтайда жатқан қазақтар ондай құжаттың бары мен жоғына ол жылдары қатты мән беріп жатпайтын. Сонымен, апамыз шекарадан өтіп төркіннен келген жақындарына кездесуі мүмкін болмайды. Сол жылы тоқсанға келген апамыз ұлы Ақыметті – менің әкемді Қызылтауға жібереді. Әкем де арғы бетке өте алмағанымен, әйтеуір Құмар нағашысы алып келген сәлемдемені алып үйге келеді. Сонда апамның төркіні он жасында ұзатылған қыздың тоқсанға келген жасында күміс ер, тері мәсі және арнайы қолмен тігіп кимешек беріп жіберіпті. Қандай ғажап салт десеңізші. Мен 1992-1994 жылдардан бастап аяулы апамның үнемі киіп жүрген кимешегін білемін. Аз ғана әшекейі бар, қарапайым кимешектің сыртынан ақ шылауыш тартқан апамның әжім толы мейірім төгіліп тұратын жүзі күні бүгін көз алдымда.

Әжем Қазине жарықтық 1995 жылдарға дейін яғни 94 жасына дейін атқа мініп, Алтайдың ұшпа тауларын жағалай тарих ізімен сызылған көш жолдарда түйе жетелеп, көш бастап жүрді. Ғазиз аналардың нағыз үлгісі еді жарықтық. Өмірінде талай жақынның қиын қырғын жылдардар балаларын асырап алды. Ағайын ара жақындық үшін бірнеше баласын жақын әулеттегі замандас абысындарының бауырына да салып берген. Айта кетсек, атақты «Әліп шабылған» атты тарихи қасіретті оқиғадан кейін, Аәківстанға қарай Гималай асып көш бастаған Елісқан батырдың көшінің ішінде өзінен туған бір бала кеткенін кейін анықтадық. Ол туралы мен 2019 жылы Стамбулға барған сапарымда «Жүз жылдан кейінгі жүздесу» атты мақала жазғанмын. Аталған мақала «Туған тіл» журналына және «Қамшы» сайтында оқырманмен жүздескен еді.

Мен апамның бірнеше ұлының ішінде қара шаңырақта отырған Ақымет атты баласының кенжесімін. Апамның асып-тасып жатқан мейірінің құдіреті соншалық, өзінің балаларынан сырт, немерелерінің көпшілігі сол кісіге тәуелді болып кетті. Атамыз Қалел 1985 жылы қайтыс болыпты. Қалелдің екінші жары Иқан да өзінен бірнеше жыл бұрын дүниеден өтіпті. 1985 жылдан 2003 жылға дейін апам



жарықтық әулеттің үлкені, ақсақалы болды. Атамды көрмеген менің өзім «Апам баласымынмен» ержеттім.

Қазақ тарихына қарап отырсақ, әсіресе өткен ғасыр басындағы Алаш орда көшбасшыларының көбі «атасының» немесе «apasының (әжесінің)» балалары еді. «Апасының баласы» болғандар туысшыл, елшіл, мекеншіл, тіпті ұлтшыл келетін сияқты. Бала кезімнен әңгіме мен тарихи деректерге құмар болып өстім. Апам жарықтық халықтық жырларды төгілтіп айтып отыратын. Небір ғажап сөз меруреттері апамның аузынан төгілетін. Балаларына және көрші қолаңға ұрсып сөйлеген сөздерінің өздерінде қазақтың небір мақалдары, сөз маржандары төгілуші еді. Есте қалғандарын жазып та жүрмін.

Мінеки, осылайша, «Апа баласы» болған адамның өрісі де кең, ойламы да ұзақтау болатын сияқты. Яғни, өзгелер бір нағашысын жағаласа, апа балалары әкесінің де нағашысын жақын тартып тұрады. Сонымен, қолға қалам алып, қыртысты өлкенің, қасиетті жердің, қоңырқай белдің, көгілдің көлдің тарихына үңіліп жүрген азамат ретінде, анамды, асыл әжемді кеңсірігім ашып отырып сағынған әрбір минуттарымда, сексен жыл бойы төркініне бармаған ғазиз анамның өскен елі туралы білу және апамның төркінін тауып арадағы туыстықтың үзіліп бара жатқан жібін жалғау көкейімде жүретін бір үлкен борышым еді. Мен ол кісілерді Моңғолияда деп ойлайтынмын. Енді сүйікті әжемнің төркінін тапқанымның өзі бір қызықты хикая.

*(Жалғасы журналдың келесі санында...)*





**Qasym-Jomart Kemelūly Toqaeu**

## BIZ TILIMIZDIŃ MÄRTEBESIN ARTTYRATYN GRAFIKANY ĞANA QABYLDAIMYZ

Ūlttyq qūryltai qoғamdaғы өзara tūsınstık pen kelisimniñ simvolyna ainaluy kerek. Bir el bolyp jūmysaq qana, barlyq kedergilerdi eñseremiz, ösip-örkendeimiz. Bızdı ūlt retinde ūiystyratyn qūndylyqtardy közdñ qaraşyğyndai saqtau asa mañyzdy. Memlekettik rāmızderimizge, ana tilimizge degen qūrmet ärqaşan joғary boluға tiis. Qazaq tiline qatysty alañdaşylyq eldegi jaғdaidy dūrys tūsınbegennen tuyndap otyr. Şyn mäninde, būrynғы ahual men qazırgı kezeñdi mülde salystyruға kelmeidi. Memlekettik tildñ tūғыry kün ötken saiyn nyғaiyp keledi. Oған qosa, әlemniñ basty aqqarat qūraldary qazaqşa

сығып жатыр. Жақында әйгілі «APPLE» компаниясы қазақ тілін iOS-тың тilder jүйесине qosty. Әлемнің 40 тилінде тарайтын «NICKELODEON» telearnasy қазақша көрсетіле bastady. Jastardyñ bastamasymen «NATIONAL GEOGRAPHIC» jurnaly 6 jyldan berі ana тилімізде jaryq көруде. Osyndai көптеген jaғымdy jañalyqtar bar. Бірақ, бұл jetkilikti emes. Sondyqtan, qatty alañdauға negіз joq dep oilaimyn. Desek te, osy saladaғы jümьsymьzdy dañғaza jasamai, tabandylyqpen жүргізуіміз qajet. Qazaq memleketi aman тұрғанда, qazaq тили jasai beredi. Бұған ешқандай күмән болмауы керек. Біздің elde ұлтyna, тиліне bola ешбір azamattyñ қуқы шектелмеуге тиіс. Әйтпесе, қоғамда janjal tuuy мүмкін. El ішине ырткі түскенін qalaityндar osyny tilep otyr. Sondyqtan, тил мәселесі бойынша бәріміз ұстамдылық танытуымыз керек деп oilaimyn. Әйтпесе, бұл сырт көзге ұлтымыздың өз болашағына degen сенімсіздігі, тipti, әлсіздігі сияқты көрінеді. Barшамыз tilge құрметімізді құр sözben emes, naқты іспен көрсетуіміз керек. Әсіре radikaldыq іs-шарalarға, mysaly, тил patrүlderіне jol bermeuіміз qajet. Olar – naғыз arandatuşylar, өзge elderdіñ мүддесіне qызmet etedi.

Ғылым, оқу-ағарту jүйесінде маңызды өзгерістер, тipti auqымdy reformalar керек. Qazaq тили ғылымның, техниканың, бизнестің тили болуyna üles qosaiyq. Tilge bailanysty тағы бір маңызды мәселе. Бұл – латын әліпбиіне көшу туралы. Keбір қоғам өкілдері бұл әлі күнге дейін kirilisadan aryla almai jatyрмыз деп, alañdaушылық bildirude. Бірақ, ең aldymen, бұл lingvistikalыq тұрғыдан öte күрделі мәселе. Osyny jaqsy түсінген jөн. Бұған дейін бұл 2 ret латын grafikasyna көшуге тырстық. Alaida, соңы сәтті болған жоқ. Sondyqtan, бұл мәселеге jan-jaқты, tereñ talдаu jасap барып, түбеgeilі шешім qabyлдаған abzal.

Kirilisadan латын әліпбиіне jасandy түрде, tek säikes әріптерді өзгертү арқылы көшуге болмаиды. Әйтпесе, бұл үлкен қателікке апарып соғady. Ең bastysy, azamattar, әсіресе, jastaryмыз qazaq тиліндегі барлық sözдердiñ латын grafikasындағы jazylу тәртiбiн anyq билу керек. Іағни, тилімізге арналған orfografialыq qaғidalardy qaita qараған jөн. Mysaly, kirilisa grafikasындағы qazaq тилінің төл sözдерінде «y» әрпі жиі kezdesedi. Osy әріпті mehanikalыq түрде латын grafikasyna көшirse, aғылшын тиліндегі «Y» әрпі әрбір тиісті sözde paida bolady. Бұл – дүрыс emes. Бізге және түркіtildes bauырларымызға «Y» әрпі жиі kezdesetin sözдерді оқу қиынға соғady. Mysaly, «тынұстық» («тыныштық») degen sözді aлып qараңыздар, үш «Y» әрпі paida boldy. Sözдің özi көзге jaғымсыз көрінеді. Osyndai mysaldar öte көп. Mine, sol sebepti, men Tил bilimі институтyna qazaq тилінің jaña orfografiasy туралы арнайы еңбек



әзірлеуді тасырдым. Содан кейін ғана латын әліпбиіне ауысу жөнінде айтуға болды. Асығыстыққа жол бермеуіміз керек. Тіпті, көшедегі билбордтар мен министрліктердің атауына қарасақ та жеткілікті. Тіліміз бүрмәленіп кетті. Асығын айту керек, бұл қазақ тілінің табиғатына жат, тіпті, тілімізді мазалық қылу сияқты көрінді. Мұндай үстірт жасалған тіл реформасының қажеті жоқ. Бізге нақты реформа керек. Тіл – ұлтың жаны. Оған немқұрайлы қарауға мүлде болмайды. Сондықтан, біз тіліміздің мәртебесін арттыратын графиканы ғана қабылдаймыз.

*(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың  
Ұлттық құрылтайдың I отырысында сөйлеген сөзімен.  
Ұлытау облысы, 2022-жылғы 16-маусым)*





ERDEN QAJYBEK

*«Qazaq tılı» Halyqaralyq akademiasynyñ prezidenti, QR ŪǴA kor. müşesi, filologia ğylymdarynyñ doktory, profesor*

## BIR-EKI AIDA-AQ LATYN ÄLİPBİİNE KÖŞUGE ÄBDEN BOLADY

Jalpy alǵanda, jürtşylyq kiril, iaǵni orys älipbiine üirenip ketken. Biraq bız mañyzdy bır mäselege köñil bölmei kelemız. Ol - sauatty, qate jibermei jazu mäselesi. Al, qazırgı gazet-jurnaldardy alsañyz, orfografialyq normalardyñ saqtalmauy, qateler degen örip jür - ony moyyndau kerek. Mysaly, «Aiqyn» şekara dep jazsa, «Egemen» şegara dep jazady. Osy syndy qateler öte köp. Bızdñ memlekettegi klasikalyq ülken basylymdar osyndai qatelikterdi jiberedi, tıptı, är jurnalistiñ özındık jazu prinsipteri bar. Ğylym bekıtken erejeler bölek, al är aqynnyñ , är jurnalistiñ , är jazuşynyñ jazu tılı müldem bölek. Bül dürys emes, belgili bır jüie qalyptasu kerek, birdei orfografialyq norma boluy tis jäne ol saqtaluy şart. Bül - öte ülken mäsele.

Orfografiaga da, orfoepiaga da sauatty bükıl adamdardy qürtyp,



joғary jaqtan kirilisany būiryqpen küştep engızgen bolatyn. Qazaq tiline eş qatysy joq, bızdıñ tabiğatymyzğa jat äripterdı kırğize saldy. Sol bir orys älipbiiniñ negızinde qazaq tılı älipbiiniñ 20-30 şaqty nūsqasyn jasap berdi. Mysaly, bız başqūrtpen, noğailarmen söileskende tilmızde eşqandai da aiyrmaşylyq joq, bir-birimızdı oñai tūsınise alamyz, biraq bir-birimızdıñ kıtaptarymyzdy oqi almaimyz. Sebebi, bızdıñ älipbi orys älipbi negızinde jasalğan. Qazaq tilinde bir ğana dybysty beretin äriptir kirilisada eki-üş tañbamen tañbalanady.

Kezinde бүкіл halyq bir älipbidı qoldanatyn, ol – töte jazu, iaғni arab älipbiiniñ negızinde jasalğan. Ony bızde eñ alğaş qūrastyрған Ahmet Baitürsynüly bolatyn. Ärine, bırşama üsaq-tüiek aiyrmaşylyqtar boldy özge tilderden. Бүкіл түркі halyqtarynyñ ışinde älipbidıñ eñ yñğailysy, eñ qolailysy qazaqtarda bolatyn. Keinnen latyn älipbiine köştik. Sol kezeñ de latyn älipbiine köşudı eñ alğaş äzerbaijan men qazaq halqynyñ zialylary bastağan. Bül - Türkianyñ inisiativasy emes. Бүкіл түркі halyqtar jinalyp, Bakude ülken konferensia ötkızıp, latyn älipbiine köşudı dauysqa salyp, sol jerde şeşim qabyldağan. Sodan keiñ Türkia halqy bauyrlarymyzdan aiyrlymaiyp dep, olar da latynğa köşken. Al, bızdı 10 jyldan keiñ kirilisağa audaryp jiberdi. Qazır halyq kirilisağa etı üirenip ketkenmen, bül älipbi мүлde qolailiy emes. Qazaq halqy, äsirese, jastary qazaq tilinde bir mätindı oqysa, aksentpen oqidy. Sonymen qatar, artyq tañbalar öte köp. Mysaly, qazaq mätininde orys tilindegi söz kezdesse, ony orysşada qalai jazu kerek, дәл solai jazamyz, oqylu normasyna sai oqımyz. Al, qazaqtyñ sözderı olai aituğa kelmeidi. Osydan baryp aitylu artikuliasiasy, qazaq äripteriñ dybystaluy büzylady. Sondyqtan da bül - latyn älipbiine köşu emes, oğan qaitadan oralu.

Ol kezden beri bırşama uaqyt ötti. Sol zamanda latyn älipbiin jasaғanda бүкіл түркі halyqtary bir-birimen özara kelisimge kelip, ortaқ түрік älipbiin jasau мәsesin qozğağan және sonyñ negızinde jasalğan. Al qazırғы таңда ne sebepti latyn älipbiine köşu мәsesi көтерілip otyr? Sebebi, qazaq tılı - түркі tilderiniñ ışindegi eñ negızgısı, eñ bai tıl. Özimizdiñ bauyrlas eldermen tūsınise alatyn және bir-birimızdiñ jazğanymyzdy oqi alatyndai boluymyz kerek. Latyn älipbiin jasau - ğylymi problema emes, öte oñai qūbylys bolmaq. Tıl bilimі institutyna tapsyrma berildi, birneşe ülken monografialyq eñbekterdi zerttep, jaña älipbidı jasau qiyn jūmystar emes. Biraq, bız osy uaqytqa deiñ latyn älipbiine köşpei otyrдыq. Nege? Sebebi, qasymyzda ülken körşimiz otyr. Elimızdegi jağdailardy azdap retke keltirip, asyğystyq jasamai, ekonomikamyzdy biraz көтеріp baryp kolğa alu kerektigin tūsındık.

Jan-jaqty elimizdi nyǵaityp, halyqaralyq дәrejede ornymyzdy qadap belgilep alu qajet boldy. Mündai үlken keleli мәselede asyǵystyq jasauǵa bolmaidy.

Үsynlyp jatqan әlіpbidіñ kemshılıǵın aitatyn täuelsіз sarapşy kerek. Ahmet Baitürsynүlynyñ erejelerin negızge alyp, «Qazaq tılı» akademiasyn qūryp, talqylau üiymdastyrdyq. Baiqasañyz, «i», «u» degen dybysty әlіpbige engize salu talpynysy bar. Bұл joǵary jaqtaǵy şeneunikterdiñ yqpaly.

Qazaqtyñ latyn әlіpbіne negızdelgen qazaq jaña jazuy daiyn bolǵanyna 30 jyl boldy және ony jañadan oilaudyñ eş kereǵı joq. Daiyn, jap-jaqsy әlіpbі. 2016 jyly institut direktorlyǵyna kelgenimde jaryq körgen qanşama monografia, maqala sol bır әlіpbі töñireginde jazylǵan. Bұл iske saiasat aralasyp ketti. Keibir ğalym basqaşa pikir aitsa, qūlaǵyna joǵary jaqtan sybyrlap ketedi. Şyn mäninde, naǵyz ğalymdardyñ pikirі eşqaşan özgermeidi. Sebebi, bızge köp dybystyñ kereǵı joq.

«Orys sözderin qalai jazamyz? Qalai tañbalaimyz?» dep böten tañba engizǵısı keldi. Bızde kiril әlіpbіi bolǵan joq. Orys әlіpbіin berdi, paidalandyq. Oǵan qosymşa on şaqty tañbany qosty. Biraq mұny «qazaq әlіpbіi» dep aituǵa bolmaidy. Ol üşin qajet emes dybystardy şyǵaryp tastau kerek edi. Tañbasy artyq, böten dybysy köp әlіpbіdi paidalanyp жүrmіз. Taza qazaq tılı joq. Qazaq orys tilinde söyleidi. Qoiyrtpaq. Oǵan üirenip te kettik. Mүmkındıǵınşe, bızge tılımızdı jöndep alu kerek. Reforma sol üşin jasalynyp jatyr.

Latyn әlіpbіne qatysty naqty jobany qabyldamai jatyp, mekeme, joǵary oqu orny ataularyn latynşa jazyp tastauy halyqtyñ latynǵa köşudi qalap otyrǵанын көrsetedi. Orys tiliniñ yqpalyнан tezirek qūtylǵysy kep, jöni түzu әlіpbіdi күtip otyr. Olardy kınәlauǵa da bolmaidy. Halyq әlіpbіdiñ auysuyna daiyn.

Prezidentimiz Q.K. Toqaeв Qұryltaida «Әlіpbі dұrys bolu kerek және til tabiǵatyna sai bolu kerek. Keibir qoǵam ökilderi bız әli күнге deim kirilisadan aryla almai jatyrmyz dep, alañdauşylyq bildirude. Biraq, eñ aldymen, bұл lingvistikalыq түrǵydan öte күrdeli мәsele. Osyny jaqsy түsingen jön. Būǵan deim bız 2 ret latyn grafikasyna köşuge tyrystyq. Alaida, soñy sätti bolǵan joq. Sondyqtan, bұл мәselege jan-jaqty, tereñ taldaу jasap baryp, түbegeili şeşim qabyldaǵan abzal. Kirilisadan latyn әlіpbіne jasandy түrde, tek säikes әripterdі өзgertu arqyly köşuge bolmaidy. Äitpese, bұл үlken qatelikke aparyp soǵady», – dedi.

Әліпбиге билік араласпай, ғалымдардың пікірімен санасып қабылдansa жақсы. Егер ғалымдар нақты қолға алса, 1-2 айда да көшуге болady. Қанша дыбys bolsa, сонша таңба болу керек. Біз сондай қарапайым нәрсені істеі алмай отырмыз. Керісінше, бүған керек емес әріптерді кыргызып жатырмыз. Шенеуніктер «вектор» сөзін қалай жазамыз деп басы қатыпты. Қосымша 3-4 әріп енгізді. Тек қазақ әріптерінен тұратын әліпбиді бекіткен жағдайда ешқандай мәсеle болмаиды. Сондықтан біз өз позисiamыздан тайнбаймыз. Hалықтың обалына қалуға болмаиды. Тіліміз бүрмаланып, әліпби нағар bolsa, бүл үлкен қателікке әкеледі.



Bilim Innovations Group орталығының  
компьютер бөлімінде теріліп, беттелді.

КОРРЕКТОРЫ:  
Данагүл Асылжанова  
ТЕХНИКАЛЫҚ РЕДАКТОРЫ:  
Сания Баубек

Теруге жіберілген күні 25.07.2022 ж.  
Басуға қойылған күні 06.08.2022 ж.  
Шартты баспа табағы 13  
Пішімі 60x90 1/8  
Таралымы 100 дана

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:  
«Bilim Innovations Group» ЖШС  
Қазақстан Республикасы, Z05P6F8 (010017)  
Нұр-Сұлтан қ., Сарайшық көш., 36  
tugantil2019@mail.ru